Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында: «Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең адымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады», — деген еді. Ұлтымыздың мақтанышына айналған көрнекті өнер, білім, ғылым, әдебиет қайраткерлерінің өмірі мен өнерін жас ұрпаққа таныстыра отырып, өнеге ету арқылы отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу мүмкіндігі мол.

Көпұлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда жеке тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отыр. Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну жолында білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсау. Қазақстандық патриотизмді іске асыру көпұлтты Қазақстанда бірлік пен елдікті сақтай отырып, әлемдік өркениеттен орын алуға негізделген стратегиялық бағыт-бағдар болып табылады.

Сонымен, кемел келешек пен жарқын болашаққа жету үшін Елбасымыздың жүйелі саясатын ту етіп, тұрақтылығымыз бен бірлігімізді бекемдей түсу қазақ ұлтының айналасына топтасуға жеткізері анық. Сондықтан оқыту мен тәрбиелеуді ғылыми негізде жүргізе отырып, бүгінгі заман талабына сай жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, жан дүниесі бай жас ұрпақ тәрбиелеудің маңызы зор.

Әдебиет:

1. Тіл туралы толғаулар. – Алматы: Арыс, 2007. – 88 бет.
2. Қайдаров Ә. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытудың жолдары мен шаралары. – Алматы, 1990. – 44 б.
3. Ана тілі газеті /ҚР Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің баяндамасы, №30, 29 шілде – 4 тамыз 2010 жыл.
4. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы, 11 шілде 1997 жыл.

УДК 159.923

ОСОБЕННОСТИ ЦЕННОСТНО-СМЫСЛОВЫХ ОРИЕНТАЦИЙ ЛИЧНОСТИ В ЮНОШЕСКОМ ВОЗРАСТЕ

Айкинбаева Г.К., Телегенова Г.Т., Наурызбаева А.А., Халметова Ю.Ф.
(*ЕНУ им. Л.Н.Гумилева*)

Ценностные ориентации являются важнейшим компонентом структуры личности. Наряду с другими социально-психологическими образованиями они выполняют функции регуляторов поведения и проявляются во всех областях человеческой деятельности. Ценности носят двойственный характер: они социальные, поскольку исторически и культурно обусловлены, и индивидуальны, поскольку в них сосредоточен жизненный опыт конкретного субъекта. Социальные ценности определяются как некое данное, имеющее эмпирическое содержание значение, соотносимое с чем-то, являющимся объектом деятельности. Ценности конкретной личности формируются под влиянием социальной среды, особенностей тех социальных групп, в которые она входит.

Субъективная значимость для человека тех или иных ценностей может определяться разными источниками. В качестве основных таких источников на разных этапах развития науки назывались: божественный или природный разум, принцип удовольствия и инстинктивные биологические потребности, универсальный закон сохранения вида, этические нормы микро социального окружения и общества в целом, внутренняя психологическая природа человека.

Ценностные ориентации личности, связывающие её внутренний мир с окружающей действительностью, образуют сложную многоуровневую, иерархическую систему, занимая пограничное положение между мотивационно – потребностной сферой и системой личностных смыслов. Соответственно, ценностные ориентации личности выполняют двойственные функции. С одной стороны, система ценностных ориентаций выступает в качестве высшего контрольного органа регуляции всех побудителей активности человека, определяя приемлемые способы их реализации. С другой – в качестве внутреннего источника жизненных целей человека, выражая соответственно то, что является для него наиболее важным и обладает личностным смыслом. Система ценностных ориентаций, тем самым, является важнейшим психологическим органом саморазвития и личностного роста, определяя одновременно его направление и способы его осуществления.

Формирование и развитие систем личностных смыслов и ценностных ориентаций носит взаимосвязанный и взаимодействующий характер. Как справедливо

замечает Д.А.Леонтьев, «личностные ценности являются одновременно и источниками, и носителями значимых для человека смыслов».

Г.Е.Залесский связывает личностные ценности и смыслы через понятие «убеждение». Убеждение, являясь интегрирующим элементом механизма регуляции активности человека, представляет, по его мнению, «осознанные цели, субъективно готовые к реализации путём их использования в социально-ориентировочной деятельности». По словам Г.Е.Залесского, убеждениям присущи о одновременно и побуждающая, и когнитивная функции. Убеждение, выступая в качестве эталона, оценивает конкурирующие мотивы с точки зрения их соответствия содержания той ценности, которую оно призвано реализовать, и выбирает практический способ её практической реализации. Как пишет Г.Е.Залесский, «убеждение носит как бы двойной характер: принятые личностью социальные ценности «запускают» его, а будучи актуализированным, уже само убеждение вносит личностный смысл, пристрастность в реализацию усвоенной общественной ценности, участвует в актах выбора мотива, цели, поступка». При этом чем выше в субъективной иерархии находится убеждение, соответствующее той или иной ценности, тем более глубокий смысл придаётся его реализации, а следовательно, и выделенному с его участием мотиву.

Представление о системе ценностей личности как иерархии её убеждений получило распространение также в американской социальной психологии. Так, М.Рокич определяет ценности как «устойчивое убеждение в том, что определённый способ поведения или конечная цель существования предпочтительнее с личной или социальной точек зрения, чем противоположный или обратный способ поведения, либо конечная цель существования».

Психологической основой ценностно-смысловых ориентаций личности является многообразная структура потребностей, мотивов, интересов, целей, идеалов, убеждений, мировоззрения, участвующих в создании направленности личности, выражающих социально - детерминированные отношения личности к действительности.

По мнению большинства авторов, ценностно-смысловые ориентации, определяя центральную позицию личности, оказывают влияние на направленность и содержание социальной активности, общий подход к окружающему миру и самому себе, придают смысл и направление деятельности человека, определяют его поведение и поступки. Человек стремится обрести смысл и ощущает фрустрацию или экзистенциальный вакуум, если это стремление остаётся нереализованным.

Поскольку смысложизненные ориентации возникают не на пустом месте – их «созревание» подготавливается всем ходом предыдущего личностного развития, - целесообразно выделить и рассмотреть подготовительный период их становления, то есть период появления «личностного фундамента» смысложизненных ориентаций.

«Личностный фундамент» существенно обуславливает не только время и темп их развития, но и самое главное содержание и выбор жизненного пути формирующейся личности.

«Личностный фундамент» является совокупностью личностных свойств, взаимодействие которых создает основу, благоприятную психологическую почву для возникновения и развития смысложизненных ориентаций.

Ценностно-смысловые ориентации личности формируются и развиваются в процессе социализации. На различных этапах социализации их развитие неоднозначно и определяется факторами семейного и институализированного воспитания и обучения, профессиональной деятельностью, общественно-историческими условиями и в случае аномального развития личности таким фактором может выступать психотерапия (целенаправленное психологическое воздействие).

Психологическими механизмами формирования и развития ценностно-смысловых ориентаций выступают индивидуально - психологические особенности протекания психических процессов и прежде всего – мышления, памяти, эмоций и воли, существующие в форме интериоризации, идентификации и интернализации социальных ценностей.

Ценностно-смысловым ориентациям присущ динамический характер. Если их существование не поддерживается человеком, если они не создаются, не реализуются и не актуализируются, то они постепенно теряются. Принятие и освоение ценностей долгий и длительный процесс. Осознание ценностей порождает ценностные представления, а на основе ценностных представлений создаются ценностные ориентации, которые, в свою очередь, и представляют собой осознаваемую часть системы личностных смыслов.

По определению Л.С.Выготского юность по общему смыслу и основным закономерностям составляет начальное звено в цепи зрелых возрастов от 18 до 25 лет.

К концу юности, складываются основные компоненты личности – характер, общие и специальные способности, мировоззрение. Эти сложные компоненты формирующейся личности являются психологическими предпосылками вступления в самостоятельную, взрослую жизнь. В ряде исследований отмечается, что юношеский возраст сензитивен, очень благоприятен для формирования ценностно-смысловых ориентаций как устойчивого свойства личности, способствующего становлению мировоззрения. Отличительной особенностью возраста становится резкое усиление саморефлексии, т.е. стремления к самопознанию своей личности, к оценке её возможностей и способностей.

По мнению В.Франкла, вопросы о смысле жизни наиболее часты и особенно насущны в юности, при этом они никак не являются болезненным симптомом. Умение определить свои цели, найти своё место в жизни – важный показатель личностной зрелости в юношеском возрасте. Однако данного уровня развития достигает небольшой процент юношей.

Как уже было сказано, юношеский возраст – это период активного поиска именно оптимального смысла жизни, который осложняется тем парадоксальным обстоятельством, что выбор главной линии жизни приходится на ту пору, когда у человека еще мало жизненного опыта и знаний, а образовательный процесс в школе и Вузе явно недостаточно осуществляет личностную подготовку молодого человека к ответнейшему шагу – выбору «главной линии» своей жизни.

Оптимальный смысл жизни представляет собой генеральную линию жизни, задающую высокую планку активной жизнедеятельности человека, помогает ему не сломаться на крутых виражах судьбы, максимально использовать собственные резервы, направляя их на преобразование обстоятельств и собственной личности.

Период 18-23 лет И.С. Кон называет поздней юностью или началом взрослости. В этом возрасте большинство людей включаются в процесс трудовой деятельности. По мнению американских психологов П.Массена, Дж.Конгера, Дж.Кагана и Дж.Гивитца, в этом возрасте большинство людей имеют дело с выбором карьеры и супруга, намечают жизненные цели и начинают их осуществлять.

Ценностно-смысловые ориентации, как устойчивые свойства личности, формулируются и развиваются в процессе трудовой деятельности. По словам Б.Г.Ананьева, с началом самостоятельной общественно-трудовой деятельности строится общественный статус человека. Этот статус преемственно связан самооценкой статусом семьи, из которой человек вышел. В частности, это касается ценностей профессионального самоопределения. Так, ряд исследователей этой проблемы подтверждают, что характер связанных с выбором профессии ценностно-смысловых

ориентаций и предпочтений детерминирован социальным и профессиональным статусом семьи. Однако под влиянием обстоятельств жизни и исторического времени, ценностные ориентации и смысловые представления могут всё более отдаляться от прежнего статуса и преодолевать старый уклад жизни, сохраняя тем не менее наиболее ценные традиции.

Ценностно-смысловые ориентации личности проявляются, закрепляются и корректируются в профессиональной деятельности индивида. Необходимо отметить, что процесс формирования ценностно-смысловых ориентаций и профессиональная деятельность взаимодетерминированы. С одной стороны, отношение к профессионально-трудовой среде формируется на основе системы личностных смыслов человека, обусловленных прошлым опытом, осознаваемая часть этой системы существует в виде ценностей и ценностных ориентаций; с другой стороны, профессиональная деятельность оказывает воздействие на систему ценностных ориентаций личности.

В процессе профессиональной деятельности человек неизбежно вступает в определённые общественные отношения с другими людьми. Профессиональная деятельность стимулирует развитие личности и её ценностных ориентаций через новые связи, сосредоточением которых является прежде всего коллектив. Индивидуальные ценностные ориентации взаимодействуют и воздействуют на коллективные в основном через межличностные взаимоотношения.

В процессе профессиональной деятельности, при положительной мотивации, формируется профессиональная пригодность, которая накладывает заметный отпечаток на весь облик человека, его психомоторику, на образование стереотипов речи и мышления, на его установки и ценностные ориентации. По мнению Е.А.Климова, для каждой определённой профессиональной группы характерен свой смысл деятельности, своя система ценностей. Если избранная профессия и реализуемый жизненный смысл, достигаемая жизненная ценность составляют ценностно-смысловое единство для субъекта, то профессиональная деятельность приобретает сущностный, смысложизненный характер. Однако, если основные жизненные ценности субъекта лежат вне профессии, то она является лишь средством реализации этих ценностей.

Отсутствие осмысленности целей дезорганизует всю систему ценностей, делая поведение человека или «автоматизированным», основанным на ожиданиях окружающих, или нецеленаправленным, зачастую противоречивым, девиантным. Неопределённость личностных смыслов мешает человеку занять своё место в социальной системе, что, в свою очередь, ещё более дезорганизует их. Соответственно, нарушения развития ценностно-смысловой сферы человека влекут некий субъективный дискомфорт, который В.Франкл называет «экзистенциальной фрустрацией», в ответ на которую должна появляться какая-либо реакция компенсации, защиты.

Ценности и смыслы непостоянны: они изменяются во времени в результате деятельности людей, как изменяются и сами люди. Вследствие накопленного жизненного опыта то, что было для индивида центральной ценностью, может превратиться в периферийную или даже изменить свою полярность. Одним из факторов изменения системы ценностей являются социально-исторические условия, на фоне которых развивается личность. Социально – экономические, политические, идеологические изменения в обществе влекут за собой изменения системы ценностей общества, социальных групп, отдельной личности. Изменчивость субъективных ценностей и смысловых предпочтений связана с объективностью реального процесса жизни индивида и общества, в котором система ценностей проявляется, и который является их отражением.

Переоценка ценностей и переориентировка смыслов – закономерный процесс развития личности. Приобретение новых жизненных и социальных ролей заставляет человека по-новому смотреть на многие вещи. В этом, по мнению Р.С.Немова, заключается основной момент личностного развития в старшем возрасте следующим за юностью.

Таким образом, ценностно-смысловая сфера – это функциональная система, формирующая смыслы и цели жизнедеятельности человека и регулирующая способы их достижения. С одной стороны, ценностно-смысловые ориентации прививаются человеку социумом, но, с другой стороны, и сам человек активно формулирует и конкретизирует их, принимая, изменяя или отвергая ценности и смыслы, предлагаемые социумом. На каждом этапе жизни у человека, исходя из социальных ценностей или биологических потребностей, должны появиться некие цели жизнедеятельности, для реализации которых необходимо понимание (или даже ощущение) их смысла. Именно такая осмысленность цели даёт человеку энергию для её реализации, делая её приоритетной.

Литература:

1. Абульханова – Славская К.А. Стратегия жизни. М.: Мысль, 1991г.-229 с.
2. Братусь Б.С. Леонтьевские основания смысловых концепций личности. Вопросы психологии. 2004 г.– № 4, 102 – 113 с.
3. Волочков А.А., Ермоленко Е.Г. Ценностная направленность личности как выражение смыслообразующей активности. // Психологический журнал. Том 25, 2004 г., № 2, 17 – 26 с.
4. Гриценко В.В., Смотрова Т.Н. Ценностные ориентации и склонность к девиантному поведению. Психологический журнал. 2005 г. – т. 26, № 6.
5. Журавлева Н.А. Динамика ценностных ориентаций молодежи в условиях социально-экономических изменений. // Психологический журнал. Том 27, 2006 г., – № 1, 35 – 43 с.
6. Кон И.С. Психология юношеского возраста. М.: Педагогика. 1989 г. – 225 с.
7. Леонтьев Д.А. От социальных ценностей к личностным: социогенез и феноменология ценностной регуляции деятельности // Вестник Московского университета. Серия 14: психология, 1996 г., №4. -14-17с.
8. Леонтьев Д.А. Психология смысла. -М.: 1999 г. -234с.
9. Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. М.: Смысл, 1999 г. – 487 с.
10. Обухова Л.Ф. Возрастная психология. М.: Педагогическое общество России. 2004 г. – 444 с.
11. Столяренко Л.Д. Основы психологии. РнД.: Феникс, 2012 г - 672 с.
12. Франкл В. Человек в поисках смысла. М.: Прогресс. 1990 г. – 366 с.
13. Формирование личности старшеклассника. Ред. Дубровина И.В. М.: Педагогика. 1989 г. - 168 с.
14. Чужновский В.Э. Проблема становления смысложизненных ориентаций личности. // Психологический журнал. Том 25, 2004 г. – № 6, 5 – 11 с.

УДК 159.9

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ

Айкинбаева Г.К., Халметова Ю.Ф.
(*БНУ им. Л.Н.Гумилева*)

Проблема одаренности в настоящее время становится все более актуальной. Это, прежде всего, связано с потребностью общества в неординарной творческой

личности. Неопределенность современной окружающей среды требует не только высокую активность человека, но и его умения, способности нестандартного поведения. Раннее выявление, обучение и воспитание одаренных и талантливых детей составляет одну из главных проблем совершенствования системы образования.

Одаренность по-прежнему остается загадкой для большинства детей, учителей и многих родителей. Для широкой общественности же наиболее важными проблемами являются не столько научные основания одаренности, сколько, прежде всего их реальные жизненные проявления, способы выявления, развития и социальной реализации. Забота об одаренных детях сегодня – это забота о развитии науки, культуры и социальной жизни завтра. Уже существуют способы выявления таких детей, вырабатываются программы помощи им в реализации своих способностей. Однако проблема диагностики и развития высокоодаренных и талантливых детей на всех этапах их обучения, проблема понимания детьми своей одаренности и личной ответственности за творческую самореализацию существует. Бытует мнение, что одаренные дети не нуждаются в помощи взрослых, в особом внимании и руководстве. Однако в силу личностных особенностей такие дети наиболее чувствительны к оценке их деятельности, поведения и мышления, они более восприимчивы к сенсорным стимулам и лучше понимают отношения и связи.

Одаренность сейчас определяется как способность к выдающимся достижениям в любой социально значимой сфере человеческой деятельности, а не только в академической области. Одаренность следует рассматривать как достижения и как возможность достижения. Смысл утверждения в том, что нужно принимать во внимание и те способности, которые уже проявились, и те, которые могут проявиться.

Проблема одаренности представляет собой комплексную проблему, в которой пересекаются интересы разных научных дисциплин. Основными из них являются проблемы выявления, обучения и развития одаренных детей, а также проблемы профессиональной и личностной подготовки педагогов, психологов и управленцев образования для работы с одаренными детьми.

С психологической точки зрения необходимо отметить, что одаренность представляет собой сложный психический объект, в котором неразрывно переплетены познавательная, эмоциональная, волевая, мотивационная, психофизиологическая и другие сферы психики человека.

Особенности, присущие одаренным, обогащают нашу жизнь во всех ее проявлениях и делают их вклад в нее чрезвычайно значимым. *Во-первых*, одаренных отличает высокая чувствительность во всем, у многих высокоразвито чувство справедливости; они способны чутко улавливать изменения в общественных отношениях, новые веяния времени в науке, культуре, технике, быстро и адекватно оценивать характер этих тенденций в обществе.

Вторая особенность - познавательная непрекращающаяся активность и высоко развитый интеллект дают возможность получать новые знания об окружающем мире. Творческие способности влекут их к созданию новых концепций, теорий, подходов. Оптимальное сочетание у одаренных детей интуитивного и дискурсивного мышления (в подавляющем большинстве случаев при доминировании первого над вторым) делает процесс получения новых знаний весьма продуктивным и значимым.

В-третьих, большинству одаренных свойственны большая энергия, целеустремленность и настойчивость, которые в сочетании с огромными знаниями и творческими способностями позволяют претворять в жизнь массу интересных и значимых проектов.

Среди педагогов и психологов существует, как минимум, две точки зрения на обучение одаренных. Согласно одной из них, для обучения одаренных детей

необходимо создавать специальные классы и специальные образовательные учреждения. Согласно другой точке зрения, одаренные дети должны обучаться вместе со всеми детьми, иначе они не научатся жить среди «нормальных» людей, общаться и работать с ними.

Проблема воспитания и обучения одаренных детей детерминирована также необходимостью сохранения и развития национального интеллектуального генофонда Республики Казахстан.

Развитие творческой личности предполагает поиск одаренных детей на более ранних возрастных этапах и создание для них оптимальных условий для развития. Анализ педагогической практики и психологических исследований (С.Л.Рубинштейн, Н.С.Лейтес, Д.Б.Теплов, Б.Г.Ананьев, Л.А.Венгер, А.М.Матюшкин, Э.А.Голубева, В.С.Юркевич и др.) показывает, что одаренность, как предмет исследования, определена.

Одаренность – специфический психологический конструкт, на основании которого эмпирически и теоретически выделяется особая категория детей. Но в вышеперечисленных исследованиях также отмечается, что механизмы этого явления изучены недостаточно.

Общепедагогические проблемы творчества рассматривались в трудах И.П.Волкова (техническое и художественное творчество), Т.Г.Казаковой (художественное творчество), Б.Я.Вороновой (творческие игры), Б.П.Никитина (развивающие игры) и др.

В последние годы появились научные исследования по этой проблеме в нашей республике. Например, по формированию музыкального творчества у дошкольников - Узакбаева С.А., Акбарова Ж.А., по развитию художественного творчества - У.Ш. Ибрагимов и др.

На сегодняшний день существуют различные определения одаренности, которые в полной мере не раскрывают сущность явления и его специфических свойств. В психологии и педагогике существуют несколько подходов одаренности:

1) понятие одаренность сводится к норме, отсюда миф, что все дети одаренные (В.Э. Чудновский, Л.Я. Юркевич и др.);

2) разграничиваются понятия одаренность и способности (С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев, Э.А. Голубева, Н.С. Лейтес и др.);

3) теоретическое изучение одаренности расширяется и углубляется за счет теории наследственности, воспитания и среды (Декарт, Дж. Локк, Гельвеций, В.П. Эфроимсон, Н.Г. Артоболевский, и др.);

4) одаренность рассматривается как творческое развитие, т.е. психологическая структура одаренности совмещается со структурными элементами творческого развития (А.М. Матюшкин, В.П. Чистякова, Е.С. Белова, Тейлор, Е. Торранс и др.);

5) одаренность рассматривается как изначально формируемое из способностей и склонностей (Б.Т. Теплов, С.Л. Рубинштейн, Л.А. Венгер, Гилфорд, Хоупфнер и др.).

Как видно из этих подходов, одаренность является описанным номинальным понятием в психологии и педагогике. Но попытка достигнуть единого понимания одаренности на основе описательного подхода закончилась неудачей. В связи с этим в практической деятельности проблема не имеет окончательного решения вследствие недостаточной методологической основы.

Определение феномена творческой одаренности в психологии содержит в себе огромные педагогические возможности, но психолого-педагогический анализ проблемы выявил, что в педагогическом аспекте данный вопрос разработан не достаточно. А накопленные в современной психологии и педагогике данные проблемы нуждаются в теоретико-экспериментальном осмыслении.

К настоящему моменту, в исследованиях зарубежных и отечественных психологов и педагогов, понятие одаренность рассматривается как индивидуальный, когнитивный, мотивационный и социальный потенциал, позволяющий достигать высоких результатов в одной (или более) из следующих областей: интеллектуальной, творческой, социальной, художественной и психомоторных возможностей. Высокие достижения рассматриваются как продукт одаренности, личностных характеристик и социального окружения (Торранс, Гилфорд, Н.С. Лейтес, А.М. Матюшкин, И.П. Волков, Б.П. Никитин и др.). Ученые, занимающиеся данной проблемой, предлагают следующую классификацию одаренности: интеллектуальная или умственная одаренность, творческая одаренность, одаренность в социальной сфере (лидерство), одаренность в сфере художественного искусства (изобразительной деятельности и музыки), одаренность в двигательной сфере.

Творческая одаренность не исчерпывается количеством усвоенных знаний и умений. Это сложное психологическое образование, на развитие которого, по нашему мнению, должно ориентироваться дошкольное обучение. Творческая одаренность настолько емкое и многогранное явление, что определение стратегии ее развития крайне сложно. Поэтому, во-первых, важно выделить стержневые компоненты и вместе с тем внутренние средства развития творческой одаренности. Во-вторых, следует учитывать специфику детства, дошкольного возраста, когда становление и развитие психики идут в таком темпе, с такой интенсивностью, которые будут уже недоступны в более зрелые годы. Эти возможности дошкольного возраста обусловлены созреванием мозга, определенных нервных структур с их функциональными свойствами. А.В. Запорожец и Л.А. Венгер писали об этом: "созревание выступает в качестве важнейшего условия психического развития..., именно то, что различного рода формирующие воздействия падают на почву созревающих процессов, отличает психическое в онтогенезе от обучения взрослого человека". Отсюда следует, что возрастные свойства в дошкольном возрасте - это необходимые, основополагающие условия роста умственных и творческих проявлений. Более того, имеются основания думать, что в самих возрастных особенностях - источник проявлений одаренности.

В действительности каждому здоровому ребенку свойственны активный интерес к окружающему, чуткость к впечатлениям, доставляемыми органами чувств, свобода воображения, проявляющаяся, в частности, в играх, готовность усваивать.

В заключение необходимо напомнить, что работа педагога с одаренными детьми — это сложный и никогда не прекращающийся процесс. Он требует от учителей и воспитателей личностного роста, хороших, постоянно обновляемых знаний в области психологии одаренных и их обучения, а также тесного сотрудничества с психологами, другими учителями, администрацией и обязательно с родителями одаренных. Он требует постоянного роста мастерства педагогической гибкости, умения отказаться от того, что еще сегодня казалось творческой находкой и сильной стороной.

Литература:

1. Белова Е.С. Одаренные дети // Дошкольное воспитание.- 1991. -№4.-С.15-19. №5 - С.10-14.
2. Жумадилаева О.А. Система поиска одаренных детей - диагностика //Проблемы образования в Казахстане: реальность и перспективы / Тез. докл. республ. конф. - Алматы, 1993.- С. 10.
3. Краткий психологический словарь/ Под.ред. А.В.Петровского. -М.,1989.-432с.
4. Бабаева Ю.Д. , Марютина Т.М. , Лейтес Н.С. Психология одаренности детей и подростков. М.: АСАДЕМА. 2000. - 332 с.
5. Лейтес Н.С. О признаках детской одаренности. //Управление современной школой. Завуч. - 2009 - № 8. - с.45-51.

6. Матюшкин А.М. Творческая одаренность. // Общественные движения и социальная активность молодежи./ Раздел III. Одаренность и творчество.- М.,1991.- С. 149-159.
7. Немов Р.С. Психология. В 3-х т. М.,1995.- т.2.- С.356; т.3.-С.133.
8. Одаренные дети. Пер.с англ./ Общ. ред. Г.В.Бурменской и В.М.Слуцкого.- М.: Прогресс, 1991.- 350 с.
9. Психология одаренности детей и подростков /Подред. Н.С. Лейтеса.- М.,2006.-416 с.
10. Развитие и диагностика способностей /Отв.ред. В.Н.Дружинин, В.Д.Шадриков.-М.: Наука, 1991.- 210 с.
11. Рубинштейн С.Л. Способности. Развитие одаренности и способностей у детей.// Основы общей психологии.-М.,1946.- С.640-654.
12. Теплов Б.М. Способности и одаренность. Избранные труды в 2т.- М.1985.-Т.1.- С.22-28.
13. Чистякова Г.Д. Творческая одаренность в развитии познавательных структур //Вопросы психологии.-1991.- №6.- С. 103.
14. Шумакова Н.Б. Развитие одаренности детей в младшем школьном возрасте //Новые исследования в психологии и педагогике. 1991.- №1.- С.36
15. Вяткин Л.Б. Психологические характеристики и видовое многообразие одаренности. // Пермский педагогический журнал. №3, 2012. -14-19с.

УДК 37.013.43

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ГУМАНДЫҚ ПЕДАГОГИКА

Албытова Н.П., Джазитова А.Т.

(Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ)

Бүгінгі таңда, Қазақстанда ғылыми, дүниетанымдық, тәрбиелік парадигмалардың алмасуы жағдайында, қазіргі уақыт қажеттіліктеріне жауап беруші педагогтарды даярлау тәсілдері мәселесі өзектілікке ие болды. Мәселе авторитарлық мектепте тәрбиеленген студенттердің ерікті немесе еріксіз түрде өздері көрген педагогикалық әсер етулерді қайталауында болып отыр: балаға әсер ету объектісі ретінде қарау, тәрбиенің негізгі әдістері ретіндегі мадақтау мен жазалау. Жаңа заманғы мектептерде оқушының өзін-өзі дамытуға қолайлы жағдайлар жасай білетін, жалпы және педагогикалық мәдениеттің жоғарғы деңгейін меңгерген, сондай-ақ, гумандық педагогиканың шыңына көтерілуге қабілетті педагог, яғни мәдениет адамы қажет. Бұл мәселе білімді репродуктивті-ақпараттық жолмен игерту тәсілдерімен шешіле алмас. Бұрыннан қалыптасқан қоғамдық түсініктерді алмастыратын, гумандық педагогикаға тән басқа тәсілдер керек.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 130 қаулысы:

- Мұғалімдердің біліктілігін арттырудың жаңа жүйесін енгізу
- Жаңа білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ТЖКБ ұйымдарының біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету
- Барлық білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын басқару тетігін әзірлеу және енгізу
- Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту

- Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімін, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.[1]

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «...біздің өміріміздің басқа салаларында жаналықтарға кең жол бере отырып, барлық өзгерістердің негізгі мәні адам тәрбиесі, адамның дамуы екендігін естен шығармауымыз керек»-деп көрсетілген.[5,12] Тұжырымдама орта білім жүйесінің стратегиясы мен мақсаттары айқындалып, балалардың гумандық көзқарастары мен қатынастарын қалыптастыру да бүгінгі таңдағы гуманитаризация және гуманизация ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Осыған қатысты Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы: "Қоғамды гуманитарландыру - ХХІ ғасырдың табалдырығындағы өркенниетті дамудың талабы" - деп, айырқша назарға алынып отыр. Мұнда осы мақсатқа жету үшін өмірлік құндылықтар мен бағдарламалардың сындарлы жүйесін орнықтыру қажеттігіне көңіл аударылады. Ол үшін бүкіл тәлім - тәрбие, білім беру және мәдениет кешенін тәрбие ісіне тұтастай жұмылдыра отырып, жүзеге асыру міндетін орындаудың қажеттілігі туындайды.

Біртұтас педагогикалық процесті құраушы екі басты бірлік – тәрбие және оқыту процесі. Тәрбие процесін жеке алып қарастыратын болсақ, педагогикада ол бірнеше қырларымен танылған:

- Әлеуметтік мағынада – бұл аға буын жинақтаған тәжірибені жас ұрпақ өкілдеріне өткізу
- Педагогикалық мағынада – бұл тәрбиеленушіге ықпал жасау үшін ұйымдастырылған арнайы іс – әрекет, тұлға қалыптастыруға бағытталған мақсатты процесс».[2,140]

Тәрбиенің басты қызметі – баланы іс-әрекетке тарту, оларға түрлі әрекеттерді жасата отырып жинақталған адамзат тәжірибесін жаңғырту барысында өзінің қабілеттіліктерін дамыту жағдайларын жасау болып табылады. Демек, тәрбие үдерісінің мәні адамзаттың жинақтаған тәжірибесін меңгерту мақсатында тұлғаны түрлі іс-әрекетке қатыстыру болып табылады. Ал екінші құрамдас бөлігі – оқыту процесі. Бұл процесс өте күрделі, сипаты жағынан ол тек тәрбие және даму процесінен кейін тұруы мүмкін. Оқыту процесі әр текті және табиғаты жағынан әртүрлі көптеген жағдаяттардың мың санды байланыстары мен қатынастарын қамтиды. Процесс анықтамаларының көптігі де осыдан болар. «Оқыту процесі – бұл барысында білім беру, игеру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушы арасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс-әрекет».[3,63]

Гуманизм (лат. Humanus - иманды) - адамның қадір - қасиеті хұқын құрметтеуі, оның жеке тұлға ретіндегі бағасын, адамның игілігіне, оның жан - жақты дамуына, адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жалғасын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы. Ал, философиялық сөздіктегі (1996) анықтамада: «Гуманизм - адамның қадір - қасиеті мен хұқын құрметтеуді, оның жеке тұлға ретіндегі бағасы, адамның игілігіне, оның жан - жақты дамуына, адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы», - деп тұжырымдалған.[5,11]

Тұлғаның қалыптасу кезеңінде гуманизмді басшылыққа алудың өзіндік генезисі бар. Мәселен қайта өркендеу дәуірінде /XV, XVI ғ.ғ./ гуманизм тиянақты идеялық қозғалыс ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде гуманизм феодализмге және орта ғасырдың теологиялық тұжырымдарына қарсы көзқарастарымен тығыз байланыста болды. Гуманистер адам бостандығын жариялады, діни аскетизмге қарсы, адам ләззаты мен өз мұқтаждарын қанағаттандыру хұқы жолында күресті. Гуманизм сезім теорияларының ең басты мәні сонда - адамдар оқиғаларға баға береді, өзінің мінез - құлық (бағалайтын)

бағытын таңдайтын моральдік ұғымдарға, әртүрлі құбылыстарға байланысты яғни олардың бастан кешіретін мақұлдау немесе айыптау сезіміне негіз болады. Басқаша айтқанда гумандық сезім теориясының жақтаушылары айтқандай ой - пікірлер тиісті немесе бағаланып отырған объектілер туралы емес, осы объектілерге орай адамның бастан өткеретін гумандық сезімдер туралы ғана ақпаратты қамтыды деп есептейді. Адамның өзіндік ой - пікір,көзқарас,мінез – құлық,іс - әрекетінің бүкіл ортамен қарым - қатынасы арқылы көрінеді. Гумандылық анықтамасы әр дәуір арқылы беріліп келеді. Ежелгі дәуір ойшылдары да гумандылық туралы өздерінің түйінді ойларын келтіріп отырған. Бұл ерекшелік ауыз әдебиеті үлгілеріне де тән. Енді солардың кейбіріне назар аударалық. "Ер Төстік", "Тазша бала", "Алдар көсе", "Жиренше" т.б. сондай ертегі,аңыздардағы ұнамды кейіпкерлердің барлығы да әділдік, ізгілік,адамгершілік жолындағы іс - әрекеттерімен бағалы. Ал "Алпамыс", "Қобыланды", "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" т.б. жырларда ел мүддесін көздеген ерлік пен кіршіксіз махаббат тақырыбы арқылы ізгілік арқауы тартылған. Мақал - мәтел, жұмбақтар да адам бойына игі қасиеттер дарытумен бірге айнала қоршаған ортаны тани білуге, онымен үйлесімді өмір сүруге үйрететін ізгі тәрбие құралы болып табылады.

Гумандық педагогика классикалық педагогика негізінде құрылған, олардың жарқын өкілдері: Корчак, Сухомлинский, Макаренко, Песталоци, Ушинский, Каменский, Выгодский, Узнадзе т.б. Олардың барлығы аса көрнекті,ізгілікті – этикалық идеялардың өкілдері болды. Бұл ғалымдардың педагогикасы нақты ғылымға емес, дүниеге деген көзқарасқа, терең философиялық білімге негізделді. Өздерінің педагогика жайлы ойларын пайымдау немесе ой-толғау ретінде, кейде әдеби шығарма ретінде жеткізген (мысалы, Корчактың «Когда я стану маленьким» атты романында, Макаренконың «Педагогикалық поэмасында» айқын көрініс тапқан).

Гумандық педагогика – бұл әрбір баланың өзінен және өзгеден жарықты, жылуды таба білуі. Ал гумандық педагогиканың басты принциптеріне – баланың қоршаған ортасын жандандыру жатады. Әрбір іс-әрекетте, сөзде тәрбиелік мән болуы керек. Сыныпта ізгілікке толы емес бірде бір сөз айтылмауы тиіс. Гумандық педагогика – әрбір ұстаз үшін ерлік. Өзінен ертедегі ұрпақ тәжірибесіне сүйене отырып, әр педагог өз жолын таңдайды.

Гумандық педагогика – бұл әр балаға өз тағдырын таңдауға көмектесу. Әр адам өз тағдырын,өз жолын және де өз міндетін ұғынуы тиіс.Ал оған ерте балалық шақтан жол сілтейтін – ұстаз.[8]

Ал қазіргі таңдағы педагогикада бала – материалды субстанция ғана. Коменский бойынша – бала ол ғажайып бір құбылыс және сол ғажайыпты бала бойында дамыту ұстаздың міндеті. Сухомлинский бұл ойды былай жеткізеді: «Адамгершілігі жоқ қоғамда баланың тәрбиесі жүзеге аспайды». Осы ойдан келіп шығатын тағы бір мәселе,гумандық педагогикаға шектеу қойып отырған авторитарлы білім беру жүйесі. Авторитарлық - айналасындағы адамдармен қатынасында өктемдік көрсететін адамның мінез-құлығының сипаттамасы. Авторитарлы адам басқа адамдарға психологиялық қысым көрсетеді, олардың өз пікірлерімен және сезімдерімен санаспай, белгілі бір әрекеттерді орындауда зорлық жасайды. Ол демократиялыққа жатпайтын ықпал ету құралдарын пайдаланады: бұйрық беру, нұсқау, жарлық беру, қорқыту, жазалау. Авторитарлық синонимдеріне автократтылық, директивтік, өктемшілік жатады.[6,2]

Ұлы ойшыл В.И.Вернадский: «Қазіргі таңдағы қоғамда адамзат көп жағдайда, шындыққа жанаспатын идеялармен айналысады. Мұндай идеяларды біздің қоғамымызда, әлеуметтік жүйемізде авторитарлық педагогика деп атайды», - деп өз ойын жазған болатын. Білім беру жүйесінде екпінді авторитаризм өктемдік етуде. Бұл ғасырлар бойы тәрбие және білім беру саласында қалыптасқан тәжірибе. Ол ресми педагогика ретінде танылған, оның негізінде:әдіс-тәсілдер, кітаптар, сабақтар және

жалпы білім беру жүйесі соның ішінде билік органдары жүргізіп отырған реформалар жасалынады.

Гумандық педагогикада Януш Корчактың педагогикасының рөлі маңызды. Корчак керемет жазушы-публицист, ол балалармен, тәрбиешілермен тілдесуді өзгелерден артық білген. Оның еңбектерінде балалармен педагогикалық жұмыс бойынша нақты әдістемелік нұсқаулар жоқ, бірақ оның әрбір жұмысында көреген, ақылды бақылаушы мен тәжірибесі мол балалық шақтың үлкен білгірі, арманшыл әрі қатал реалист сезіледі. бүгінгі таңда Корчактың балалық шаққа құндылық ретінде көзқарасы өте өзекті. Корчактың ойынша, жарқын балалық шақсыз бақытты өмір құрылмайды. Осыдан балалық шақты аялау керек екенін түсінеміз. Балаларды тәрбиелеу мәселесі бойынша негізгі еңбектердің бірі «Баланы қалай сүйе керек?» атты кітабы, онда педагогтың ақылымен таңқалдырған ойларына тап боламыз: «Адамның ең маңызды кездесулері – оның балалармен қауышуы екенін ұмытпа. Балаларға үлкен көңіл бөл. Біз ешқашан бала жанындағы кіммен кездесетінімізді білмейміз». «Өз баланды әр жағдайда сүйе біл – ол дарынсыз, сорлы, ересек болса да! Онымен қуана тілдес, себебі бала барында мереке». Корчак мұрасы арқылы, тәрбие берудің мақсатталған бала тұлғасын қалыптастыру процесі емес, баламен біріге, диалог негізінде жүргізілетін процесс екенін түсінуге болады. Тәрбие беру процесінің өнімді жүргізілуі үшін педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынас гумандық сипатта болу керек.

Өз кезегінде А.С.Макаренко да буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық педагогиканы сынға алады. Буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық педагогика құрғақ жаттауға және баланың жеке басын басып жаншуға, соқыр бағынуға негізделген авторитарлық педагогикадан «еркін тәрбие» теориясына негізделеді. Макаренко жұмыс бастаған жылдары Горький атындағы колонияда көптеген педагогтар еркін тәрбие теориясының рухында тәрбиеленген болатын. Ұсақ буржуазиялық еркін тәрбие теориясын жақтау балаларда эгоизмді, тәртіпсіздікті және басқа да жағымсыз қылықтарды жояды. Макаренконың гуманизмі оптимизммен тығыз ұштасады, әрбір тәрбиеленушінің жағымды жақтарын көре біледі.

Ал Ушинскийдің педагогикалық жүйесінің негізінде халықтық идея жатады. Әрбір халық Ушинский айтқандай, басқа халықтардан өзінің мінез-құлқының, тілінің және басқа да өзіндік тарихи қалыптасқан әрбір халықтың ерекшеліктері, бейімділігі, қажеттіліктері оның халықтық деп аталатын мәнін құрайды.

1950 жылы әдебиет бойынша Нобель сыйлығының иегері және философ Бертран Расселдің тәрбиелеу бойынша көптеген еңбектері бар. Ерте жас кезеңіндегі тәрбие туралы еңбегі - «Тәрбие және қоғамдық құрылыс». Оның педагогикалық тұжырымдамасының негізі тәрбиенің авторитарлы жүйесін қабылдамау болып табылады. Ол еркін тәрбиені жақтады. Мектептегі білім беру мазмұнына және жалпы сипатына назар аударып, мектептің оқу міндеттерінде утилитарлық оқыту мүмкіндіктерін ескерді

Педагогикалық процестің ізгілікті болуын жақтаушы жән оны дамытушы – Шалва Амонашвили. Оның басты еңбектерінің бірі «Ізгілік педагогикасы жайлы ойлар» деп аталады. Бұл еңбегінде ол авторитарлы білім беруді қатты сынға алады. Ол өз еңбегінде көп жағдайда эксперименталды-педагогикалық процеске және оның нәтижесіне сүйенеді. Авторитарлы жүйенің қалыптасуын тарихи салдармен байланыстырады, яғни консерватизмнің басымдылығы. Сондықтан да ол көптеген идеялардың, бастамалардың дамуына тосқауыл болды. Әр бала туылғаннан бастап белгілі бір миссиямен туылады деп санайды, яғни әр бала өзіне тән нышан, белгілермен туылады дейді. Сол ерекшеліктерді дамыту, авторитарлы-императизмді жойып, ізгілендіру арқылы жүргізіледі деп атап өткен.[7,17]

Ғалым - педагог А.А. Бейсенбаева тарихи құбылыс ретінде гуманизм қоғам талабына сай тың мазмұнға ие болатындығын көрсетеді. Сонымен бірге, ол тәлім-тәрбие тарихында гуманизмнің абстрактылы және реалды типтеріне де нақты анықтама береді. Ал Г. Шолпанқұлова гумандық қарым – қатынас ұғымын анықтай отырып, оның құрылымдық бөліктерін көрсетіп, оларға гумандық қасиеттерді шынайы, жалған және гумандыққа жат қасиеттер деп топтастырады. В.П. Кәрібжанова диссертациялық жұмысында сенімділікті, гумандық сенімділікті қалыптастыру мәселелерін және оның құрылымдылық компоненттерін анықтайды. [5,96]

Сонымен гумандық педагогика баланы өзіндік табиғи ерекшеліктерімен қабылдайды. Ол баладағы шексіздікті көреді және оны адамзат игілігі үшін өмір бойы қызмет етуге дайындайды. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығында гумандық педагогиканы оқып үйрену бүгінгі күн талабы болмақ.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы №130 қаулысы.
2. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық.-Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2011.-228 бет.
3. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық.-Алматы: «Заң әдебиеті», 2008.-228 бет.
4. Байжанова З.Т. Жалпы педагогика: Оқу құралы.-Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008.-168 бет.
5. Нұрматов С. Рухани құндылықтар әлемі. Әлеуметтік философиялық талдау.- Алматы: ФСИ, 2000.-180 б.
6. Арын Е. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
7. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. - М.: Издательский дом Шалвы Амонашвили, 2011.-464 с.
8. Амонашвили Ш.А. лекциялар жинағынан.

ӘОЖ 130.11(1)

ТІЛ КЕМІСТІГІ – СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ БҰЗЫЛУ САЛДАРЫ

Алматова А. -ФК-13-2к2 тобының студенті

Бахрамова Г.А. - п.ғ.к., доцент

(М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент)

Арнайы мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалардың логикалық ойын жүйелі жеткізе білуге, бір-бірімен тікелей қарым - қатынас жасауға дағдыландыруда ойындардың ролі айрықша. Баланың ауызша көбірек сөйлейтін кездері де айрықша. Баланың сөйлеген сөзі, берген жауаптары ойын барысында байқалып отырғандықтан, оның тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармаларымыздың тигізер ықпалы зор.

Арнайы мектепте тіл дамыту мақсаты қажетті объективтік мүмкіндіктер болғанда ғана жүзеге аспақ. Бұл мүмкіндіктер, біздің пікірімізше, ең алдымен оқыту мазмұнына тікелей байланысты.

Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу - бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі.

Тіл кемістігі деп – сөйлеу қабілетінің психофизиологиялық механизмінің бұзылу салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға тән мөлшерден ауытқуын айтамыз. Қатынас теориясының көзқарасында тіл кемістігі ауызша сөйлеу қатынасының бұзылуы болып есептеледі.

Сонымен сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегіше сипатталады:

1. Өз бетінше пайда болады, жоғалмайды, қайта бекиді;
2. Сөйлеушінің жас мөлшеріне сәйкес келмейді;
3. Оның ерекшелігіне байланысты нақты логопедиялық ықпал жасауды талап етеді;
4. Баланың одан әрі дамуына жағымсыз әсерін жиі тигізеді;
5. Тіл білмейтіндік-диалектизм-тіл кемістігі болып саналмайды;
6. Сөйлеу тілінің психофизиологиялық механизмінің ақаулықтарымен байланысты.

Аталған ерекшеліктер тіл кемістіктерінің айырмашылығын көрсетеді. Логопедия «сөйлеу тілінің жетілмеуі», «сөйлеу тілінің бұзылуы», «тіл кемістігі» деген ұғымдар кездеседі.

Сөйлеу қабілетінің немесе сөйлеу жүйесінің құрамдарының төмен деңгейде қалыптасуы сөйлеу тілінің жетілмеуі деп саналады [8].

Сөйлеу тілі құрамының әртүрлі бөлімдерінің сөздік қоры, грамматикалық құрылысының мөлшерден ауытқуы және тілдің негізгі функциялары – қарым-қатынас, ойлау қабілеттерін атқара алмауы тіл кемістіктері деп саналады. Әрине, ол ауытқулар әрқалай және әртүрлі мөлшерде кездесуі мүмкін. Сөйлеуші кейде тек бір дыбысты бұзып айтуы немесе мүлдем айта алмауы мүмкін. Мысалы, «қарға-қааға», «қарға-қалға». Әрине, мұндай жағдайда тіл өзінің негізгі функциясын жоғалтпайды, дегенмен кейбір жағдайда ыңғайсыздық туғызуы мүмкін. Жеңіл тіл кемістіктері бар адамдар актер, диктор, мұғалім т.б. мамандықтары бойынша жұмыс істеуіне бөгет келтіреді. Тіл кемістіктерінің себебі сыртқы және ішкі зияндық факторлардың немесе екеуінің бірдей организмге әсер етуі деп түсінеміз.

Баланың сөйлеу тілі патологиясының негізгі себептері

1. әртүрлі ішқұрсақ патологиясы іштегі нәрестенің дамуына зиянын тигізеді, сөйлеу тілінің ең ауыр кемістіктері іштегі нәрестенің 4 апталық пен 4 айлық аралығындағы дамуының бұзылуынан пайда болады. Іштегі нәрестенің дамуының бұзылуына анасының екіқабат кезіндегі токсикоз, вирусты және эндокринді аурулар, жарақаттар, резус-фактор бойынша сыйымсыздығы және басқалар әсер етуі мүмкін;
2. босану кезіндегі жарақаттану және босану кезіндегі асфиксия (оттегі жетіспеуі);
3. өмірінің алғашқы жылдарындағы әртүрлі аурулар;
4. бас сүйегінің жарақаттануы;
5. тұқым қуалаушылық факторлар;
6. әлеуметтік тұрмыстық жағдайларының қолайсыздығы.

Жоғарыда атап өтілген себептер өзгешеліктеріне қарай табиғи және функционалды болып екі түрге бөлінуі мүмкін.

Табиғи себеп деп шеттегі немесе орталық бөлімдеріндегі тіл механизмдері анатомио-физиология құрылысының қатты бұзылуынан болатын себепті айтады. Функционалды себептерге анатомио-физиология құрылысы әдеттегі күйінше сақталып, тек қана тіл механизмінің бұзылуы жатады.

Сонымен барлық тіл кемістіктерін, оларды туғызатын себептерге байланысты екі топқа бөлуге болады.

а) табиғи тіл кемістіктері (органикалық);

б) функционалды тіл кемістіктері.

Табиғи тіл кемістіктері зақымды жайылтпайтындығына байланысты:

а) тілдің табиғи бұзылуы орталықтан пайда болуы

б) тілдің табиғи бұзылуы шеткеріден пайда болуы деп бөлінеді.

Біріншісіне, бас ми қабығында орналасқан тіл механизмдерінің орталық тарауларының табиғи бұзылуының нәтижесінде пайда болған кемістік жатады.

Тілдің табиғи бұзылуының орталықтан пайда болуына алалия, афазия, сонымен бірге тіл мүкістіктерінің кейбір түрлері жатады.

Логопедия ғылымында осы уақытқа дейін шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі-жүйелі ғылыми тұрғыдан тіл кемістіктерін топтастыру (классификация) болып табылады. Оған бөгет болатын жағдайлар, біріншіден, тіл кемістіктерінің көптеген түрлерінің кездесуі және олардың таза, нағыз күйінде кездеспей, күрделі түрде кездесуі. Осының бәрі тіл кемістіктерін ғылым жүзінде дәлелдеп, топтастыруды қиындатады. Бұның қиындығы сонда, егер тіл кемістігінің бір түрі бірнеше себептерінің салдарынан болса, керісінше бір себептің салдарынан тіл кемістігінің бірнеше түрі пайда болуы мүмкін. Мысалы, дыбыс шығару кемшілігі шеттегі сөйлеу мүшелерінің дұрыс жұмыс істемеуінен, немесе есту қабілетінің бұзылуынан, жоғарғы дәрежедегі акустикалық талдау мен жинақтау функцияларының жетілмеуінен т.б. себептердің әсерінен болуы мүмкін.

Көп жылдар бойы логопедияда тіл кемістіктерін клиникалық негізде топтастыру кең орын алып келеді. (М.Е. Хватцев, Ф.А. Рау, О.В.Правдина, С.С.Ляпидевский, Б.М.Гришнин т.б.). Клиникалық топтастыру тіл кемістіктерінің себептері мен белгілерінің негізінде жасалған. Бұл классификация бойынша сөйлеудің түріне байланысты ауызша және жазбаша тіл кемістіктері болып екі топқа бөлінеді. Ауызша сөйлеу кемістіктерінің екі түрі болады:

1. Тіл дыбыстарының айтылуының бұзылуы;

2. Сөйлеу тілінің құрылымдарын іштей жинақтап, мәнді түрде ауызша жеткізу қабілетінің бұзылуы немесе сөйлеу тілінің толық жетілмеуі.

Тіл кемістіктері жеке түрде немесе басқа тіл кемістіктерімен қисындасып, тіркесіп кездесуі мүмкін.

- В какой части листа расположен круг? (у левой стороны)

Затем можно предложить выполнить аппликацию из геометрических фигур, разместив их так:

- В центре листа круг.
- В правом верхнем углу – треугольник.
- В левом нижнем углу – прямоугольник.
- В правом нижнем углу – трапецию.
- В левом верхнем углу – квадрат.

Закрепить эти умения можно на занятии по теме: «Красивые флажки», предложив детям разместить флажки разного цвета и формы в заданных местах листа.

После отработки умений располагать на листе предметы в заданном направлении необходимо переходить к обучению размещать предметы относительно друг друга. Одним из эффективных для этого приемов является «зрительный диктант». Сначала детям предлагается рассмотреть готовую композицию орнамента, проанализировать его и воспроизвести по памяти, пользуясь заранее заготовленными геометрическими фигурами. Можно предложить другой вариант: дети создают орнамент под диктовку воспитателя. Воспитатель говорит, где какие фигуры следует разместить, но ничего не показывает. Например, положи квадрат на середину листа, вокруг размести шесть треугольников, между треугольниками – круги, а над треугольниками – квадраты; в левом верхнем и нижнем углу разложить круги.

На одном из подобных занятий, например, по теме «Разноцветные треугольники» дети могут самостоятельно создать орнаменты из готовых геометрических фигур, а затем рассказать, сколько каких фигур они брали и как их разместили.

Закрепление данных умений проходит на занятиях декоративной аппликации, где им предлагается задание создать узор в полосе, круге, квадрате, овале, например, составление элементов казахского орнамента (в полосе и прямоугольнике).

Так же ещё одним из условий следует отметить необходимость выбора наиболее эффективных методов работы. Одним из таких методов является игровой метод.

Е. Синякина отмечает, что дети трёх лет познают мир играя, поэтому нужно использовать на занятиях игру. Учебная деятельность должна быть для ребёнка праздником. Это очень важно для выработки у ребёнка позитивного отношения к процессу обучения в будущем [6].

Можно использовать на занятиях аппликацией такие игровые упражнения:

«Полет в космос». По листу бумаги темного цвета (космос) дети перемещают кружок (космический корабль) в указанном направлении (маршрутом космического корабля): из середины (центра) в левый верхний угол, затем в правый нижний и т. д.

«Назови соседей». Для этого используется лист бумаги, на котором расположены изображения различных предметов.

Воспитатель просит найти изображение какого-то предмета и определить:

- что изображено справа от него,
- что нарисовано под ним,
- что находится сверху справа от заданного предмета, и т.п.

Можно провести игру по другому: воспитатель просит назвать или показать предметы, которые находятся:

- в правом верхнем углу,
- вдоль нижней стороны листа,
- в центре листа, и т.п.

«Геометрический диктант». Перед детьми лежит лист бумаги и набор геометрических фигур. Воспитатель даёт инструкции, а дети должны выполнять в быстром темпе. Например, красный квадрат положить в левый верхний угол, жёлтый круг – в центр листа, и т.д. после выполнения задания дети могут проверить правильность выполнения.

«Украсть ёлку». У каждого ребёнка на листе нарисована ёлка, но все шарики на ней белые. Дети наклеивают цветные шарики по инструкции воспитателя. Можно так же провести игру по - другому: у детей заготовка ёлочки из бумаги и вырезанные из бумаги геометрические фигуры разных цветов. Дети по очереди называют ориентиры, - куда наклеить какую фигуру и наклеивают.

Таким образом, последовательная и систематическая работа по обучению ориентировкам в двумерном пространстве на занятиях аппликации способствует повышению результативности процесса обучения дошкольников простейшим ориентировкам на плоскости листа бумаги. Это связано с тем, что занятия аппликацией обладают большим потенциалом в работе по развитию ориентировок на плоскости.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь - 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года. // <http://www.zakon.kz>
2. Закон Республики Казахстан № 319-III «Об образовании» от 27 июля 2007 года (с дополнениями и изменениями от 24 октября 2011 года) // <http://www.zakon.kz>
3. Программа воспитания и обучения детей дошкольного возраста «Зерек бала» (от 3 до 5 лет). Астана: Министерство образования и науки Республики Казахстан, 2009. - 23 с.
4. Малышева А.Н., Ермолаева Н.В. Аппликация в детском саду. - М.: Академия развития. 2002. - 145 с.
5. Короткова Е.А. Рисование, аппликация, конструирование в детском саду. - Ярославль: Академия развития, 2010. – 129 с.
6. Синякина Е., Синякина С. Рисование, конструирование, аппликации. - М.: Стрекоза, 2008. - 16 с.

ӘОЖ 159.942.5:316.622

СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Асанова А., *психология мамандығының 4 курс студенті*
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қаласы
Ғылыми жетекшісі: психология ғылымдарының кандидаты,
доцент м.а. Б.Ш. Байжұманова

Психологиялық денсаулықтың бұзылуына әсер ететін факторлардың ішінде кең тарағандары – эмоционалды тұрақтылықтың бұзылуы, іс-әрекеттегі ауытқушылық және гиперактивтілік.

Стрессор – стресс жағдайын тудыратын фактор. Стрессорларға адамды рухани тепе-теңдіктен шығаратын сыртқы және ішкі жағдайлар жатады. Шеффердің айтуы бойынша адамның ішкі қысымын білдіретін жағдайлар: шоғырлана алушылықтың төмендеуі; жұмыстағы жіберілетін қателіктердің жиілеуі; тез шаршағыштық; жылдам

сөйлеу; ойдың жинақталмауы; бас, омыртқа, асқазанның жиі ауыруы; жоғары қозушылық; жұмыс істеудің қуаныш әкелмеуі; қалжың сезімінің жоғалуы; шылым шегудің жиілеуі; алкогольді ішімдікке әуестену; тойымсыздық сезімі; тәбеттің жоғалуы; өз уақытында жұмысты аяқтай алмау.

Эмоционалды стресс өзінің тегі бойынша әлеуметтік болып табылады. Ғылыми-техниканың дамуы, өмір қарқынының жылдамдығы, ақпараттың көп болуы, адамдар арасындағы қақтығыстық жағдайлар, экологиялық жағымсыздық нәтижесінде олардың кездесуі өте жиіленді. Эмоционалды стресс салдарынан туындайтын ағзадағы өзгерістер өте көп. Әр адамда оған қарсы тура алушылық та әр алуан. Балаларда стресс салдарынан туындайтын клиникалық және соматикалық аурулар бірнеше жағдайларға байланысты. Мұндай жағдайларға индивидтің психикалық және биологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік ортасын және салмақты эмоционалды реакция тудыратын оқиғалардың сипаттарын жатқызуға болады. Отбасындағы бірнеше рет қайталанған күрделі жағдайлар және одан тыс жағымсыз жағдайлар эмоционалды стресстің туындауына әсер етеді. Эмоционалды стресс адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық механизмдерінің бұзылуы жайлы белгілер береді.

Балалардағы эмоционалды стресс көп жағдайда олардың мінез-құлық үлгісін қалыптастырып алуына байланысты туындайды. Күнделікті өмірде кездесетін немесе әдеби шығармалардағы кейіпкерлерге өздерін ұқсатады.

Ерте және мектепке дейінгі кезеңдегі стресске әкелетін жоғары тәуекелдікке ие жағдайлар: қорғанысты жоғалту немесе болмауы; жауласқандық, қатаң, эмоционалды жылылығы жоқ отбасы; жақсы күтім жасай алмайтын, жақын адамын жоғалтқан немесе үйлесімділік жоқ отбасы; шектен тыс қатал талап қоюшы отбасы; отбасында жаңа мүшенің пайда болуы; карама-қайшылықты тәрбие немесе оның типінің өзгеруі; отбасынан алшақтануға байланысты қорғаныстың болмауы; бөтен отбасында немесе балалар мекемесінде тәрбиелену.

Мектеп кезіндегі балалар да шынайы немесе қиялдық қорғанысты жоғалтуды өте ұшқыр бастан өткізеді. Олар үшін өте маңызды өзіндік «Менінің» құндылығын төмендетумен байланысты жағдайлар – ата-анасының, мұғалімдерінің күтулерін, үміттерін ақтамау, өзінің денсаулығы немесе өмірі үшін қорқыныш сезімі эмоционалды стресстің туындауының жиі себептері бола алады.

Баланың педагогпен қатынасының дұрыс болмауына баланың оқу міндеттерін меңгере алмауы себеп болады. Педагогті түсіне алмауына немесе қорқуына немесе көңіл аудармауына байланысты мектеп талаптарына нашар бейімделеді. Мұндай жағдайда психологтар бұл балаларға мектепке бейімделе алмаушылық синдромын қояды. [1]

Кейбір кездерде оқушы барлық талпыныстарына карамастан, құрбылары түсінбейтін күрделі жағдайларда қалады. Бала неғұрлым ересек болса, құрбыларының қатынасы соғұрлым маңызды және олардың өзіне деген мазақтарын, көңіл бөлмеушіліктерін өте ауыр қабылдайды. Әсіресе, мұндай жағдайларда басқа сыныптан ауысып келген бала болуы мүмкін. Бала жаңа әлеуметтік ортада жағымды бейімделе алмауын өте ауыр бастан кешіреді.

Отбасында күрделі өзгерістер баласының өтпелі кезеңге өтуімен байланысты да туындап жатады. Жеткіншектік кезең (10-11-ден 15-16 жасқа дейін) дербес болудың маңызды кезеңі. Дербестікке жетудің табыстылығы көп жағдайда отбасы факторларымен, дәлірек отбасынан бөлектену процесімен жүзеге асады. Жеткіншектің отбасынан бөлінуі жеткіншек және оның отбасы арасындағы өзара қарым-қатынастың, яғни қолпаштауға емес, серіктестікке негізделген жаңа типінің қалыптасуымен байланысты. Бұл кезеңде мектепті, ересектенудің маңызды психоәлеуметтік қақтығыс, сонымен бірге еркіндік пен дербестік мақсатына жету орны ретінде қарастыруға

болады. Нәрестелік кезеңнен жеткіншектік кезеңге дейін психологиялық денсаулыққа сыртқы орта факторларының әсері азаяды. Сондықтан, ересектерге бұл факторлардың әсер етуін сипаттау күрделірек. Психологиялық сау ересек кез келген факторға өзінің денсаулығына зиян келтірмей адекватты бейімделе алуы керек.

Осы позициямен келісе отырып, ішкі субъективті факторлардың психологиялық саулыққа әсерін қарастырайық. Психологиялық саулық стресс жағдайларына төзімділікті білдіреді, сондықтан стреске төтеп бере алуды – толеранттылықты азайтатын психологиялық қасиеттерді анықтайық. Осы орайда индивидуалды типологиялық қасиеттердің ішінде темперамент елеулі роль атқарады. Ең алдымен А. Томастың классикалық эксперименттерінен бастайық, ол темпераменттің «қиын» деп атаған қасиеттерін бөліп көрсетті: ырғақсыздық, бейімделудің төмендігі, қашқақтау тенденциясы, нашар көңіл-күйдің басымдылығы, жаңа жағдайлардан қорқу, шектен тыс қыңырлық, шектен тыс көңіл бөлушілік, жоғары немесе төмен белсенділік. Мұндай темперамент күрделілігі мінез-құлық бұзылуының жоғары тәуекелдігінде. Бірақ аталған бұзылулар қасиеттерден туындамайды, қоршаған ортамен ерекше өзара әрекеттестік тудырады. Темпераменттің индивидуалды қасиеттерін психологиялық денсаулықтың бұзылуы жағынан Я. Стреляу қарастырды.

Я. Стреляудың пікірінше, темперамент – бұл мінез- құлықтың қуаттық деңгейінде және реакциялардың уақытша параметрлерінде көрінетін, мінез-құлықтың тұрақты сипаттамаларының жиынтығы. Жеткіншектік кезең өсіп келе жатқан бала үшін де, эмоционалды шектен тыс шығып кетуіне мүмкіндік жасайтын, баланы түсіне алмаушы ата-ана үшін де өте ауыр, стрессогенді болып табылады.

Белсенді үміткерлік көңіл-күйі адам ғұмырын ұзартады, әрі тәннің ауруға қарсылық қуатын күшейтеді. Ал соңғы жылдары, көңіл күй мен денсаулық арасында қатыстылық болатындығын ғалымдар тағы бір тұрғыдан растады. Олардың көрсетуінше, егер адам жыл бойы жабығып, торығып жүретін болса, онда қан құрамындағы холестерин шамасы артады және адам тәнінің ауырсыну түйсігі ұлғаяды[2].

Ғалымдар мынаны байқаған: егер адам өзінде бардың бәріне разы болса, мысалы, жанашыр жұбайының болғанына, белгілі табысқа жеткендігіне, тіпті өзінің тірі жүргендігі сынды болмыстың өзіне де разылық сезіммен қарай алатын болса, бұндай разылық сезім иммунитеттік қуатты арттырып, қан қысымын төмендетіп, тұтас тәннің қалпына келу қарқынын тездете түседі.

Көптеген адамдардың өмірінде мынадай кешулер болған: қайғырып, жабыққан сәттерде басы, асқазаны ауырып, ұйқы қашу, қан қысымы өрлеу сияқты сырқат белгілері байқалады. Таяуда АҚШ-тың Огайо штаттық университетінің зерттеушілері мынаны байқады: егер жыл бойы жабығып, басылып жүрген болса адамның қанындағы глюкоза мен май қышқылының шамасы артып, сусамыр (диабет) ауруы мен жүрек ауруының катері күшейеді, бұдан сырт, қысым адам денесіндегі холестерин шамасын арттырып, жүрек-қан тамыр ауруларына оңай душар етеді.

Көңіл күй не үшін адам денсаулығына ықпал жасайды? Осылай деудің ғылымилығы бар ма, жоқ па? Мамандар көңіл күйдің сырын Қытай дәстүрлі медицинасы тұрғысынан ашып берді.

Әр түрлі түйсік-сезімдер мен көңіл-күй адамдардың бәрінде болатын жәйт. Жайшылықта бұл қалыпты рухани физиологиялық құбылысқа тән. Әр алуан көңіл күй әрекеттерінің бәрінде сезімді ояту, физиологиялық әрекеттерді сәйкестіру рөлі болады. Дей тұрғанмен, клиникалық тәжірибелер, адам жанының ызалануы, қайғыру, ой соқты болу, уайымдау, үрейлену сияқты жағымсыз көңіл-күйлері мендеп алып, ол толық бейнеленіп шықпаса, денсаулыққа аса зиянды болатынын, тіпті, дертке шалдықтыратынын дәлелдеген. Бұндай аурулар да көңіл-күйден болған аурулар делінеді.

Стресске төзімділіктің төмендігі қандайда бір тұлғалық факторлармен байланысты екендігін қарастырайық. Қазіргі кезде бұл мәселеге қатысты нақты позиция жоқ. В.А.Бодровтың пікірінше, өмірде ақ-жарқын адамдар психологиялық табанды болып келеді, көңіл-күй фоны төмен адамдар керісінше, психологиялық төзімділігі де төмен болып келеді. Сонымен қатар төзімділіктің үш негізгі сипаттамасын бөліп көрсетеді: бақылау, өзіндік баға, сынау.

Адам денсаулығының деңгейі оның мәдениетіне тікелей байланысты. Адам бойында денсаулықты сақтауға деген тұрақты мотивация, ұмтылыс, мақсат болуы керек. Адам өзінің генетикалық, физиологиялық, психологиялық мүмкіндіктерін білуі, өз ағзасының резервті мүмкіндіктерін дұрыс бағалап, оны рационалды білуі тиіс. Сонда ғана адамның стресске төзімділігі айқындала түседі.

Белсенді өмір сүретін ағза стрестік тітіркендіргіштердің әсеріне ұшырамайды. Г.Селье стреспен күрестің келесі құрамын ұсынды: салауатты өмір салты; позитивті ойлау; стресті фармакологиялық түзету, яғни фитоадаптогендерді қолдану; белсенді өмірлік бекіту позициясы; ертеңгілік дене шынықтыру.

И.В. Дубровина: «Психологиялық саулық тұлғаны толық қамтиды, адам жан дүниесінің жоғары сатыларымен тығыз байланысты, психикалық саулықтың психологиялық аспектісі» десе, О.В. Хухлаева: «Психологиялық саулық – психикалық саулықтың психологиялық аспектілері: адамның жас ерекшелік, әлеуметтік, мәдени рольдерін адекватты орындау шарты; адамның өмір бойы үздіксіз даму мүмкіндігіне байланысты» деп көрсетеді. [3]

М.Р. Роговин бойынша адамның стресске төзімділігінің сипаты сыртқы және ішкі реттелу функцияларының сақталуына негізделеді. Б.С. Братусь тұлғалық – мәнділік немесе тұлғалық саулық, индивидуалды психологиялық денсаулықтың жоғары деңгейі ретінде – мәнді талпыныстардың адекватты тәсілін құру қабілеттілігі және психикалық іс-әрекеттің нейрофизиологиялық ұйымдастырылуының ерекшелігі ретінде психофизиологиялық саулық деңгейін көрсетеді.

Қорыта келе, психологиялық әдебиеттер негізінде адамдардағы психологиялық саулықтың үш деңгейі кездеседі, және бұлар адамның стресске төзімділік көрсеткішін білдіреді.

Психологиялық денсаулықтың жоғарғы деңгейі – креативтілікке – ортаға тұрақты бейімделушілігі, стрестік жағдайларды меңгеруге резервті күші бар және шындыққа белсенді шығармашылық қатынас құру позициясын ұстанатын адамдарды жатқызуға болады.

Орташа деңгей – бейімделушілікке – социумға толық бейімделген, бірақ біршама жоғары мазасыздығы бар адамдарды жатқызамыз.

Төменгі деңгей – бұл дезадаптивті. Мұнда ассимиляция және аккомодация процестерінің тепе-теңдігі бұзылған және ішкі қақтығысты шешуде ассимилятивті немесе аккомодативті құралдарды қолданатын адамдарды жатқызамыз. Ассимилятивті мінез-құлық стилі ең алдымен адамның сыртқы жағдайға өз тілектеріне және мүмкіндіктеріне зиян келтірумен сипатталады. Қоршағандардың тілектеріне толығымен сәйкестенуге тырысады.

Аккомативті – мінез – құлық стилі керісінше, қоршағандарды өз қажеттіліктеріне бағындырғысы келеді. [4], [5]

Әдебиет:

1. Г.С. Никифоров "Практикум по психологии здоровья".
2. Петровская Л.А. Гуманистический контекст психологической помощи//Социальная психология в современном мире/ Под ред.Г.М.Андреевой, А.И.Донцова. М.: Аспект Пресс, 2002. С 323-333.

3. Практическая психология образования / Под ред. И.В. Дубровиной. М.; ТЦ «Сфера», 1997.
4. Михайлов А.Н., Ротенберг В.С. Особенности психологической защиты в норме и при соматических заболеваниях // Вопросы психологии. 1990. №5.
5. Никифоров Г.С. Психология здоровья: Учебник для вузов СПб. - Питер, 2006. — 607 с.

УДК 373.2

К ВОПРОСУ ОБ ОЗНАКОМЛЕНИИ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ОСНОВНЫМИ ГЕОМЕТРИЧЕСКИМИ ПОНЯТИЯМИ В ПРОЦЕССЕ КОНСТРУИРОВАНИЯ ИЗ БУМАГИ

Афанасьева А.А., Барановская О.М.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев в своем Послании «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года отметил: «Все развитые страны имеют уникальные качественные образовательные системы. Планируется обеспечить 100 - процентный охват казахстанских детей от 3 до 6 лет дошкольным образованием к 2020 году». Особое внимание Нурсултан Абишевич уделил содержанию образования в дошкольных организациях. При этом он подчеркнул, что важно дать детям современные методики и программы обучения.

На это же нацелены современные программы обучения и воспитания детей дошкольного возраста, в них важное место отводится ознакомлению детей дошкольного возраста с геометрическими понятиями. Так, в образовательной области «Познание» государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан основными задачами по ознакомлению старших дошкольников с геометрическими понятиями является:

1. Формирование представлений о геометрических фигурах и их понятия;
2. Упражнять в умении различать и правильно называть геометрические фигуры (круг, овал, треугольник, квадрат, прямоугольник, четырехугольник) и тела (шар, куб, цилиндр, пирамида) [1].

В программе «Біз мектепке барамыз» отмечено, что основная задача воспитателя старшей группы заключается в том, чтобы более глубоко познакомить детей с простейшими признаками и особенностями известных им геометрических фигур как эталонами для сравнения предметов по форме. В частности, одним из необходимых средств полноценного ознакомления старших дошкольников с основными геометрическими понятиями является конструирование [2].

Термин «конструирование» (от латинского слова *construere* - построение) обозначает построение вообще, приведение в определенное взаимоположение различных предметов, частей, элементов

Конструирование является практической деятельностью, направленной на получение определённого, заранее задуманного продукта. Детское конструирование (создание различных построек из строительного материала, изготовление поделок и игрушек из бумаги, картона, и т.п.) тесно связано с игрой и является деятельностью, отвечающей интересам детей.

Конструируя, ребёнок учится не только различать внешние качества предмета, образца «форму, величину, строение и пр.»; у него развиваются познавательные и

практические действия. В конструировании ребёнок, помимо зрительного восприятия качества предмета, реально, практически разбирает образец на детали, а затем собирает их в модель (так в действии он осуществляет и анализ, и синтез) [3].

В последнее время проблема ознакомления старших дошкольников с основными геометрическими понятиями в процессе конструирования из бумаги приобретает всё более актуальный характер, так как своеобразие конструирования из бумаги состоит в том, что из плоского листа создаются объёмные предметы [4].

В настоящее время воспитатели знакомят детей с геометрическими понятиями при использовании строительного материала и, как правило, не уделяется внимание использованию таких средств ознакомления старших дошкольников с геометрическими понятиями, как конструирование из бумаги.

Для ознакомления дошкольников с основными геометрическими понятиями в процессе конструирования из бумаги можно использовать следующие задания.

«Волишебные фигуры»

Цель: закрепить умение узнавать на рисунке геометрические фигуры. Уметь сконструировать из геометрических фигур кошку и гуся.

Материал. Рисунок кошки и гуся.

Инструкция по проведению

а) Предложить детям рассмотреть рисунок кошки.

Задание: назвать, из каких геометрических фигур состоит кошка; сосчитать, сколько в нарисованной кошке кругов, квадратов, треугольников.

Записать эти цифры рядом с каждой геометрической фигурой.

Предложить детям сконструировать кошку из геометрических фигур (круг, квадрат, треугольник)

б) Предложить детям рассмотреть рисунок гуся.

Задание: Спросить у ребенка, из каких геометрических фигур составлен гусь? (Из треугольников, овалов, кругов).

Предложить детям сконструировать гуся из геометрических фигур (треугольник, овал, круг).

«Составь картинку»

Цель: выявить умения детей расчленять изображения предметов на составные части и воссоздавать сложную форму из частей; выявить уровень речевого развития (знание терминов). Уметь конструировать из геометрических фигур.

Материал. Демонстрационный: образцы рисунков, составленных из геометрических фигур: машина, лодка, человек.

Раздаточный: у каждого ребенка фланелеграф, геометрические фигуры.

Инструкция по проведению

Воспитатель обращается к детям с вопросом: «Что нарисовано на этих картинках?» Выслушав ответы, задается следующий вопрос: «Из каких фигур составлена лодочка? Сконструируйте каждый на своем фланелеграфе парусную лодку. Место для нее выберите так, чтобы хватило и для остальных картинок».

Когда дети выполняют задание, им показываются остальные рисунки: «Из каких фигур составлен грузовик? (Ответы детей) Сконструируйте из геометрических фигур грузовик». Дети выполняют задание. «Из каких геометрических фигур составлен человечек? Чем отличаются овалы, из которых сделаны руки, от тех, из которых сделаны ноги? А туловище?»

Детям предлагается сконструировать такого же человечка; лучшие работы демонстрируются.

Данные, полученные нами в ходе опытно-экспериментальной работы, проводимой в рамках дипломного исследования, свидетельствуют о том, что подобные задания, предлагаемые детям в процессе конструирования из бумаги, способствуют повышению уровня элементарных знаний о геометрических понятиях у детей старшего дошкольного возраста.

Литература:

1. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан: Астана, 2013.
2. Программа воспитания и обучения детей старшего дошкольного возраста «Біз мектепке барамыз». - Астана, 2013. - 109 с.
3. Косминская В.Б., Халезова Н.Б. Основы изобразительного искусства и методика руководства изобразительной деятельностью детей: Лаб. практикум: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2110 «Педагогика и психология (дошк.)». - 2-е изд., дораб. - М.: Просвещение, 1987. - 128 с.
4. Давидчук А.Н. Развитие у дошкольников конструктивного творчества. Изд. 2-е, доп. - М.: Просвещение, 1976. – 79 с. с ил.
5. Елжова Н.В. Методическая копилка для педагогов дошкольного образовательного учреждения / Н.В. Елжова. – 2-е изд., перераб. и доп. - Ростов н/Д: Феникс, 2010. – 250 с.

ӘӨЖ. 378.001(76)

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДУАЛЬДАУ РЕФОРМАСЫНЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Ахметжанов Ж.Ж., Бегімбетова Г.М.
(*М.Х.Дулати атындағы Тараз МУ*)

«Ұлы адамдар туа біткен жоқ, олар бұл дәрежеге өздерін өздері жеткізді, өмір бойы алға ұмтылумен өтті», – деп Гегель айтқандай келешегіміз кемелді болу үшін білімімізбен, ақыл-парасатымызбен, жасампаз еңбегімізбен ел дамуына үлесімізді қосуымыз керек!

21 ғасырдағы дамыған ел дегеніміз: белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар екені даусыз. Ол үшін бірегей білім беру жүйесіне реформа қажет. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан-жолы 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Жолдауы – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін шынайы іс – жоспарға құрылған шын мәніндегі тарихи құжат. Осы стратегиялық құжатта Президентіміз мемлекеттік қызметтің барлық саласын қамти отырып, тәуелсіз Қазақстанымызды дамытудың, әрбір қазақстандықтың, әрбір отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды.

Бұл мақалада жолдаудың басым бағыттарының бірі білім беру жүйесін модернизациялаудағы дуальдау реформасының өзектілігіне тоқталғым келеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім берудің негізі мақсаты былайша айқындалады: «Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Болашақтың табысты экономикасы білім беруіне, халықтың дағдылары мен қабілетіне инвестициялайтындар болмақ. Білім беруді әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар ретінде ғана емес, экономикалық инвестициялар ретінде түсіну қажет. Білімге негізделген экономика және қоғам, өмір бойы оқыту –бәсекеге қабілеттілік пен жаңа технологияларды қолдану проблемаларын шешудің, әлеуметтік бірлікті, тең мүмкіндіктер мен өмір сапасын жақсарту тәсілдері болуы тиіс» [2] деп, қазіргі таңдағы қоғам мен мемлекеттің дамуы үшін білімді дамытудың маңыздылығын айқындай отырып, білімді дамытуда бірнеше міндеткерліктер жүктейді.

Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан –2050» стратегиясында кәсіптік білімді дамытудың маңыздылығын айқындай келе, білім саласына қатаң тапсырма жүктеген болатын: «Үкіметке 2013 жылдан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді тапсырамын. Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді. Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми -зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет» осы негізде кадрларды дайындаудың мамандандырылған жүйесін жасауда ғылыми техникалық прогрестің қазіргі деңгейін ескере отырып, білім беру саласына қойылатын жоғары халықаралық талаптарды да қанағаттандыру мақсатында еліміздің мұнайлы аймақтарында, кәсіптік -техникалық білім беру саласына жаңа жүйе —дуальды оқыту әдісі енгізіліп, осыған орай, қазіргі қоғамға ақпараттық - коммуникациялық технологияларды, оның ішінде, дуальдау оқыту жүйесін ендіру осы салада нақты біліктілігі мен мамандығы бар кадрларға деген сұранысты арттырады деп болжам жасалуда. Оқытудың дуальдау жүйесі дегеніміз не соған анықтама берсек:

Дуальдау оқыту жүйесінде кәсіптік білім беру - өнеркәсіп өміріне дайындық жүргізу үшін білім алушының теориялық және практикалық дағдысын қалыптастыру мақсатында жүргізілетін негізгі оқыту жүйесі болып табылады.

Дуальды оқыту әдісі әлемнің көптеген ірі дамыған мемлекеттерінде мысалы, Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция, Англия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерінде жоғары нәтиже беріп жүргізіліп келеді. Яғни білім алушыны жан-жақты дайындау. Сонымен қатар, еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесін шешу, жас білім алушының жаңа технологияны меңгере отырып, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай жұмыс күшін қалыптастыру. Сондықтан, дуальды оқыту жүйесі өнеркәсіп саласына қажетті мамандарды даярлау мәселесін толық қанағаттандыратын негізгі жүйенің бірі болып табылады. Сондай-ақ, дуальды оқыту жүйесі арқылы, білім беру мен кәсіпорын арасында тығыз байланыстың орнауына да үлкен септігін тигізеді.

Осыған орай, бұл оқыту жүйесінің тиімділігі жан-жақты талқыланып, білім және ғылым Министрлігінің шет елдердің тәжірибелерін зерттей келе, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне енгізу басшылыққа алынды.

Дуальды жүйенің негізі - болашақ жас маманның оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жоғарылату. Дуальды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастыру нәтижесінде, оқушы оқу бағдарламасын жақсы меңгереріп қана қоймай нағыз дайын маман болып, жұмыс берушілердің сұраныстарына, талаптарына сай кәсіптік –техникалық кадрлар даярлайтын болады және дуальды оқыту әдісінің тағы бір ерекшелігі - еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға тек білім мекемелерінің ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады [5]


Сондай-ақ, дуальды жүйенің басымдығы оқытудың өндіріспен тығыз байланысын орнап, қазіргі таңда елімізге осы жүйе қолданысқа ене бастады. Әр оқу ордасы әр сала бойынша дуальдық жүйені қолдануға мүмкін болатын мамандықтарды анықтап, оқытушылар мен өндірістік оқытуды кеңінен қолдану барысында 2011-2012 оқу жылы аралығында жұмыс берушілер мен оқу орындары арасында оқушылардың өндірістік тәжірибеден өтуі үшін 591 келісім жасалып, жүзеге асырылған. Бұл процестен байқайтынымыз дуальдау оқыту жүйесі арқылы жас мамандарды жұмысқа көптеп тарту және оқу процесі аяқталғаннан кейінгі жұмыспен қамтылуына да жағдай жасайтын тиімді жағын байқауымызға болады.

Дуальдау реформасының негізгі жүзеге асырылындағы негізгі бастама:

Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызы зор. Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет» [3] - деп, бұл оқыту жүйесінің техникалық салада алар орнын айқындап берген болатын.

Сондай -ақ, Президент Н.Ә.Назарбаев колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеген. Осыған байланысты елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласында жаңа жүйе жасалына бастады. Бұл оқыту жүйесі Батыс Қазақстан аумағы бойынша жоғары бағытта іске асып отыр. Оған басты себеп, мұнай, газ өңдеу кәсіпорындары көбінесе осы аймақтарда орналасқандықтан, өндіріс саласын дамыту мақсатында, 2013 жылдан бастап , Ақтөбе қаласындағы бес колледжде пилоттық жоба қолға алыну жоспарланған. Бұл бес колледждің бесеуінің де әлеуметтік серіктестері бар. Білім және ғылым министрлігі, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы және Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжі үшжақты келісімге қол қойды. Соның нәтижесінде, аталған колледждің үш мамандығы бойынша («Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару», «Темір жол қозғалысында автоматика, телемеханиканы басқару», «Темір жол жылжымалы құрылымдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету») білім алатын оқушылар үшін дуальды оқыту әдісі ұйымдастырылу қарастырылған. Дуальды оқыту әдісіндегі ерекшеліктердің бірі оқу орындары өздеріне әлеуметтік серіктес табуы керек. Оқушылар тәжірибе сабақтарын өткізуі үшін мамандықтарға сай келетін кәсіпорындармен келісімшартқа отыруы тиіс. Дуальды жүйені оқу процесіне енгізу мақсатында елімізде әлемнің жетекші кәсіптік -техникалық білім беру мекемелерімен ынтымақтастық дамытылып жатыр. Халықаралық ынтымақтастықтың нәтижесінде Қазақстанның оқытушылары Германия, Сингапур, Канада елдерінің кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарында тәжірибе алмасулар дами бастады.

(Сызба No1).



Жастардың табысты еңбек етуі жоғарыда аталған факторлармен тығыз байланысты: біріншіден, бүгін білім алу көзі кеңейіп, өз бетімен оқимын деушілерге мол мүмкіндік туып отыр; екіншіден, білім әлемінде өз жолын тауып, өздігінен білім алуға ұмтылыс жасау; үшіншіден, адамның өзіндік қызығушылығы, түрлі мотивтері болуы; төртіншіден, жұмыс істейтін орында оның үнемі даму үстінде болуына жағдай жасалуы.

Елімізде жастардың ізденгіш, арманшыл болмысын өмір шындығымен ұштастыру және әлеуметтік мәселелерін шешу үшін барлық жағдайлар жасалуда десек болады. Қазірде жастар барлық заманауи технологиялық құралдарды меңгеруде кез келген басқа елдің жастарымен зияткерлік деңгейі жағынан терезелері тең. Тіпті, халықаралық ареналарда өздерінің біліктілігімен елді сүйсіндіріп, білімдерімен әлемді аузына қаратып жүрген өрендеріміз де баршылық.

Әдебиет:

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012. №106 (28143)-6-7 б.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.—Алматы, 2010.-52-54б.
3. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам //Егемен Қазақстан, 10 шілде, 2012. № 97 (28456)-6-7 б.
4. Азгальдов Г.Г., Костин А.В. Интеллектуальная собственность, инновации и квалиметрия // Экономические стратегии, 2008.—№ 2 (60).—С. 162-164.
5. Г.Базылқызы. Әлемдік тәжірибе: дуальды оқыту әдісі // [http:// i-news.kz /news/2013/02/21/6895375.html](http://i-news.kz/news/2013/02/21/6895375.html). 06.03.2013.-4-5 б.

ӘОЖ 316.356.2

ЖҰБАЙЛАРДЫҢ НЕКЕГЕ ҚАНАҒАТТАНУЫНЫҢ МӘНІ

Әжібек М., психология мамандығының 4 курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі: психология ғылымдарының кандидаты,

доцент м.а. Б.Ш. Байжұманова

Қазіргі кездегі экономикалық, техникалық заманның шарықтау кезіндегі қоғамдағы түрлі өзгерістер отбасындағы психологиялық ахуалға тікелей әсер етіп отыр. Басқаша айтқанда отбасындағы жағдай тұрақты, қалыпты болмай қалды.

Жалпы, қазіргі уақытта психологтардың алдында тұрған аса күрделі мәселелер – отбасының ыдырауы, ажырасу, қарттар, жетім балалар болып отыр. Қолда бар статистикалық мәліметтерге сүйенсек, некелердің күн сайын төртке жуығы ажырасады, ал сәбилердің 10%-і некелеспеген әйелдер дүниеге әкеледі екен. Отбасындағы психологиялық ахуалды отбасының әрбір мүшесі қалыптастырады, және оның жағымды немесе жағымсыз болуы соларға тәуелді. Жағымды жағдайдың қайнар көзі болып жұбайлардың қарым-қатынасы болып табылады.

Осы таңдағы неке қазіргі адамдардың тұлға ретіндегі үйлесімділігіне негізделеді. Бірге өмір сүрі үшін келісімге келе алу, бір-бірін сыйлау, сенім арту, өзара сыйласа білу, серігінің қажеттіліктерін есепке алу қасиеттері жұбайлардан талап етіледі.

Отбасының тұрақтылығын сипаттайтын басты белгі ондағы ерлі-зайыптылардың бірінің үстемдігі дей келе К. Витек, Л.Я. Гозман тең құқық пен бір-біріне ризашылықтың да маңызын атап өтеді. Қазіргі заман жас отбасының моделін анықтауда Н.А. Минкиннің жауапкершілік психологиясына қатысты зерттеулеріне негізделі отырып, осы жауапкершілікті де отбасын бұзбай, ұстап тұратын фактор ретінде баса көрсетуге болады. Бұл ретте жауапкершілік психологиялық отбасы тәрбиесі орнын белгілеуде. Оның дұрыс және бұрыс ықпалын, қоғамдағы әлеуметтік нормаларға сәйкестігі мен іс-әрекетіне жауап бере алудың маңызын да ескерген жөн деседі зерттеуші ғалымдар (В. Энгельгердт).

Отбасы – жеке тұлғаның және бүкіл қоғамның өмірінде орасан зор орын алады. Оның маңызды сипаттамалары болып оның қызметтері, құрылымы және динамикасы табылады. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланыста бола отырып, қоғамның миниатюрадағы үлгісі ретіндегі отбасының өмірлік іс-әрекетін құрайды. Отбасының тұтас жүйе ретінде дамуы бірнеше циклдардан өтеді. Қазіргі ғылымда отбасының өмірлік циклдерін жіктеуде бірнеше тәсіл бар. Дегенмен кез келген отбасы ол циклдердің ешқайсысына нақты сай келмейді. Бұл оның қоғамдық институт ретіндегі айрықша екендігін көрсетеді.

Күрделі дау-жанжалдар немесе ажырасулар некенің дамуында ерекше кезеңнің пайда болғандығын, белгілі-бір қажеттіліктерді қанағаттандыру барысында үйлесімсіздіктің пайда болғанын көрсетеді. Жұбайлардың екеуінің де немесе біреуінің белгілі-бір қажеттіліктерінің қанағаттанбауы дау-жанжал мен ажырасуларға себепші болады, соның салдарынан некеге қанағаттанушылықтың мәселелері өте өзекті және міндетті түрде қарастырылуы қажет болып табылады.

Жұбайлардың некеге қанағаттанушылықтарына әлеуметтік бейімделумен байланысты интегративті тұлғалық сипаттама болып табылатын психологиялық жынысы тікелей әсер етеді. Алайда тұлғаның психологиялық жынысы мен некедегі жынысаралық айырмашылықтар мәселелері ең аз зерттелген. Психологиялық жыныс пен биологиялық жыныс сәйкес келген кезде, мінез-құлықтың белгілі-бір стильдері ішкі жыныспен сәйкес келген кезде тұлға үйлесімді дамиды.

Отбасының тұрақтылығы әйелдің толыққанды әлеуметтік тіршілік етуі, оның күйеуімен әлеуметтік-экономикалық мәдени тұрғыда тең қарым-қатынаста болуымен психологиялық тұрғыда жақындығымен анықталады. Қазіргі отбасының нәзіктілігі терең және сезімтал, эмоциялық жағынан қанағаттандыратын жеке талаптармен өлшенеді, бұл балаларды тәрбиелеуге қарама-қайшы әсер етеді. Бір жағынан отбасылық өмірдің бағдары жекеленген сипатқа ие болып, эмоциялық үйлесімге ұмтылу балалардың әлеуметтену процесіне кері әсерін тигізеді.

Адамзаттың тіршілік етуі, өмір сүру жағдайы, жақсы жағдайларға, жетістіктерге қол жеткізуі адамның өзінің табиғатына байланысты. Бір адамның басқа адамдарға ұмтылуы, достық, махаббат, көңіл аударуы тұлғаның психикалық жекелігін жеңуге деген адамның туа біткен ұмтылысының негізі бола алады. Адамның адамға деген толық психикалық байланыстылығы әйелдер мен ер адамдардың қарым-қатынасына ұласады, сонымен бұл «адамның адамға деген табиғи қарым-қатынасы болып табылады». «Адамзаттың идеясында ер адамдарды бөлек, ал әйел адамдарды бөлек жеке-жеке ешқашан елестете алмайды». «Екі адамның адамгершілік пен тән арқылы байланысы қайтадан біртұтас адамды құрайды» Ол «өзінің практикалық жүзеге асуын некеден табады». Осыған ұқсас ойларды Фихте де ұсынады: «некедегі жалған адам- тек қана жартылай адам».

Жұптардың қарым-қатынасының әртүрлі деңгейлері

Бірінші деңгейі	Екінші деңгейі	Үшінші деңгейі
Некенің тұрақтылық деңгейі, ашып айтсақ, некенің заң жүзіндегі сақталуы (ажырасудың болмауы).	«некедегі бейімделушілік», «жұбайлардың адаптациялануы», бұл жерде ажырасудың және ажырасу алдындағы ситуацияның жоқ болуы ғана емес, үй шаруасын бөлісу, балаларды тәрбиелеу және т.б. сияқты мінездемелер бойынша жұптың бірлігі байқалады.	жұптың құндылықтар ориентациясының бір жерден шығуымен мінезделетін «сәтті» некенің деңгейі

Қазіргі отбасы өзінің ерлі-зайыптылық формасын біртіндеп дамытуда, ерлі-зайыптылықтың мәні бірінші жоспарда тәуелсіз құндылықтар статусына ие болады. А.Г.Харшевтың көзқарасы бойынша, махабаттың - некенің негізгі мотивіне айналуы ерлі-зайыптылардың бір-біріне көрсететін моральдық талаптар шеңберін ұлғайтады, ерлі-зайыптылыққа байланысты талаптарды күшейтеді. Л.В.Варфалви қазіргі өтпелі кезеңге ерлі-зайыптылық құндылықтарды меңгеруде нақты қиындықтар тән деп жазады. Қазіргі некелік одақта адамның өзінің жеке басының құндылықтарына байланысты махаббат, сыйластық, назар аудару, қамқор болу мен сезімдерге негізделген жекелік, интимдік қарым-қатынастың мәні артып келе жатыр.

Жұбайлардың некеге қанағаттанушылықтарының негізгі түсініктерінің бірі ретінде психологиялық үйлесімділікті жатқызуға болады.

Психологиялық үйлесімділік арқасында жұбайлар отбасылық өмірде бір-бірлеріне оңтайлы серік бола алады, себебі сыйластыққа, достыққа, махаббатқа, көзқарастардың бірегейлігіне негізделе отырып олар үй шаруашылығына байланысты міндеттерді, жұмыстарды, өздерінің құқықтарын ақылдаса отырып бөлісе алады. Жұбайлар бірін-бірінің мінез, темперамент қасиеттерін, ақлын, әдеттері мен қажеттіліктерін жағымды жағынан психикалық тұрғыда қабылдайды. Мүмкін психологиялық үйлесімділік ортақ іс-әрекеттің белгілі-бір мақсаттары мен нәтижелеріне жету үшін тұлғаның өзгенің айтқанына көне алу қасиетімен байланысты шығар.

Ал қазіргі отбасынан адамдар жеке басының эмоциялық терең қанағаттануын қалайды. Бұл қазіргі отбасын өте нәзік етіп қояды. Белгілі бір әлеуметтік-экономикалық алғышарттарға бай неке жұптары айнып кетуге бейім тұрады.

Сондықтан, қоғамдағы әлеуметтік психологиялық мәселелерді шешу – отбасының тұрақтылығы мен жұбайлардың өзара психологиялық үйлесімділігінде. Отбасындағы ерлі-зайыптылардың некеге қанағаттануы көптеген мәселелерді шешудің негізгі құралы болып табылады. Сондықтан, жастарды отбасын құруға дайындау барысында олардың өзара психологиялық үйлесімділігі негізінде қанағаттанушылықты қамтамасыз етудің мәні зор. Бірнеше жыл отбасын құрып отырған жұбайлардың некеге қанағаттануы ұзаққа сақталына отырып, отбасын сақтап қалудың ұйытқысы бола алады.

Қорыта айтқанда, отбасылық шиеленістің туындауының бірден бір себептерінің бірі өз жұбының қылықтарынан жақсы қасиеттерін іздеуден гөрі және бірін-бірі басудың орнына жақын адамдар олардың тәртібінен жаман қасиеттерін тіміскілеуге тырысып тұрады. Мұндағы ең басты мақсаттары: әрбір отбасының өзінің шындығын дәлелдеуге ұмтылуы болып табылады. Отбасылық қарым-қатынаста орын алатын мұндай құбылыстар көбінесе психологиялық үйлеспеушілік немесе психологиялық

қанағаттанбаушылық деп аталып жүр. Дегенмен, әуел бастан-ақ отбасын құрудың ең негізі басты себептері репродуктивтік немесе махаббат пен бақыт болып саналған, сондықтан отбасы жұбайларының некеге қанағаттануының мәні зор.

Әдебиет:

1. Шужебаева А.И. Психологические-педагогические исследования трудностей в общении детей в условиях семейного воспитания. Автореф. канд. дис. Алматы, 2004
2. К.А. Оразбекова «Отбасы психологиясы»- Алматы, 2003. 148б.
3. Э.Флерковский. Я и моя семья.- Москва, 2003. 320с
4. Сабекова.Д. Отбасы психологиясында тұлғааралық қарым-қатынасының қалыптасуының теориялық мәселелері// Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Хабаршысы. Психология және социология серисы. 2010-№ 4.6-58.
5. Турсынова Л. Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері//Психология в Казакстане - 2010.-№ 6.6-3.

ӘӨЖ 376.2 (574)

БІЛІМ БЕРУ ОРДАЛАРЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫ ЖАНДАНДЫРУ

Әзімбек А.

Ғылыми жетекші|: п.ғ.к., профессор м.а., Сламбекова Т.С.

(Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ҰУ)

Бүгінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы көмекті қажет ететін балаларға білім беру орталықтарында жағдай туғызу, олардың әлеметтенуіне қолайлы жағдай жасау, мүмкіндігі шектеулі жандардың, яғни басқа денсаулығында ақауы жоқ балалармен оқыту.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивті оқыту мәселесін Ресей ғалымдарының, атап айтқанда С.Д. Забрамнаяның «Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей», Х.С.Замскийдің «Умственно отсталые дети», Е.Е. Чепурныхтың «Дети с особыми нуждами» атты зерттеулері құраса, аталған мәселе бойынша Қазақстан Республикасында алғашқылардың бірі болып Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінде зерттеулер жүргізіле бастады. Бүгінде Бутабаева Л.А. Кохлеарлы «Имплаңталған балалардың сөйлеу іс-әрекетін дамытудың психофизиологиялық негізі», Рахимова М.М. «Логопедиялық ырғақтың балалардың сөйлеу тілін дамытудағы ролі» еңбектері т.б көптеген ғылыми жұмыстар бар.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу құқықтары біздің елімізде жан-жақты қарастырылуда, «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы», «Қазақстан Республикасы балалардың құқықтары туралы заңы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңы» [1;2;3;4].

Сондай-ақ, инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» нақтыланған. Құжатта ҚР білім беру жүйесінің әлсіз жақтары ретінде инклюзивті білімнің нашар дамуы сипаттала отырып, оның жоспарлы дамуына әсер ететін қауіп-қатер ретінде елімізде мүмкіндігі шектеулі балалардың көбеюі атап көрсетілген. Және осы бағдарламада инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламаларын жасау;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесін әзірлеу;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандарын анықтау.

Бағдарламада Қазақстан Республикасында 2020 жылға қарай инклюзивті білім жүйесінің енгізілуі; инклюзивті білім үшін жағдай жасайтын мектептердің үлесінің жалпы санының 70% - ке ұлғаюы; мүгедек балалар үшін «кедергісіз қол жеткізуді» жасайтын мектептердің жалпы санының ұлғаюы – 20%; инклюзивті біліммен қамтылған балалардың үлесі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан 50% құрайтын болады [5].

Инклюзив - сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді [6].

Инклюзивті оқыту - ерекше қажеттілігі бар балалардың мұқтажыдығын ескере отырып білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектеп өміріне белсене қатысуға, оқушылардың тең құқығын анықтауға және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді [7].

Мүмкіндігі шектеулі жандар - туа және жүре пайда болған әр түрлі аурулар, анализаторлық қызметтің бұзылуы нәтижесіндегі немесе апаттар әсерінен адамдардың белгілі бір қызмет түрлерін атқара алмауын айтамыз.

Инклюзивті оқытудың 8 қағидасы:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістік кежетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті білім беру бағдарламасымен жұмыс жасайтын мектептің мұғалімі жетістікке жете алады егер:

- Оған қиындық қызықты, және ол сол қиындықты жеңуге дайын болып, әр түрлі бағытта жұмыс жасай білсе;

- Ол жеке білім беруді құрметтесе;

- Ол топтың басқа мүшелерін тыңдай және олардың ұсынған ұсыныстарын қабылдай білсе;

- Ол топта басқа мамандармен жұмыс істеуге келіссе(әлеметтік педагог, психолог, дефектолог т.б [7].

Мүмкіндігі шектеулі балалар соның ішінде тірек-қимыл жүйесінде ақауы бар балалар жалпы білім беретін ұйымдарда оқытқанда қосымша педагогикалық алға сүйреуді қажетсінеді. Немесе есту, көру аппараттарының зақымдануына байланысты тапсырманы кеш түсініп жатады, бұл педагогтардан бірінші адамгершілік қасиеттерді және толеранттылықты талап етеді. Ақаулығы бар балалардың ата-аналарыда балаларын жалпы білім беретін мектептерге беруге қорқады. Оған басты себеп қоғамымызда бұл балаларға ерекше көзқарас, сыныпта олармен басқа балалардың араласуға қорқуы, бастауыш сынып оқушыларының оларға әр түрлі сұрақтар қою арқылы баланың шеттетілуі т.б.

Қорытындылай келе, еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғаммен тығыз байланысты болу мақсатында жасалып жатқан іс-шаралар қатары көп десек те болады. Осы іс-шаралардың оң нәтиже беруі және білім беру жүйесінде толықтай іске асырылған жағдайда мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтенуіне бірден бір оң ықпалын тигізер еді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы <http://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы <http://kguti.kz//>
3. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы заңы <http://adilet.zan.kz/>
4. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңы. 13 сәуір, 2005 ж. №39.
5. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». А., 2010 ж.
6. Елисеева И.Г. Об организации психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями в развитии. //Открытая школа, № 6 (117), 2012, 3-4 стр. №7 (118) 2012 ж
7. Махамбетова Ж.Д. Инклюзивті білім беру жаңдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы. //Открытая школа, № 7 (128), 2013.

УДК.372.3

МЕТОДИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ РАЗВИВАЮЩИХ ИГР В ОБУЧАЮЩЕМ ПРОЦЕССЕ СТАРШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ

Бапашева С.Е.

(СКГУ им. М.Козыбаева)

Потребность современного общества в гармоничном развитии личности предъявляет новые требования к системе образования. Задача современного образования – воспитывать граждан, способных думать, самостоятельно «открывать» знания, быстро ориентироваться в потоке информации, умеющих найти правильное решение в ситуации выбора. Реализация этой задачи объективно требует качественно нового подхода к обучению и воспитанию детей. Обучение должно быть развивающим, обогащать ребенка знаниями и способами умственной деятельности, формировать способности: «Особое внимание должно быть уделено системе дошкольного образования как первой ступени непрерывного обучения, стимулирующего развитие

детей, обеспечив их эффективными программами для развития творческих и интеллектуальных способностей», отмечает Н.А.Назарбаев [2, с.3].

В условиях нарастающей глобализации социально-экономической и культурно-политической жизни мирового сообщества изменяется и научная парадигма казахстанского образования. Все более актуальной становится компетентностная ориентация образовательного процесса, нацеленного сегодня на формирование практически применимых комплексных навыков, умений и знаний. В Государственном общеобязательном стандарте дошкольного воспитания и обучения, а также в программе «Балбөбек» отмечается, что умственное развитие дошкольника – важнейшая составная часть его общего развития, подготовки к школе и ко всей будущей жизни. Стандарт дошкольного образования предполагает использование инновационных подходов к организации педагогического процесса в организациях дошкольного воспитания и обучения [3, с. 3].

От воспитания детей в дошкольном возрасте во многом зависит дальнейшее их развитие и обучение в начальной школе, а также становление личности ребенка. Роль дошкольного образования постоянно повышается и на сегодняшний день выполняет ряд социальных функций, имеющих государственное значение. Вопросы развития детей дошкольного возраста неразрывно связаны со стратегией национального развития и являются неотъемлемой частью государственной политики. Дошкольное воспитание и обучение имеют жизненно важное значение как для каждого ребенка, так и для будущего благополучия страны. Они выступают как первый уровень системы непрерывного образования и призваны создать все необходимые условия для формирования и развития личности ребенка.

базалық психофизиологиялық және физиологиялық процестер мен функцияларды зерттеуге негізделген екінші бағыт белең алуға болады. Осы базалық процестердің ішінде мидың қызметтік функциясынан туындайтын ерекшелігі терең зерттелуде [5], [6]. Бұл бағытты редуccionисттік деп атауға болады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың ақыл-ой ерекшеліктерін зерттеуде осы тәсілдерді қолдануға болады. Олар өте қарапайым физиологиялық және психофизиологиялық процестер мен функцияларды зерттеуге арналған ақыл-ой қабілеттілігі мен таным процестерінің құрылымдық ұйымдастырылу ерекшеліктерінің байланысын анықтайды.

Х.Ю. Айзенктің айтуы бойынша [6] ақыл-ой қабілеттілігін зерттеулердің барлығы өмір мен адам туралы ғылымдардың бір әмбебап мәселесіне жетті, яғни ол организмнің тұтас функцияларын әртүрлі деңгейлерде сипаттайтын бірдей қарама-қайшы емес теорияға келісу.

Редуccionисттік тәсіл парадигмалары шеңберінде ақыл-ой көрсеткіштері мен сигналдардың күрделі емес дифференциалдану жылдамдығы арасындағы байланыс зерттелінеді. Жүйелік-құрылымдық тәсіл логикасына сәйкес сыналушылардың семантикалық кеңістігінің фрагменттерінің бірінің ұйымдасуын сипаттайтын көрсеткіш зерттелінеді.

Ақыл-ой әрекетінің белгісі ретінде оқушылардың тез елеу, зейін қоюдағы дифференциациялық қабілет пен оның күштілігі жоғары ақыл-ой жетістіктерінің негізінде жатуы керек деген болжамды психометриканың негізін салушы Ф. Гальтон ұсынған болатын. Дегенмен бұл болжам толық сәтсіздікке ұшырады. Мындаған зерттелінушілердің дыбыстарға баяу реакциясының уақытын есептеп, Гальтон жай лондондықтар мен Корольдік қоғамының мүшелері арасындағы айырмашылықты таба алмады. Бірақ та, кейін анықталғандай Гальтон дұрыс айтқан екен, оның сәтсіздіктерінің себептері қазіргі заманғы зерттеулер жүргізгеннен кейін белгілі болды. Біріншіден, ол ажырату қабілетінің және тез елеу қабілеттілігінің күштілігін бір концепция мен әдіске байланыстырмаған, сондықтан да, ажырату мен тыңдау реакциясының уақытын емес баяу реакцияның уақытын тіркеген; екіншіден, ол тек қана ересек адамдар арасындағы баяу реакцияның уақытын тіркеген, ал балаларға жүргізген уақытта басқа нәтижелер алынуы мүмкін еді.

Қазіргі таңда ақыл-ой тестері арқылы бағаланатын реакциялардың жылдамдық көрсеткіштері мен ақыл-ой қабілеттілігінің арасындағы корреляциялық байланыстардың (0,350-0,550 корреляциялар коэффициенттері) орташа деңгейіндегі әртүрлі таңдау реакцияларының статистикалық жылдамдығын зерттеуге арналған зерттеулер жеткілікті [7], [5], [8], [9].

Көптеген психологиялық әдебиеттерде бастауыш мектеп жасындағы балалардың ақыл-ой қабілеттері мен олардың сыртқы ортаға, тапсырмаларға жылдам реакция білдіруінің арасында өзара байланыс бар екендігін көрсетеді.

Н.И. Чуприкова, Т.Д. Ратанова еңбектерінде төменгі сынып оқушыларында оқу тапсырмалары негізінде эксперимент жүргізеді [10]. Эксперимент арқылы балалардағы зияткерлік пен когнитивті дифференциалдық көрсеткіштерінің байланысын аша отырып, жылдамдығы ақыл-ой қабілеттілігімен байланысты реакциялардың жаңа типтерін көрсетеді:

- таңдау реакциясы екі және одан көп баламалы;
- ұқсастық орнату – жазылуы немесе аталуы бойынша екі әріптің айырмашылығы (екінші жағдайда әріптердің біреуі бас әріп, басқасы кіші әріп);
- балама саны мен әріптің жазылуынан аталуын салыстыру кезіндегі елеу жылдамдығының баяулауы: ақыл-ой қабілеттілігі төмен болған сайын, елеу уақыты ұзарады;

- ұқсастық орнату – жазылуы немесе аталуы бойынша екі әріптің айырмашылығы;
- жабдықтау орнату – белгілі семантикалық категорияға қатысты екі сөздің жабдыкталмауы;

- белгілі сөздер синонимдер немесе антонимдер екендігін анықтау;

- берілген суреттегі А және В элементтеріне қатысты сөздік бекітуге сәйкесті немесе сәйкессіздікті орнату (мысалы, А В-ның алдында, А В-дан кейін және т.с.с.).

Жүргізілген барлық зерттеулер көрсеткендей реакция күрделенген сайын олар ұзақ уақыт алатындығы анықталды. Бірақ, бұл шектеу белгілі ортаға ғана тән. Авторлар зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей айырмашылықтарды көрсетеді. Реакция уақытының 1000 мс ұзаруы зияткерлік байланысының өсуіне әкелмейді. Қарапайым реакциялар уақытына келетін болсақ, 9 және 13 жастағы қабілетті балаларда қысқа екендігі байқалды. Мұндай айырмашылық әсіресе тоғыз жастағы балаларда көбірек болды. Үлкен балаларда (17 жас) айырмашылық байқалмады [9].

Балалардың ақыл-ой қабілетін зерттеуде бірқатар теориялық алғышарттарды негізге алу керек. Айталық, біріншіден, С.Л. Рубинштейн пайымдағандай ақыл-ой қабілеттілігі туралы мәселе олардың дамуымен байланысуы қажет. Екіншіден, үлкен адамдардың зияткерлігінің дамуы негізінде күрделі көп деңгейлі когнитивті құрылым анықтайды. Бұл неғұрлым қарапайым құрылымдарды бірнеше мәрте және көп аспектілі дифференциалдау арқылы дамытылады [6]. Үшіншіден, сигналдарды дифференциалдауға және өзінің элементтері мен деңгейлерін дифференциалдауға қатысты когнитивті құрылымдар қабілеттілігі ақыл-ой қабілеттілігінің негізгі іргелі базасын құрау қажет.

Сонымен, бастауыш мектеп жасындағы балалардың негізгі іс әрекеті барысында оқу тапсырмалары негізінде олардың ақыл-ой ерекшеліктерін зерттеу мақсатында мынадай тапсырма типіндегі зерттеулерді қолдануға болады:

1. Сигналдарды дифференциалдау жылдамдығының көрсеткіштерін Векслер тесті бойынша зияткерлік көрсеткіштерімен салыстыру. Бұл тест ақыл-ой қабілеттілігін анықтаудағы ең сенімді және тиімдісі болып табылады, ол көбінесе отандық зерттеулерде қолданылады.

2. Зияткерлік көрсеткіштері мен сигналдар дифференциясы жылдамдығының арасындағы тәуелділікті айқындайтын кейбір шарттарды анықтау.

3. Векслер тесті бойынша зияткерлік көрсеткіштері, сигналдарды дифференциалдау жылдамдығы және көпөлшемді шкалалау әдісімен анықталатын семантикалық кеңістіктің бір фрагментінің дифференциалдану көрсеткіштерін салыстыру.

Енді осыларға біршама талдау жасап көрелік. А. Ю. Панасюк отандық таңдауға бейімдеген және стандарттаған Д. Векслер тестінің балаларға арналған нұсқасы. Вербалдық интеллектуалдық көрсеткіштер (ВИК), вербалдық емес және жалпы зияткерлікуалдық көрсеткіштердің (ЖИК) шкалалық бағалары анықталады.

Белгілердің дифференциалануын анықтауға арналған классификацияның жылдам әдісі. Бұл әдіс аппаратураны қажет етпейді және шет елдік зерттеулерде кеңінен қолданылады. Бұл әдіс бойынша, зерттелінушінің қолына сурет салынған немесе әріптер немесе сөздер жазылған бірнеше карточка колодалары беріледі және алдын ала сөзбен жеткізілген белгілі бір белгілері бойынша карта колодаларын "мейлінше тез" әр колоданы екі топқа бөледі. Әр колоданы сұрыптау уақыты секундомермен өлшенеді.

Н.И. Чуприкова, Т.Д. Ратанова еңбектерінде төменгі сынып оқушыларында оқу тапсырмалары негізінде эксперименттік зерттеулерден алынған нәтижелер кіші мектеп жасының соңында белгілерді дифференциалау жылдамдығы мен Векслер тесті бойынша зияткерлік көрсеткіштерінің арасындағы байланыс дәрежесіне үш өзара байланысқан факторлар әсер ететіндігін көруге болады: 1) дифференциалауға арналған

тапсырмаларды орындау жылдамдықтарының өзара байланыс дәрежесі, 2) зияткерліктің әр түрлі субтесттерінің интеркорреляция дәрежесі, 3) зияткерліктің даму деңгейі. Біздің көзқарасымыз бойынша мұның мүмкін болатын себебі, бұл жаста зияткерліктің әр түрлі құрамдас бөліктерінің тез әрі гетерогенді дамуы жүреді және бұл гетерогендік қаншалықты анық байқалса, ментальдік жылдамдық пен зияткерлік соншалықты ұқсас емес, сәйкесінше олардың арасындағы байланыс та соншалықты төмен. Бірақ, III сыныпта оқитын оқушылардан алынған бұл нәтижелер басқа жастағы балалар үшін дұрыс болмауы мүмкін. Сондықтан белгілерді дифференциялау жылдамдықтары мен зияткерліктің байланысы туралы толық бейне алу үшін мейлінше кең жас диапазондарында, әр түрлі кәсіби топтарды, жастар мен ересек адамдар тобын тарта отырып және басқа да апробацияланған зияткерлік тесттерін пайдалана отырып одан әрі зерттеулер жүргізу керек.

Әдебиет:

1. Веккер Л. М. Психические процессы: В 3 т. Т. 2. Л., 1976.
2. Холодная М. А. Психологические механизмы интеллектуальной одаренности // Вопр. психол. 1993. № 1. С. 32-39.
3. Холодная М. А. Интегральные структуры понятийного мышления. Томск, 1983.
4. Sternberg P. J. Mechanisms of cognitive development: A componential approach // Sternberg P. J. (ed.) Mechanisms of cognitive development. N. Y., 1984. P. 163-186.
5. Carrol J. B., Maxwell S. E. Individual differences in cognitive abilities // Ann. Rev. of Psychol. 1979. V. 30. P. 603-640.
6. Eysenk H. J. (ed.) A model for intelligence. Introduction. N. Y., 1982. P. 1-10.
7. Cohn S. J., Carlson J. S., Jensen A. R. Speed information processing in academically gifted youths // Person. and Individ. Differences. 1985. V. 5. P. 621-629.
8. Hunt E. Intelligence as an information-processing concept // Brit. J. of Psychol. 1980. 71. Pt. 4. P. 449-474.
9. Keating D. P., Babbitt B. L. Individual and developmental differences in cognitive-processing of mental ability // Child Devel. 1978. V. 49. N 1. P. 155-167.
10. Н.И. Чуприкова, Т.Д. Ратанова. Связь показателей интеллекта и когнитивной дифференцированности у младших школьников// Вопр. психол. 1993. № 2. С. 37-45.

УДК 373. 2 (5к)

5-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ

Калилаева А.Т.

(Ш.Уалиханов атындағы КМУ)

Жылдан жылға балабақшалардың саны өсуі баршаға белгілі. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтап, оларды әрі қарай дамыту үшін балабақшаның рөлі өте зор. Қай елде, қай заманда болсын бала тәрбиесіне ерекше мән берілген. Өйткені, бала жеке адамның емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі. Ұрпақ-саналы өмірдің ең басты кепілі. Ақыл-ой тәрбиесінің бұл аспектісі баланың ойлау операциясының, шығармашылық процестерінің және қабілетінің дамуына тікелей байланысты. Ол туралы Президент Н.Назарбаев Қазақстандықтарға арналған

Жолдауында: «Ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік ұмтылыстағы негізгі жетекші күш- адамдар, олардың еркі, жігері, табандылығы, білімі». Олай болса, алға қойылған мақсаттарды орындау үшін еліміздегі жастарымыздың шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге ден қою қажеттілігі туындайды [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғашқы рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Республика білім және ғылым қызметкерлерінің сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі шығармашылық тұрғыдан ойлау білетін жеке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеу екендігіне баса назар аударылды. Отанын сүйе білу сияқты гумандық сезімдерге тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселе болып отырғандығын ерекше атап өтті. Гуманизациялаудың түпкі мақсаты – баланы жан-жақты шығармашылық тұлға етіп қалыптастыратын дамуға апару [3].

«Шығармашылық - тура мағынасында жаңалық ашу дегенді білдіреді». Ал С.Ожеговтың сөздігінде «Шығармашылық - материалды және мәдени құндылықтар жасау» делінген [4].

5-6 жас аралығындағы балалардың шығармашылық дарындылығын, шығармашылық бағытта дамыту және оны тәрбиелеу бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселе болып келеді. Қоғамдағы, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда соны әрі айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаның алдында үлкен талаптар қойылады.

Әр тәрбиешінің алдындағы сәулелі мұрат шәкіртіне білім, тәрбие беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу. Сол «менді» шығармашылық тұлғаға айналдыру басты мәселе.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Тәрбиешілердің балалармен шығармашылық жұмыс жасау үшін олардың ақыл-ой дамуын, интеллектісін, логикасын және баланың тұлғалық сапаларын қалыптастыру мен дамытудың психологиялық - педагогикалық қабілет мүмкіндіктерін зерттеп білу керек. Тәрбиеші қызметі шеберлік тұрғысынан да балаларға өнеге болуы тиіс.

Бала қабілетінің ашылуы үшін тәрбиеші білімін ұдайы жетілдіріп, кәсібі шеберлігін шыңдауы қажет. Соған қоса бала білімі мен қабілетіне сеніммен қарау, баланы ақпарат, жаңалықпен қамтамасыз етіп отыру, ата-анамен тығыз байланыс орнату және баланы өмірге бейімдеуде дәл, дұрыс бағыт беріп, жеке ерекшелігіне көңіл бөлінуі тиіс.

Баланың шығармашылығын дамытатын тәрбиеші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек, яғни тәрбиеші балаларға берген тәрбиесіне қарай ғылыми жобаларды жасаса дұрыс болар еді. Өйткені тәрбиешілер өте көп уақыт балалармен өткізіп, олардың өсуін, өзгеріп отырғандығын байқап отырады.

Оқыта отырып баланың қабілеттерін дамыту мәселесі көрнекті педагогтар Ш.А. Амонашвили, И.П. Волков, О.С. Газман еңбектерінде қарастырылады. Ал, В.В. Давыдов: «жеке тұлға негізінде шығармашылық бастау жатыр, жеке тұлғаның маңызы оның жасампаздыққа, мұқтаждығына және қабілеттілігіне байланысты» деп есептеген. Б.Д.Эльконин шығармашылыққа мынадай анықтама береді: «Шығармашылық-бұл ерекше тұрғыдағы жасампаздық, жаңадан жасалған нәрсе, бұрынғы нәрселердің механикалық қайталануы емес, өзінің сонылығымен, біртумалығымен ерекшеленетін болса, өзіні-өзі куәландыратын, дәлелдейтін болса,

онда бұл нәрсені туғызған шығармашылық акт туралы сөз қозғауға болады». Францияның ағарту ісінің өкілі К.А. Гельвеций адамдардың барлығының бірдей, тең дәрежеде болатындығын, сол себепті кез келген баланы талант дәрежесіне көтеруге болады дегенді уағыздап кеткен [5].

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған оқу- іс әрекеті барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бұл орайды баланы жалықтырып алмаудың жолдарына бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу, білімін қосымша әдебиеттермен толықтыру және жылы сөздер арқылы «сенің қолыңнан келеді», «сенің болашағың зор деп, үнемі балаға шабыт беріп отыру керек. Сол арқылы баланың белгілі бір іске талпынысы пайда болады.

Сабақ оқу-тәрбие үрдісінің ең басты, маңызды мәселе. Әр баламен жеке жұмыс балалардың өз бетінше ізденуі арқылы жүзеге асады. Білім негізі-сабақта демекші, әрбір сабақ үлкен дайындықпен, жан-жақты жұмыс түрлерімен ұштасып жатады. Әсіресе, әр топтағы тақырыптардың мазмұнына қарай, жас ерекшеліктеріне байланысты дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу балалардың белсенділігін, пәнге қызығушылығын арттырады.

Бала мен тәрбиеші арасында достық қарым-қатынас болмайынша, бала сеніміне қол жеткізу мүмкін емес деп ойлаймыз. Әдіс-тәсілдерді түрлендіріп пайдалану арқылы балаларды шығармашылыққа баулуға болады. Балалар өз бетінше суретпен жұмыс жасаған кезде, мәтіндерді бөліктерге бөліп, талдау жұмыстарын жүргізген кезде кітаппен ғана шектеліп қоймай, өз жанынан қоғамдағы болып жатқан сан алуан құбылыстарды да еркін айта алады.

Баланың ойында не бар, ол не істей алады, жасы өскен сайын ол қалай өзгеріп, нені үйреніп келеді дегенді анықтау, оған әсер ететін себептері іздестіру балалар психологиясының маңызды міндеті.

5-6 жас аралығындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең біріншіден баланың сол дарындылықты дамыту үшін дарындылық мәселесін зерттеу керек. Өйткені әр бір балада өзіне тән ерекшеліктері болады.

Баланың басты тәрбиесінде ұшқын тастау, биікке талпындыру, қиялға қанат қақтыру, асқақ арманға баулу, білімді де жан – жақты болуына көмек жасау тәрбиешінің міндеті. Тәрбиеші бұл міндетті ата – аналардың көмегінсіз жүзеге асыру өте қиын. Сондықтан ата – аналармен ынтымақтастықты үзбеген жөн. Бұл балалардың сабақ үлгеріміне, жан – жақты тәрбиеленуіне негіз болады.

Дарынды да талантты балаларды іріктеу, оқыту және тәрбиелеу қазіргі кездегі білім берудің ең өзекті мәселесі болып табылады. Оны шешу үшін әр жастағы балалардың дарындылығын көрсететін психодиагностиканың сенімді және тексерілген әдістемелерін білу керек. Мысалы, жаңашыл педагог И.П. Волков: «егер баланың жеке қасиеттерін өте жас кезінен анықтап, дамытуға жағдай жасаса, талант қалыптастыру кез келген мамандық дайындау сияқты қатардағы шара»,-дейді [5].

Шығармашылық қабілеттер мен интеллектінің айырмашылығын байқаған Л. Терстоун болды. Шығармашылық шешім мәселені шешу үстінде емес, дәл назар аударғаннан кейін пайда болады деген.

Дж. Гилфорд балалардың дарындылық қасиеттерін анықтау мақсатында креативтіліктің төрт, кейін алты параметрін көрсеткен:

- мәселені қою және байқау қабілеттілігі;
- көп идеялар табу қабілеттілігі;
- бейімділік қабілеттілік - әр түрлі идеяларды іске асыру;
- төтендік қабілеттілік – дәстүрден тыс жауап беру;
- нысанды бөлшектер қосып жетілдіру;
- мәселені шеше білу қабілеттілігі, яғни талдау қабілеттілігі.

Осы теоретикалық талдау негізінде Дж. Гилфордтың қабілеттерді тестілеуде жасаған бағдарламасы (ARP) өнімді дивергенттіктің ерекшелігін көрсетеді.

Баланың дарындылығын айқындау, шығармашылығын зерттеу, анықтау, белгілі бір бағыт-бағдарлама бойынша жұмыс жүргізуі қажет.

Балаларға жүргізілген эксперименттерге тоқталатын болсақ, балалардың шығармашылық қабілеттерін әр түрлі зерттеу әдістерін қолдандық.

Тәжірибеден өткен «Аққу» мектеп-балабақшасындағы №10 «Балдаурен» топта 28 бүлдіршін тәрбиеленді. Олардың 15 қыз және 13 ер балалар. Осы мерекелік іс –шаралар жүргізу барысында балалардың өте белсенді қатысқандарын аңғарып, тәрбиешілермен бірге балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін түрлі жұмыс түрлерін жүргіздік.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін келесі әдістерді балабақшада қолдандық. Сондағы жүргізілген методикалары балаларға өте қызықты және орындауға жеңіл болды.

5-6 жас аралығындағы балалардың универсалдық қабілеттілікке В. Синельникова және В. Кудрявцева диагностика жасап, «Бөлмедегі күннің көзі» атты методикасын жүргіздік.

Тәрбиеші балаға осы суретті көрсете отырып: «Мен саған осы суретті беремін. Соны ықыласпен қарап ал және онда не салынғанның туралы айт».


Бала бұл суретте не салынғанын (үстел, орындық, күннің көзі т.б.) туралы айтады.

Сонда тәрбиеші қайтадан сұрақ қояды: «Дұрыс. Бірақ сенің байқауы бойынша күннің көзі бөлмеде орналасып тұр. Бұндай сурет дұрыс па, әлде суретші қате етіп салған ба? Сен осы суретте не өзгеруші едің?» деген сұрақтарға балалардан жауап алдық.

(Осы суретті өзгерту үшін балаға қарындаштың керегі емес, тек жай ғана түсіндіре алса жеткілікті болды). Біз өткізген әдісті 5 баллмен бағаладық. Егер бала ештеңе өзгертпей, сол қалпында қалады десе - 1 балл. Егер бала жай ғана күннің көзін өшіретін болса-2 балл. Егер күннің көзін далада салу керек дейтін болса -3 балл. Егер күннің көзіннің орнына электр шамды салуға болады десе - 4 балл.

Ол балалардың шығармашылық әрекетерін дамытуда басты талап және осы жүргізілген әдісіне байланысты балалардың деңгейлерін анықтап, диаграмма құрдық.

Диаграмма-1.



Бұл диаграмма бойынша топтағы басым балалар орташа дарындылықты екендігін көрсетті. Бірақ осы әдістерді жиі жүргізілсе ғана жақсы жетістіктерге жетуге болады.

Сонымен қоса балабақша тәрбиешілеріне В.С.Юркевич пен Э.А.Баранова ұсынған сауалнамалар жүргізілді. Сауалнама 7 сұрақтан тұрады. Олар: Қаншалықты жиі бала ойлау қабілетке байланыты іс әрекетпен айналысады, балаға жұмбақты ұсынған кезде, баланың әрекеті, оқыған кезде аяғына дейін тындайды ма, т.б сауалдар. Сауалнамалар

қолдану арқылы тәрбиешілердің білімін және олар балаларға қандай әрекетпен қарайтындығын анықталды.

Қазіргі замандағы тәрбиешілер қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс — әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс. Олар: шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;

- жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
- ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;
- баланың шығармашылық қабілетіне жағдай туғызу .

Баланың шығармашылық қабілетіне жағдай туғызу дегеніміз — баланы ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Баланың зейінін, есін, қиялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады.


Балабақшада баланың шығармашылық қабілетін арттыруда математика сабағында тәжірибие жүргізген болатынбыз.

Зейінді дамытуға бірнеше шығармашылық тапсырмалар орындауға болады.

1. Цифрларды өсу ретімен тауып, атау.
2. Кему ретін атау.
3. Тақ және жұп сандарды өсу және кему ретімен атау.
4. Цифрларды кезектесіп санау. 1, 3, 5, 7... (жұптасып) 2, 4, 6, 8...
5. Топпен жұмыс істеу. 1–5 тура және кері сана. 6-10 санау.

Осы тапсырма ең қарапайым болғандықтан, ең бірінші етіп жүргіздік. Бұл тапсырманы әр бір бала талпыныспен шешуге тырысты. Бірақ көбінің жауаптары дұрыс болған жоқ.

Келесі балалардың байқағыштығын дамытуға арналған тапсырма. Мұнда, пішіндері мен орналасуы ыңғайына қарай артық үш фигураны (басты) табу. Артық үш фигураның оң құлағы үшбұрыш, ал сол құлағы «Сопақша» пішінді. (жауап 1, 6, 8).




Ал осы тапсырманы орындауға талпынған балалар саны көп болғанымен де, бірақ жауаптары онша дұрыс болмады.

Келесі тапсырмадағы суретте барлығы неше үшбұрыш бар?

Мақсаты: үшбұрышты басқа фигуралар арасынан ажырата және тани білуге үйрету.

Осы тапсырма біршама күрделірек. Сол себептен балалардың көбі қатыспай, бірақ қатысқандар балалардың жауаптары оң болды.

Ойлан, тап. Мақсаты: балалардың амал таңбаларын тағайындай білу дағдыларын дамыта түсу.



Осы тапсырма балалардың ойлау қабілетіне байланысты. Бұл тапсырма өте қызықты және күрделірек болып келді.

Мына фигураға бір кесінді жүргізу арқылы бір тік төртбұрыш, бір үшбұрыш шығарып алуға болады. Ол үшін қай нүктелерді қосу керек?

Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата және тани білуге үйрету.




Логикасына байланысты да біршама сұрақтарды қойдық.

Мысалы: Екі адам 2 сағат шахмат ойнайды. Олардың әрқайсысы неше сағат шахмат ойнайды? Мақсаты: Балаларды мәтіннің логикалық түйінін түсіне білуге үйрету.

Сиқырлы үшбұрыштағы бос орынды толтыр.

Мақсаты: балалардың жылдам есептеу дағдыларын дамыта түсу.

Жалпы балалардың шығармашылығын дамытуда «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы мен «Дамыта оқыту» технологиясын тиімді деп есептейміз және сабақтарымызда жиі қолдану керек деген қорытындыға келдік.



Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылықтың алғашқы сатысын іс-әрекет және ойын түрінде бастаған жөн. Бала ойын ойнауға қызығу арқылы оның ойлау өрісі және еркін қиялдауы мен шығармашылық ойлауы қалыптасып дамиды.

Сондай тапсырмалады жүргізу арқылы балалардың шығармашылық әрекеттерін әрі қарай дамуына мүмкіндіктер туғызады. Сол себептен сондай тапсырмаларды әр балабақшада өткізілуі және сол балабақшадағы әр бір тәрбиеші қалай жүргізетіндігін білуі тиіс деген қорытындыға келдік.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдау
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ЗРК «Білім туралы» Заңына;
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы» (1998 жыл, 5 қазан)
4. Бала мен балабақша//Республикалық педагогикалық журнал №4, 2007
5. Мукутова Ж.К. /Педагогикалық шеберлік. Көкшетау.2011ж.

КҮРДЕЛІ КЕМІСТІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯЛАРЫ

Қанай А. - ФК-13-2к2 тобының студенті,
Бахрамова Г.А. - п.ғ.к., доцент
(*М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент*)

Дефектология мен арнайы педагогика саласындғы ғылыми -практикалық жетістіктер күрделі кемістіктері бар балаларға арналған көптеген арнайы әдістемелер құрастыруға мүмкіндік береді. Бірақ осы әдістер барлық арнайы мекемелерде толық, нәтижелі қолданылады деп есептеу әлі ертерек. Өйткені, күрделі кемістіктері бар балалардың көпшілігі арнайы мамандардың бақылауына мезгілімен алынбайды, арнайы мекемелерге қабылданбайды, сондықтан, олар қажет көмекті толық көлемде іла алмайды. Осы мәселені шешу үшін соңғы жылдары көптеген арнайы мекемелер, әртүрлі ұйымдарда, конфессиялардың қарамағында ашыла бастады. Осы топтағы балаларды толық зерттеп, олардың кемістіктерінің іүрін және дәрежесін айқындайтын кеңестік орталықтарда да соңғы жылдары жұмыс көлемі сапалы және нәтижелі іске асырылуда. Сондықтан, күрделі кемістіктері бар балаларға көрсетілетін медициналық - педагогикалық және психологиялық қолдау шаралары да жуық арада қажет мөлшерде қолданылады деген сенім туындайды.

Күрделі кемістікті оқыту және тәрбиелеу теориялық жағынан алсақта, практикалық жағынан алсақта қиын, күрделі процесс. Аномальды балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін оның диагнозы кемістігінің құрылымын білуіміз қажет. Сонымен қатар күрелі кемістіктің түрлері толық анықталмады. Бұл кемістіктің түрі жылдар өткен сайын әлі де күрделене түсуде.

Қазіргі кезде күрделі кемістікті балалар келесі топтары белгілі:

- Ақылы кем саңырау немесе нашар еститіндер;
- Ақылы кем нашар көретін немесе соқыр (ішінара көретіндер);
- Көрмейтін, естімейтін, сөйлемейтіндер (соқыр- мылқау, керен), нашар көретін саңыраулар.

Дефектологияның тәжірибесінде басқа да көп мүшелерінде кемістігі бар балалар кездеседі, ақылы кем көрмейтін, естімейтіндер, тірек- қимыл мүшелерінде көру органдары зақымданғандар.

Қазіргі таңда ғалымдар көрмейтін-саңырау-сөйлемейтін балалардың этиологиялық классификациясын жасады. Олар:

1. Көру және есту қабілетінен айырлатын тұқым қуалайтын синдромдар.
2. Тұқым қуалайтын естімеушіліктің экзогенді көру қабілетінен айырылғандармен үйлесімділігі.
3. Тұқым қуалайтын көру қабілетінен айырылғандардың, экзогенді есту қабілетінен айырлғандармен үйлесімділігі.
4. Белгісіз тұқым қуалайтын көру және есту қабілетінен айырылғандар.
5. Экзогенді есту және көру қабілетінен айырылғандар.
6. Бұл топқа бөлінген синдромдарды ашып көрсететін болсақ.

1. *Көру және есту қабілетінен айырылатын тұқым қуалайтын синдромдар.*(Б.В.Конигсмарк, Р.Д.Горлин 1980г.б әдебиеттерден алынған). Бұл топқа ғалымдар өз зерттеулерін қорыта келе Ушер, Маршалл, Альпорт синдромдарын жатқызады.

Ушер синдромы. Ушер синдромы - үдеуші. Естімеушіліктің көздің пигментімен қатар бұзылуын 1858 жылы Ф. Граиф (F. Graef) баяндаған. 1914 жылы С. Ушер (S. Usher) генетикалық бақылау жүргізіп синдромды анықтады. Ол нәресте кезіндегі естімеушіліктен басталады, кейін бала 10 жасқа жеткенде біртіндеп соқырлық басталады. Бұл синдромның ең ауыр жері - бала сәбилік кезінде көре алады, кейін бұл қабілетінен айырлады. Алайда туа естімей-көрмей қалған баламен салыстырғанда бұл синдромы бар бала, біраз уақыт айналадағы ақпаратты ала алады. Бұл өмірінің алғашқы жылдарында белсенді өткізуіне көмектеседі.

Балалар психологиясын зерттеу барысында бала үшін алғашқы жылдары көзбен айналаны танып білу өте маңызды екенін анықтаған. Алайда көздің көру қабілетінен айрылуы бала үшін, ата-ана үшін ауыр болып табылады. Бұл кезде стрестік жағдайға балада, ата-анада көп түседі.

Қазіргі таңда Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы адамның жан-жақты дамуына және психофизиологиялық ауруларға және оның емдеу жолдарына көп көңіл бөлуде.

Ғылымы зерттеу орталығының докторы Томос Фридманның басшылығымен ғалымдар естімейтін және басқа сезім мүшелерінің бұзылуын зерттей отырып ғылыми жаңалық ашты. Олар ерте көрінбейтін гендік мутацияның ауытқуын тапты. Оны K245X деп атады. Бұрын Ушер синдромы Ашкеназилік еврейлерге тән деп қарастырған. Енді зерттеушілер Ушер синдромы барлық адамда кездесе алатынын байқаған. Ғалымдардың зерттеуі бойынша Ушер синдромының I, II, III деп аталатын түрі бар. Ушер I синдромы өте ауыр түрде өтеді. Бұл түрімен ауыратын балалар туа естімейтін болады, кейін 10 жасқа толғанда көз көру қабілетінен айырылады. Көз торындағы пигменттік дистрофияның бұзылуынан болады. Доктор Фридманның Кешегз НеаШі- қа берген сұқбатында өзінің әріптестерімен бірге Ушер синдромына алып келетін 7 геннің бесеуін салыстырғанын айтады. Молекулалық биологтар мен генетиктердің бұл ашқан жаңалығы Ушер I синдромының алдын-ала айқындауына көмектеседі деп үміттенеді. Бұл синдром алғашқы сәбилік кезден бастап байқалады, сондықтан реабилитация бала дүниеге келген кезден бастап жүргізілуі керек және бұл жұмыс баланың соңғы күніне дейін жалғасуы қажет. Себебі 10 жасында ең қажет екі органнан айырту, сенсорлық тапшылыққа алып келеді. Бұл екі органның бұзылуын жан-жақты қарай отырып адамды оқытуға, өзіне қызмет жасауға және оған қажетті медициналық көмек көсетуге болады. Алайда естімейтіндер қолданылатын аппаратты басқада қалпына келтіруші аппараттарды қолдана алмаймыз. Ушер I синдромымен ауыратын адамның құлақ қабыршағына имплантацияланған аппаратты қолданады. Ол дауысты әлсіз түрде қалпына келтіреді. Егер біз имплантацияланған аппаратты құлақ қабыршағына көз көру қабілетінен айырылғанға дейін орнатсақ, оның нәтижесі көру қабілеті айрылғаннан кейін қойылған аппаратпен салыстырғанда әлде қайда жоғары болады -дейді доктор Фридман.

Фридман мен оның әріптестері 12 отбасынан шыққан бір-бірімен ешқандай туыстық қатынасы жоқ 18 ауру адамның ДНК-сын K245X гендік мутациямен салыстырған. Генетикалық тестің нәтижесі Нью-Йоркте және Израилде өмір сүріп жатқан Ашкеназилік еврейлердің отбасында көптеп кездесетіні белгілі болған. Ғалымдар зерттеуін қортындылай келе: егер ашкеназилік еврейдің отбасында дүниеге келген баланың естуінде ауытқу болса, онда оның ДНК-сында Ушер синдромы барма, жоқпа анықтау керек, кейін көзін толық тексеру керек.

Ушер синдромы тұқым қуалайды. Ушер синдромымен ауыратын адамдардың басым көпшілігі іштей естімей туылады. Бұл синдромдағы көздің бұзылуының алғашқы белгілері: түнде не кешкеі мезгілде біртіндеп көздің көруі нашарлайды. Бұл балалық кезде байқалады, кейін біртіндеп көздің көруі нашарлайды. Ушер синдромы жылдар бойы жалғасады. Кейбір адамдарда тепе-теңдікте бұзылады.

Ушер синдромы рецессивті түрде кездеседі. Егер тасмалдаушы гені бар адамдар үйленсе олардың балаларында бұл ген доминатты болып келеді де, синдром жарыққа шығады. Алайда оның ата-анасы бұл синдроммен ауырмайды. Ал егер тасымалдаушы гені бар адам сау адам мен үйленген болса, онда олардың балалары бұл синдроммен ауырмайды, бірақ гендерінде Ушер синдромын тасмалдайтын ген сақталады. Статстикалық бақылауға сүйенсек 100 адамның біреуі бұл генді тасымалдайы.

Ушер синдромымен ауыратын адаммен кездескен кезде ол адамнан метр алшақ тұрыңыз. Ол адаммен сөйлескіңіз келсе оның қасындағы адамның көмегін пайдаланыңыз. Ол адаммен сөйлескен кезде бетіңізді жарықта ұстаңыз. Ол адамнан қандай көмек керек екенін сұраудан ұялмаңыз.

Альпорт синдромы. 1927 жылы А. Альпорт алғаш рет ұрпақтан -ұрпаққа берілген 16 адамның нейросенсорлық естімеушілік ауырғанын толық ашып зерттеді.

Альпорт синдромын басқаша тұқым қуалайтын нефриттік естімеушілік депте атайды.

Диагностикалық белгілері: гематурия, протенурия және естудің төмендеуі.

Клиникалық белгілері: Альпорт синдромының ең басты белгісі гематурия (100%), протейнурия (70-80%), бактериурия. Сонымен қатар бүйректің бұзылуы қоса жүреді. Бұл синдроммен ауырған адамдардың 50% екі жақты естімеушілікпен аурады. Бұл алғашқы жылдардақ байқалады. Көбіне ер балаларда кездеседі. Альпорт синдромымен ауырған адамдардың көпшілігінде көздің лентиконус, сферофакия және катаракта аурулары көптеп кездеседі. Алайда тұқыл қуалайтын көз ауруларының ішінде 1% ған кездеседі. Бұл отбасында аутосома-доминантты гені бар адамдарда беріледі. Нейросенсорлық естімеушілік алғашқы 10 жылда байқалады да соңында толық естімеушілікке алып келеді. Альпорт синдромы олигофрения отбасында да кездесе береді. Бұл жайында Ы. Чосіогоуүзкі (1979) зерттеулерінде баяндалған. Бұған дейін ешқандай зерттеушілер бұл синдроммен ауыратын адамның интеллектісін зерттемеген екен.

Қазіргі таңда отандық және шет елдік ғалымдардың зерттеуі бойынша Альпорт синдромымен 200-ден астам адамдар ауырады екен.

Популяциялық жиілігі: анықталмаған.

Ер адамдар мен әйел адамдарыныда бұл синдроммен ауыру тең дәрежеде. Ж1: М1 Тұқымқуалаушылығы- аутосома -доминантты. Х- тіркескен рецессивті, аутосомды рецессивті.

Дифференциальдық диагнозы: тұқымқуалайтын нефропатия, естімеушілік, огематурия, нефроз және нефронофтиз

Маршалл синдромы. Маршалл синдромы. Маршаллдың зерттеуі бойынша 7 адамның төрт ұрпағында мұрын дефектісімен, туа пайда болған немесе жас кезінде пайда болған катаракта, миопия және нейросенсорлық естімеушілікпен ауырған адамдарды зерттей отырып осы синдромды тапқан. Кейін Маршалдың құрметіне Маршалл синдромы деп атаған.

Маршалл синдромымен ауырған адамның әдетте мұрны кішкентай, кеңсіріктің ауытқуымен алға шыуымен сипатталады. Сонымен қатар қол - аяқтың қысқарумен, көздің миопиямен ауырумен, сонымен бірге катарактаның кездесуімен ерекшеленеді. Ақыл-есі кем болды.

Қазіргі таңдағы зерттеулер қорытындысы бойынша бұл аурудың 100 түрлі белгісі анықталған. Зерттеулер қорытындысы бойынша бұл синдромның таралуы тұқым қуалаушылық салдарынан болады. Ғалымдар Маршалл синдромымен ауырған 8 адамды бақылады. Олардың көбінің екі еселенген кемістік бары байқалған. Ол адамдарда туа пайда болған көзінде және естуінде кемістік болған. Көбінің ақыл- есі кем балған.

Маршалл синдромын аутосомды-доминатты ген тасымалдайды. Алайда отбасында барлығы сау синдром тасымалдайтын гені жоқ адамдарда да бұл синдроммен ауырған жағдай тіркелген. Бұл жаңа доминатты мутацияның пайда болғанын көрсетеді

2. *Тұқым қуалайтын естімеушіліктің экзогенді көру қабілетінен айырылғандармен үйлесімділігі.*

Клинико-генеалогиялық және педагогика-психологиялық зерттеулердің қорытындысы бойынша естімейтін және көрмейтін кемістігі бар адамдарды бақылап, бұл топқа келесі синдромдарды жатқызды. Олар:

1. Гипофизарлық ергежейліктің нейросенсорлық естімеушілік синдромы
2. Джервелла синдромы.
3. Нейросенсорлық естімеушілік және диабет синдромы (Ольстрема синдромы)
4. Пендреда синдромы
5. Леопард синдромы
6. Синдром генерализованного шиповидного гиеркератоза
7. Норри синдромы
8. Кератоконус синдромы т.б

Көздің көрмеуі бұл синдромдардың барлығында дерлік кездескенімен пайда болу себебі әр түрлі болған. Бұндай қорытындыға анамнестикалық және клинико-генеалогиялық зерттеу барысында келген.

Баланың нәресте кезінде не дүниге келген уақытта сепсис, менингоэнцефалит, екіжақты пневмониямен ауыруының салдары көру қабілетінен айыруы мүмкін. Көру және есту қабілетінен айырлыған баланың интеллектісі зақымданған болса бұл педагогикалық процеске қиын болады.

3. *Тұқым қуалайтын көру қабілетінен айырылғандардың, экзогенді есту қабілетінен айырылғандармен үйлесімділігі*

Бұл топқа жататын балалардың көру қабілетінің бұзылуы экзогенді есту қабілетінің бұзылуымен қатар жүреді. Есту қабілетінің айырлуының басты себебі сепсис, менингоэнцефалит және екі жақты естімеушіліктің дұрыс емдемеуінің салдарынан, антибиотиктерді көп пайдалануынан болады. Бұл топқа 3 синдромды жатқызды.

1. Марфана синдромы (нейросенсорлық естімеушілік)
2. Бера ауруы (тұқым қуалайтын атрофия)
3. Сьегрен-Ларсена синдромы

Бұл топтағы балаларға диагностика жасау қиын болып табылады.

4. *Белгісіз тұқым қуалайтын көру және есту қабілетінен айырылғандар*

Бұл топқа кездейсоқ екі кемістіктің қатар келуін жатқызады. Бірақ бұл кемістіктердің пайда болу себебі әртүрлі болып табылады және бір-біріне ешқандай жақындығы жоқ. Көптеген зерттеулер тұқым қуалайтын катарактаның кемістікке әкеліп соғатынын көрсетеді. Катарактаны тасымалдайтын ген доминатты түрде кездеседі. Кейбір зерттеулерде катаракта мен қан аралас адамдардың некелесу салдарынан пайда болған балаларда кездеседі екен. Белгісіз тұқым қуалайтын күрделі кемістіктің кездесуі катарактаның доминатты түрде тұқым қуалауынан және нейросенсорлық есту қабілетінің төмендеуінен болады.

5. *Экзогенді есту және көру қабілетінен айырылғандар*

Бұл топқа жататын балалардың есту және көру қабілетінен айырлуы түрлі экзогенді фактордың әсерінен болады. Бұл факторлардың ішіндегі алдыңғы орында - қызамық түр. F. Fгазег I.]Гога(1978) зерттеуі бойынша бұл ауру туа пайда болатын естімеушіліктің 56%, туа пайда болатын катарактаның 40% на себепші болады екен.

Қызамықпен әйел жүктіліктің алғашқы кезінде ауырса бұл өмірге келген баланы Гергг ұштағанына әкеліп соқтырады. Сонымен қатар туа пайда болған естімеушілікке, ерте пайда болатын катарактаға, туа пайда болған жүрек ауруына, азқазанның ауруына әкеліп соқтырады. Қызамықтың себебінен пайда болған кеміс балалардың бет-әлпеті бір-біріне ұқсаа болады. Бас сүйектері домалақ микроцефальдық формада көрінеді, гипотония, жыныс мүшесінің дамымау, эпикант, мұрны кішкентай қысқа болады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттерінде екіқабат кезінде қызамықпен ауыруы күрелі кемістіктерге әкеліп соғатыны жайында баяндалған. Токсоплазма, ауыр түрдегі гепатит, сифилис, эпидемиялық парозит, грипппен т.б аурулармен екі қабат кезінде ауырса олардың инфекциялары жатырдағы балаға жетсе онда ол бала көрмейтін-естімейтін-сөйлемейтін болып күрделі кемістікпен дүниеге келеді. Сонымен қатар анасының қан тобы, резус-конфлик, анасының жүрек аурумен ауыруы да күрделі кемістікке әкеледі.

Зерттеулер нәтижесінде этиологиялық күрделі кемістіктің пайда болуы тұқым қуалаудан екендігі белгілі болды.

Әдебиет:

1. Құдиярова Г. Психиатрия. – Алматы, 1994.
2. Нурманбетова У.Е. Мүмкінліктері шектеулі балалар. Интеллектуалды даму кемістіктері //Оқулық құрал. - Қарағанды, 2003.
3. Тебенова К.С. Дамуындағы ауытқулары бар балалар/Оқулық құрал. – Қарағанды, 2003.
4. Нурмухамбетова Т.Р. Психологиялық дамуында ауытқуы бар балалардың ақыл-ойының даму деңгейін диагностикалау. //Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент, 2009.

УДК 372.46

ПСИХОЛОГОФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОВЛАДЕНИЯ ЭЛЕМЕНТАМИ ПИСЬМА ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.

Капизова И.Е.

(СКГУ им. М.Козыбаева)

В нашей стране уделяется большое значение развитию системы образования, непрерывно проводится реформирование данной системы, увеличивается ее финансирование, меняются требования для поступления детей в школы и содержание начального образования. Глава государства в своем Послании народу Казахстана «Нурлы жол – Путь в будущее» отметил, что качественное образование должно стать основой индустриализации и инновационного развития Казахстана [1].

Важной темой для обсуждения является необходимость повышения эффективности учебно-воспитательного процесса. Проблемы школьной неуспеваемости могут быть заложены еще в дошкольный период. В связи с этим, в требованиях к содержанию образования по государственному общеобязательному стандарту дошкольного воспитания и обучения в образовательной области «Коммуникация» большое значение уделяется «Основам грамоты и письма», так как данное направление является прочной основой успешности обучения в школе [2].

Дошкольный возраст является сензитивным периодом в жизни каждого ребенка. Именно на этом жизненном этапе происходит формирование и совершенствование всех сторон личности ребенка. Л.С. Выготский и А.В. Запорожец подчеркивают, что в старшем дошкольном возрасте ребенок переходит от ситуативного поведения к деятельности подчиненной социальным нормам и требованиям. Овладение элементами письма, графическим навыком наиболее благоприятно для данного возрастного этап [3].

Письмо – это знаковая система фиксирования речи, она является очень сложным для ребенка координационным опытом. Письмо в старшем дошкольном возрасте требует четкой и взаимосвязанной работы мышц всей руки, а также координационных навыков всего тела. Письмо тесно связано с овладением устной речью и может существовать на основе соответствующего уровня ее развития.

Письмо – это созданная система знаков для выражения мыслей людей. Специально для этого созданы знаки (начертательные), которые передают элементы речи (звуки, слоги, слова). Подобные знаковые системы образуют форму общения между людьми, а также возможность передачи информации.

Графика – раздел лингвистики, совокупность всех средств письменности языка: буквы, отношение между звуками речи (фонемами) и буквами (графемами).

Графический навык – навык передачи звучащей речи при помощи письменных знаков – букв.

Овладение письмом – многоуровневый процесс, который является по продолжительности длительным, и детьми усваивается нелегко.

Успешное овладение письменной речью обусловлено рядом факторов: правильное произношение всех звуков языка, способность различать их на слух, умение определить присутствие звука в слове, а также место его расположения; большой объем словарного запаса; наличие умения правильно оформлять предложение, образовывать однокоренные слова (одни слова от других), использование в речи предлогов, правильное употребление падежных окончаний, согласование частей речи; способность составления рассказов по картинке; устойчивые зрительные представления о букве, ее графическом обозначении, элементы из которых она состоит.

Подготовка к письму – это самая сложная ступень подготовки детей к обучению в школе. В первую очередь это связано с психофизиологическими особенностями детей старшего дошкольного возраста, а также непосредственно с усвоением самого процесса письма.

Обучение элементам письма – это формирование графического навыка, который развивается в результате систематического обучения (формирование умений, выполнение упражнений) [4].

В высшей нервной деятельности старшего дошкольника также происходят изменения, например, показатели головного мозга ребенка в данном возрасте очень сильно приближены к характеристикам мозга взрослого человека. В возрасте от 5,5 до 7 лет организм ребенка уже сформирован и готов к систематическим школьным занятиям, подразумевающим длительные и интенсивные умственные и физические нагрузки.

В этом возрасте в психическом развитии ребенка формируются совершенно новые психологические способы деятельности и поведения.

Старший дошкольный возраст – это время, когда зарождаются качества будущей личности: перестраивается система мотивов; появляются совершенно новые социальные потребности, в которых, до этого возраста ребенок не нуждался; быть значимым и полезным для общества; становиться взрослым; потребности в признании и уважении, как взрослыми, так сверстниками; коллективная форма деятельности -

становится более интересной и увлекательной; потребности в признании лидерства и первенства. Ребенок начинает поступать в соответствии с установленными правилами и нормами поведения, непосредственность отходит на второй план, возникает совершенно новый тип мотивации – опосредованный, малыш учится сдерживать свои переживания и эмоции, появляется потребность поступать не так как захотелось сейчас, а так как требуют нормы и правила поведения в обществе, к примеру, если ребенок хочет поиграть, а родители настаивают на том, чтобы он помог бабушке, или убрал игрушки, делать это ребенок конечно не хочет, но у него появились обязанности, и соответственно это необходимо сделать и т.д.

Ребенок в старшем дошкольном возрасте утрачивает свою непосредственность и наивность, причиной этому будет возникновение разделения внутренней и внешней позиции в сознании ребенка. В наиболее ранние периоды развития ребенок делает всё для достижения своей цели, актуальной на данный момент, желания и поведение совпадают полностью. Существует определенная схема, по которой можно описать поведение ребенка: «я хочу – и я сделаю». Поведение и поступки такого ребенка понятны окружающим, что у ребенка происходит внутри, то он и выражает своими поступками. Старший дошкольник, утратив свою непосредственность включает осмысление между желанием и поступком, таким образом, он уже пытается осознавать действия, личный опыт, отношения к окружающим и отношение окружающих к нему [5].

Двигательная сфера считается одной из самых главных ступеней в общем развитии ребенка. Высокий уровень развития двигательных навыков влияет на общее развитие детей. Развитие тонких, сложных для дошкольника координированных движений и развитие мелкой моторики пальцев и моторики рук – является основным в обучении навыкам письма в дошкольный период. Отрицательными показателями нарушений психического развития могут быть: неловкость движений, нарушения двигательной координации.

Координации, возникающие между голосом и слухом, между руками и глазами – это сенсомоторная основа психического развития детей. Труды Н.Х. Швачкина, В.И. Бельтюкова и А.Н. Гвоздева посвящены рассмотрению проблемы о функциональном взаимодействии двигательного и слухового анализаторов речи. На начальном этапе у ребенка появляется функция слухового анализатора, значительно позже появляется функция речедвигательного анализатора. Первоначально звуки должны быть дифференцированы на слух, а затем они уже появятся в речи.

Степень сформированности всех сторон речи оказывает большое влияние на овладение письменной речью. Отражаются в чтении и письме нарушения лексико-грамматического и фонематического развития, произношения звуков.

В письме существует двигательный состав и смысловая структура, именно поэтому его можно рассматривать как двигательный акт.

Необходимы методические знания воспитателя при обучении детей старшего дошкольного возраста письму. Формирование графических навыков возможно при использовании таких приемов и упражнений как: воображаемое письмо отдельных элементов в воздухе (в том числе о подсчёте); сравнение элементов с окружающими предметами; конструирование новых элементов букв из шаблонов; показ воспитателем процесса письма на доске и индивидуально каждому ребенку; предоставление, непосредственно, самих шаблонов букв. Совокупность перечисленных приёмов поможет воспитателю гораздо быстрее добиться результата и разнообразить деятельность дошкольников.

В развитии правильного координационного двигательного навыка у детей дошкольного возраста существуют несколько ступеней:

1. Штриховка фигур, обводка фигур и трафаретов, которые направлены на формирование умения видеть строку, правильно держать письменные принадлежности, ориентироваться в пространстве тетрадного листка, усвоение гигиенических норм письма.

2. Зарисовка прямых линий, овалов, полуовалов, закругление прямых линий, плавных линий.

3. Соизмерять длины линий.

4. Письмо элементов букв – загибы, петельки, крючки, длинные и короткие палочки, качалочки.

Многочисленное повторение является ключом к правильному формированию графического навыка. Для ребенка это должно быть целью решения конкретных задач, осознанием необходимости, а не механическим повторением, так он гораздо быстрее усвоит графический навык [6].

Если ребёнок затрудняется в самостоятельном выполнении движений, упражнения рекомендуется включать в индивидуальные занятия, где ребёнок выполняет движения пальцами пассивно, с помощью взрослого. В дальнейшем, в результате тренировки, движения пальцев совершенствуются и дети выполняют их активно.

Для формирования тонких движений пальцев рук могут быть успешно использованы игры с пальчиками, сопровождаемые чтением народных стихов, потешек. Эти игры создают благоприятный эмоциональный фон, обеспечивают тренировку пальцев, способствуют развитию умения слушать и понимать содержание потешек, учат улавливать ритм речи [7].

Итак, подготовка к обучению элементам письма требует особого педагогического воздействия, выстроенного в систему специальных игр, упражнений и заданий. Это должна быть не механическая тренировка, а осознанная творческая деятельность ребёнка под руководством и при помощи взрослого.

Литература:

1. Назарбаев Н.А. Нурлы жол – Путь в будущее: Послание Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Общественно-политическая газета DIXI от 11 ноября 2014.
2. Государственный общеобязательный стандарт Республики Казахстан. Дошкольное, начальное, основное среднее, общее среднее образование. ГОСО РК. – Астана, 2013.
3. Выготский Л.С. Собр. соч.: В 6 т. Т. 6. -М.: Педагогика, 1986.
4. Энциклопедический словарь. / Под. Ред. Ж.К. Туймебаева – А.: Атамұра, 2008. – 615с.
5. Гальперин С.И. Физиологические особенности детей / С.И. Гальперин – М., 1965.
6. Агаркова Н.Г. Формирование графического навыка письма у младших школьников / Н.Г. Агаркова. – М., 1987.
7. Филиппова С.О. Физические упражнения как средство подготовки дошкольников к овладению графикой письма: Автореф. дис. ...канд. пед. наук. – СПб., 1992.

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КЕПІЛІ**Қарасаева Г.Р.***(Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті)*

Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Еліміздегі бірлік пен татулықтың негізгі көзі басқару жүйесі мен талап – ережелердің басым болуынан көрінеді. Ежелден белгілі халықтардың оның ішінде: ру, тайпа өкілдерінің арасында заңдар, талап нормалары болған. Сондықтан да қоғам мен мемлекетті басқаратын, ондағы әртүрлі мәселелерді шешетін міндетті заңдардың болуында.

Мұғалімнің шеберлігі - алдындағы оқушының даму деңгейін, оның әрбір ксіенде өсуін бақылап отыру керек. Сол даму кезеңдерінде оқушыны бағыттап оның әрі өсу, даму жағдайларына бағыттап отырған жөн. Оқушының дамуын сезім талғамын екі деңгейде тануға болады. Бірінші кезеңінде неге бейім, оның сол бағыттағы әрекетін білу керек. Екінші кезеңі - потенциалдық даму мүмкіндіктерін білу керек.

Қандай да бір істі өзінің нақты деңгейіне жеткізіп атқару үшін шеберлік керек. Шеберлік барлық іс-әрекеттерге де, барлық мамандықтарға тән қасиет.

А.С.Макаренко былай деген болатын: "Тәрбиешінің шеберлігі ол бір ерекше өнер емес. Ол мамандық. Мамандық болғанда да дәрігерді өз мамандығына, музыканттарды өз мамандығына үйреткен сияқты мұғалімді де өз мамандығына үйрету" деп атап көрсеткен болатын.

Негізгі мақсат педагогикалық шеберліктің өзіне тән ерекшеліктері мен қасиеттерін білуіміз керек. Педагогикалық шеберлікті жетілдірудегі негізгі мақсат - мұғалімдік мамандық бойынша өзінің алдына қойған мақсатты педагогикалық іс-әрекеті деңгейіне жеткізе нәтижелі түрде іске асыра білу.

Мұғалімнің шеберлігі екі жағынан бірдей танылады: бірінші жағы, баланы қалай, қалайша оқыту үшін оның психологиясын білу, екінші жағы, оқытып-тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, жолдарын терең білу және оны қолдана білу. Тәжірибеде осы талаптарға сай мұғалімдер шеберлігі калыптасып жетіледі. Бұл жөнінде біз өзімізге белгілі болып келе жатқан көптен таныс, даңқты педагогиканың іс-тәжірибесін оқып үйрену арқылы педагогикалық шеберліктерді танып-біліп, олардың іс-тәжірибелерін жаңа жағдайда жаңа форма-әдістермен жандандыра отырып, өз ісімізде басшылыққа алуға тиіспіз. Сонда ғана өзіміздің педагогикалық шеберлігімізді жетілдіріп, шыңдай түсеміз. Мысалы, А.С.Макаренконың, М.Горький атындағы, Э.Дзержинский атындағы балалар колониясындағы атқарған педагогикалық шеберлігі "Ұстаздық дастан", "Мұнара үстіндегі тулар" атты еңбектерінде айқын суреттелінген.

Қазақстанда педагогикалық іс-әрекеттің шеберлері Макаренконың педагогикалық шеберлігін қайталаушы Семей облысы "Көкпенті" балалар үйінің директоры Жақия Шайжүнісов, Алматы қаласындағы қиын балалар үйінің директоры - Архимед Мыңбаевтың іс-әрекеттері нағыз шеберліктің үлгісі болады.

Қазір бір жаңашыл деп атап жүрген бір топ педагогтардың: И.Ф.Шаталов, И.Е.Ильина, Ш.А.Аманшвили, Т.И.Гончаров, С.Н.Лысенко т.б. педагогтардың іс-әрекеттерінен нақты педагогикалық шеберлікті байқаймыз.

Қазақстанда педагогикалық шеберлігімен белгілі болған педагогтар Алматыдағы №4 мектеп директоры Нұртазина Рафиғаның шеберлігі бізге көптен таныс. Орыс тілінің маманы ретінде өзі оқытқан балаларына саналы білім беруде көрнекті еңбек еткен. Атырау облысы, Махамбет ауданы Алға орта мектебінің директоры қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Халық мұғалімі. Айтқалиев Құснидың педагогикалық шеберлік іс-әрекеттерін бүкіл республика мұғалімдеріне таныс болып отыр.

Айтқалиев бастап ұйымдастырған республикада көптеген жаңашыл педагогтардың өз облыс-аудандарында ұйымдастырып отырған атаулы мектеп тәжірибелері оның Республикаға таратыла бастауы - республикамызда педагогикалық шеберлік іс-әрекеттерінің кең қанат жайып, барлық жерлер де кең өріс ала бастауының айғағы.

Мысалы, Бунич Валентин - Қарағанды өнер мектебінің директоры.

Очнур Елена Афанасьевна - Алматы эксперименталды мектеп директоры, биолог пәні мұғалімі.

Фомин Юрий Павлович - Орал облысы, Бөрлі орта мектебінің орыс тілі пәнінің мұғалімі.

Бітібаева - Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл атындағы орта мектеп директоры. Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі.

Бұлардың педагогикалық шеберліктерінің негізі балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, жергілікті мұғалімдердің пікірімен, тәжірибелерімен санаса отырып, оқу құрал, бағдарламалардың балама түрлерін жасау, сөйтіп білім-тәрбие берудің жана талаптарына сай педагогикалық шеберліктерді дамытуға үлес қосу болып табылады. Оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықта жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту. Әрбір оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сай оқу-тәрбие әдістерін жетілдіру. Балаларға деген қамқорлықты, сүйіспеншілікті арттыру. Жаңа жұмыс әдіс-тәсілдерін жандандыра түсу - олардың педагогикалық шеберліктерінің, сипаты.

Осы жоғарыда болғандай педагогикалық шеберлік іс-әрекеттерді әрбір аудандар да, әрбір облыстарда шығармашылық сипатта еңбек ететін педагогтардың іс-әрекеттерінен байқауымызға болады. Сондықтан олардың іс-тәжірибедерін үйрену, үнемі шығармашылық сипатта еңбек ету - бізді педагогикалық шеберлікке шындай түседі.

Педагогикалық іс-әрекет

Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз - мұғалімнің оқу-тәрбие істерін нәтижеге жеткізетін әрекеттер құрылымы.

Мұғалімнің шеберлігі педагогикалық іс-әрекетті жоғарғы педагогикалық мамандық негізінде басқара білу.

Педагогикалық іс-әрекеттер мынадай құрылымдардан тұрады: іс әрекет мақсаты, іс-әрекет объектісі, іс-әрекет субъектісі, іс-әрекет құралы.

Аталған іс-әрекет құрылымдары бір-бірімен байланысты комплексті жүзеге асырылып іс-әрекеттің компоненттері да болды.

Осы аталған іс-әрекеттер компоненттері де болып табылатын іс-әрекет мақсаты, объектісі, субъектісі және іс-әреке құралдарын жеке-жеке алып қарайтын болсақ: Іс-

әрекет мақсаты - жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуді көздейді. Жан-жақты тәрбиелеуді - қаздейді. Жан-жақты тәрбиелеу тәрбие жұмысын комплекс жүзеге асыруды қажет етеді.

Комплексті жүргізу адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене, экономикалық экология, ақыл-ой тәрбиелерін тұтас бір-бірімен ұштастыра жүргізу болып табылады. Тәрбие жұмысын комплексті жүргізу тәрбиеленушілердің санасына да, мінез-құлқына да, олардың тіршілік қызметше де бір мерзімде ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Жеке адамды жан-жақты дамыту жас ұрпақтың тіршілік қызметінің алуан түрлі: өндірістік, қоғамдық саяси, рухани адамгершілік салаларында барлық қабілет дарындарын дамытуды қарастырады.

Іс-әрекет объектісі - Адамдардың қалыптасуының, объективтік негізін - қоғамның материалдық-техникалық базасы, қоғамдық қатынастар, тұрмыс салалары, табиғи орта және адамның туа біткен қасиет-нышандары сияқты адамдардың еркі мен санасына тәуелді емес факторлар құрайды.

Адам жанасқан нәрселерінің бәрі - адамдар, заттар, табиғаттың және айнала қоршаған қоғамдық өмірдің құбылыстары осының барлығы оның санасы мен мінез-құлқына, оның рухани әлпетіне ізін қалдырады. Адам қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасады. Сөйтіп, адам әрқайсы қайталанбайтын дара ерекшеліктерімен көзге түседі. Сондықтан адамға арналған педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық негізінде ұйымдастыра білуді қажет етеді.

Баланың тәрбиесіне педагогтық іс-әрекеттің объективтік жағдайлары, қоршаған өмірде әсер етеді. Сондықтан тәрбие жұмысында өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстарын айналадағы объективті өмірмен байланысты үйлестіре жүргізген жөн.

Іс-әрекет субъектісі - Тәрбиеленуші және жас жеткіншектерге тәрбие жөнінен әсер етушілер: педагогтар, жанұя, педагогикалық коллектив және жұртшылықтар болып табылады.

Мектеп ішінде балаларға тәрбие және оқу жұмысын ұйымдастыратын негізгі тұлға мұғалімдер. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттері, оның білімі, білгірлігі, оқыту және тәрбие әдіс-тәсілдері үлкен әсер етеді. Нағыз балаларға лайықты, ұтымды, нәтижелі тәрбие беретін педагогтарды өзін-өзі жетілдірумен шұғылданатын, адамгершілік-ізгілік қасиеттері мол тәжірибелі шебер педагогтар деп айта аламыз.

Педагогикалық іс-әрекет құралдары

Педагогикалық іс-әрекет құралдарына: оқу, еңбек, ойын, қарым-қатынастар жатады.

Әрбір педагогтар өзінің қалауынша осы аталған құралдарды тәрбие жұмысында басшылыққа алады.

Мысалы А.С.Макаренко өзінің іс-әрекетінде тәрбие құралы етіп "еңбекті" қолданған. М.Горький атындағы, Э.Дзержинский атындағы балалар колония тәрбиеленушілерін тәрбиелеуде көп нәтижеге жетеді.

Қазақстанда Макаренконың тәжірибесін басшылыққа алушы, өзінің қиын балалармен жұмыс ұйымдастыруда Архимед Мыңбаев тәрбие жұмысының құралы етіп еңбек процесін алды. Әр оқушының ерекшелігін біле отырып, еңбекке баулаудың нәтижесін олардың жүрегінен жол тауып, "Қиын" оқушыларды дұрыс жолға сала білді. Еңбекке деген олардың сүйіспеншілігін арттыра біледі.

Кейбір педагогтар іс-әрекет құралдары ретінде, бірлескен коллективтік оқуды, басқа да бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыруды құрал етіп пайдалана білді. Мысалы Мәскеулік мұғалім В.А.Караковский, Ленинградтың мұғалімі В.Н.Сорока-Россинский тәрбие жұмыстарының құралы етіп коллективтік оқуды ұйымдастыруды алған. Мұндай тандау олардың шеберлік және мүмкіндік ыңғайына байланысты жүргізілді.

Педагогикалық шеберлік жүйелері

Педагогикалық кәсіптік әрекеттерге өзін-өзі бағыттап, ұйымдастыратын педагогикалық білгірлік қасиеттер педагогикалық шеберліктер жүйесіне жатады.

Педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінсдк Педагогтық іс-әрекетіндегі гуманистік бағыттылық, педагогтық кәсіптік білгірлік, педагогтық іс-әрекетіне бейімділік, педагогтық техника. Бұл аталған педагогтық шеберлік жүйелері бір -бірімен байланысты жүзеге асырылады.

а) Педагогтық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылық

Педагогтық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылық тәрбиешілердің, мұғалімдердің балаларға адамгершілік-ізгілік қарым-қатынас орнату жағынан жетіле түсуін қажет етеді. Гуманистік бағыттылық жүйесі - педагогтардың балалармен ынтымақтастық, демократтық бағыттағы ізгілі-адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас орнату стратегиясы мен тактикасының болуын қажет етеді.

Л.Н.Толстой былай деген болатын:

"Егер мұғалім өзінің балаларға деген сүйіспеншілігін, педагогикалық іс-әрекетпен жалғастыра білсе, ол жетілген мұғалім". Педагогтық іс-әрекетіндегі гуманистік бағыттылық әр жақты бағалы бр жақты бағалы б Олар мыналар:

- 1) өзін шебер педагог ретінде танып білу№
- 2) педагогикалық әсер ете білу ықпалының болуы.
- 3) балаларға, балалар коллективіне деген сүйіспеншілі ынтымақтастық бейімділігінің болуы.
- 4) педагогикалық іс-әрекет мақсатының, гуманистік стратегиясының, тактикасының болуы.

ә) Кәсіптік білім, білгірлік

Педагогикалық кәсіптік шеберліктің фундаменттік негізі кәсіптік білім. Мұғалімнің кәсіптік білгірлігі - біріншіден, оқытатын пәнін терең, негіздей білуге негізделсе, екіншіді сол пәнді оқып тани білетін оқушыларға арналады.

Кәсіптік білімнің ерекшеліп оның комплекстігінде; білім мазмұны, оны оқыту әдісі, оны ұйымдастыру принцип-тері жатады.

Кәсіптік білімнің комплекстігі ол кәсіптік білімді, санал ереже принцип-тәртіпті қалыптастырады.

Кәсіптік білім - теориялық, технологиялық, методикалық жағынан тұтасады. Оны әрбір педагогтар өз тәжірибесіне құрады, ғылыми білімі негізінде оның заңдылықтарын көбіледі

б) Педагогикалық іс-әрекетке бейімділік

Педагогикалық шеберлік жүйелерінің тағы бір маңызды түрі - педагогикалық іс-әрекетке бейімділік.

Психологиялық жағынан танып білуімізге байланысты бейімділік дегеніміз өзі белгілі бір затқа, объектіге, іс әрекетке адамның сезімдік талғамының арта түсуі соған де құлшынысының арта түсуі деп білеміз.

Сол педагогикалық іс-әрекетке бейімділікті танытатын төмендегідей түрлі сезім құлшынысын, жетекші бейімділікті атауға болады.

- Адамдармен ыңғайласа білуге құлшыныс көрсету, тіл табыса білу, адамдармен коммуникативтік қатынаста болуға бейімділік көрсету.
- Кәсіптік көргендік, бейімділік, байқағыштық. Адамдарда болатын күрделі сапалық қасиеттерді, ажыратып тани білу қабілеттілігі (эмпотия, педагогическая интуиция).
- Жеке бас динамизмі - эмоциялық тұрақтылықты байқата білу, ішкі әсер ету сезімін, ерікке әсер ету сезімін байқату, логикалық көз жеткізу. (жанашыл педагогтар тәжірибесінен байқалады).

- Эмоциялық тұрақтылық өзін-өзі меңгеру, өз бейімділігін реттеп басқара білу. Ситуацияларды бағдарлай біліп дұрыс шешім қабылдай білу.
- Оптимистік болжай білушілік алға үмітпен қара, оқушыларды келешекке үміт, сенімге бағдарлап тәрбиелеу.

в) Педагогтың іс әрекеттің техникасы

Педагогикалық шеберлік жүйелерінің тағы бір түрі - педагогикалық, техника. Педагогикалық техника дегеніміз - педагогтық іс-әрекетті ұйымдастыра білу іскерлігі.

Педагогикалық техникалық іскерлік - осы салада білудің екі түрін құрады. Біріншісі, педагогтың өзін-өзі басқара білуі; екіншісі - педагогтық міндетті жүзеге асыру үшін өзара әсер ете білуді меңгеру.

Біріншісі бойынша - педагог өз денесін, эмоциялық сезім дүниесін, сөйлеу техникасын меңгеріп басқара білу

Екіншісі бойынша - педагогтың дидактикалық өзін-өзі ұйымдастыра білу, өзара үйлесімділік жүзеге асыру. Біз жоғарыда атап көрсеткен педагогикалық шеберлік жүйелері оның функцияларын атап көрсете отырып, мынадай қортындыға келеміз:

Педагогикалық шеберлік - жүйелі процесс. Педагогикалық іс-әрекетте нәтижелі табысқа жеткізеді. Жұмысқа жаңа сапалық мазмұн береді. Педагогтық кәсіптік позицияны қалыптастырады.

Педагогикалық шеберлік жүйелері педагогикалық бағыттылықты, бейімділікті, білімділікті; іскерлікті білдіретін процесс.

Педагогикалық шеберлік өлшемі.

- Педагогикалық мақсаттылық, бағыттылық.
- Тәрбие беру, білім беру ісінің нәтижелігі.
- Әдістерді, құралдарды қолдана білудегі үйлесімділік.
- Іс әрекет мазмұнының шығармашылық сипат алуы.

Жоғарыда көрсетілген әрбір шеберлік жүйелерінің өз дамуының белгілі өлшемі, даму деңгейі болады.

Жоғарғы оқу орындарының міндеті студенттерге алғашқы мамандық деңгейін меңгерту қажет. Яғни кәсіптік мамандық беруде: Кәсіптік бағыттылықты, кәсіптік білімді, бейімділікті, іскерлік техниканы жетілдіру керек. Одан кейін ол тәжірибеде шындалып өзінің, жоғарғы деңгейіне бірте-бірте жетуге тиіс.

Мұғалімдік шеберлікке баулу, тәрбиелеу жоғарғы педагогикалық оқу орындарында ең алдымен жекелеген мамандыққа байланысты пәндері: педагогиканы, психологиян, методиканы оқуға байланысты жүзеге асырылады. Сондықтанда бұл пәндердің негізінде студенттерге жоғарғы кәсіптік мамандықты игеруді мақсат ете қоюмен бірге студенттердің бұл пәнді оқып үйренуге деген ынтасын арттыру керек. Мұғалімдік шеберлікке баулу - жалпы мұғалімдік мамандыққа баулып тәрбиелеудің орталық біріктіру аспектісі болуға тиіс. Студенттер төменгі курстардың өзінде "Педагогикалық шеберлік негізі" курстарын оқып үйренуге байланысты орталық бағдар беретін пәндер ретінде зейін аудара отырып, ықылас қойып педагогика, психология пәндерін терең оқып үйренуі керек және педагогика тарихын және пәндерді оқыту методикасын үйренуді қажет етеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтарының біліктілігін арттыру курстарының бағдардамаласы. – А. 2012.
2. Диканбаева А.К., Рахимова Г.А. 12 жылдық білім беру жүйесіндегі бағалау мәселесі /«Ғаламдық бәсекелестік ортадағы заманауи білім беру» жаңашыл педагогтардың 2-ші Республикалық форумы. Шымкент.: М.Әуезов атындағы ОҚМУ. 2014, 31-33 б.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М.. Педагогика.- А., 2002.

АЗАТ ЕЛДІҢ АР-НАМЫСЫ – АТА ЗАҢ

Оразбаева Т.Б.

(Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті)

Кеңес жүйесі тарап, Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін 1993 жылы парламент қабылдаған бірінші Конституция Республиканың дамуындағы зор қадам болды. 1993 жылы 28 қаңтарда егеменді тәуелсіз қазақ мемлекетінің тұңғыш Конституциясын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бірауыздан қабылдады. Сөйтіп, Конституция – егеменді, ешбір мемлекетпен ортақтаспаған тәуелсіз мемлекеттің Ата Заңы болды.

Ал, 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс беру негізінде екінші, қазіргі қолданыстағы Конституция қабылданды.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Конституция біздің бостандықтарымыздың негізіне айналды. Ол бізге тәуелсіздік алып келген жеңістеріміздің, біздің тапқан табыстарымыздың бүкіл кешенін баянды етті».

Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты. Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты.

Президент Н.Ә.Назарбаев «біздің Конституцияның бізге берген ең басты құндылығы – таңдау құқығы, басқаша айтқанда, өз өміріңнің қожасы болуы кез келген қазынадан бағалы» дей келе мемлекеттік биліктің қайнар көзі халықтың өзі екенін айқындады. Себебі, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Ал, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқындалды. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Сондай-ақ, халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырып, өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

Конституцияда Республика қызметінің түбегейлі принциптері ретінде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу белгіленді.

Осылайша, Ата Заң мемлекетіміздің қуатына айналды. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі - өнеге.

Ата заңымыздың жетістіктерінің бірі - адам құқығы толық ескерілмеген, қорғалмаған декларациялардан бас тартуы. Ата Заңның «Адам және адамзат» деген II-ші бөлімінде бекітілген барлық заңдар егжей-тегжейлі қарастырылған. Ондағы заңдар адам өмірінің күнделікті өмірінде қолданысқа ие. Сондай-ақ, осы бөлімнің 12 бабында «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» деп заңның адам мүддесі үшін қызмет ететіні айшықталған.

Ата Заңның негізгі маңызын айтатын болсақ, дамыған демократиялық мемлекеттерде бірде бір адам өзінің құқығы мен бостандығын Ата Заңсыз елестете

алмайды. Басқаша айтқанда, олар күнделікті өмірде өздерінің құқығы мен заңдарын қорғау үшін Конституцияда бекітілген заңнамаларға жүгінеді. Конституция осылайша халыққа қызмет етіп, олардың тірегіне айналады.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын Конституцияда екі маңызды тәсіл бекітілді: сот арқылы және әкімшілік.

Бірінші кезеңде бұл өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғалуына құқығы. Құқықтық мемлекет жағдайында тәуелсіз сот адамның құқығын қорғауының негізгі құралы болып табылады.

Еліміздің Конституциясы азаматтардың сот төрелігіне еркін қол жеткізуін белгілеп, әрбір азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауына кепілдік береді. Конституция бойынша егеменді елімізде сот жүйесі мемлекеттік биліктің бір тармағы болып танылады.

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршендігін дәлелдеп отыр. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілді. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінді.

Осыдан жиырма жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата заң Қазақстан азаматтарының күнделікті өміріне қажетті сұрақтардан бастап, стратегиялық маңызы бар мәселелерді шешуге негізделген құжат. Оның басты көздейтін нысаны – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Конституция осы жылдар ішінде жас мемлекеттің, билік пен басқару жүйесін жан-жақты нығайтып қана қоймай, ел экономикасын түбегейлі реформалауға, сыртқы және ішкі саясаттың оң нәтижелі жүзеге асуына ықпал жасады. Қоғамда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын орнатты. Бір сөзбен айтқанда, Ата заң – қоғам дамуының түпқазығына айналды. Біздің заң әлемдегі ең жас Конституция. Қазір толысу мен толығы сәтінде. Кейде, оған өзгерістер енгізуге ұсыныс болады. Алайда, Конституцияны өзгерте беру қоғам үшін, әр азамат үшін тиімсіз. Даму мен өркениеттің жолына түскен еліміздің қазіргі Ата заңы қазақстандық азаматтардың құқығын қорғауда көпке дейін қызмет жасары сөзсіз. Кез келген өркениетті мемлекеттің өз конституциясы болады. Елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығы көп жағдайда сол Конституцияның, яғни Негізгі заңның дұрыс жұмыс істеуіне байланысты болмақ. Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Иә, Қазақстан халқы осыдан он жеті жыл бұрын жаңа Конституцияның қабылдануына дауыс беріп, өзінің тарихи таңдауын жасаған еді. Негізгі заң тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және мемлекеттік құрылысының іргелі қағидаттарын бекітіп, демократиялық институттардың дамуына мықты қуат берді. Қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм және мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу республика қызметінің түбегейлі принциптері болып бекітілді. Мемлекетіміздің Конституциясы — бұл біздің бірлігіміздің, татулығымыздың кепілдігі, биліктің барлық буынының жолға қойылған, тиімді жұмысы, еңбек ету, лайықты өмір сүру және жан-жақты үйлесімді даму үшін адамның құқықтары мен бостандықтарын бекіту, ұлтаралық келісім мен елдің гүлденуі болып табылады. Конституция Қазақстан азаматының өмір сүруге, сөз еркіндігіне, шығармашылық еркіндігіне сонымен қатар дін ұстанымы еркіндігіне, еңбекке, демалысқа, денсаулық қорғауына, ақысыз орта білім алуына және жеке адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмау құқығына кепіл болады. Әрбір қазақстандық азамат біздің Конституциямызда жария етілген демократиялы құндылықтардың сақталуына жауапты. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы

жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің қамтылғанын айғақтайды. Біз ұлан-ғайыр байтақ даланы ақ білектің күшімен қорғап қалған батыр бабаларымыздың асқақ аманатына адал болуымыз керек. Олар елі азат, жері тұтас қуатты мемлекет құруды, Жерұйықта ғұмыр кешуді аңсады. Осы арманды ақиқатқа айналдыру бақыты біздің ұрпаққа бұйырды. Елімізді қарқынды дамытып, әлемнің маңдай алды мемлекеттерінің қатарына қосу — біздің қастерлі де қасиетті борышымыз. Конституция күніне орай еліміздің барлық қалалары мен елді мекендеріндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар секілді, Сәтбаев қалалық сотында да кең көлемде мерекелік шара өткізілмек. Қол жеткен табыстар Ата Заңымыздың мықты әлеуетінің дәлелі десек артық айтқандық емес. Тұрақтылыққа, Отанымыздың басты байлығы – тыныштық пен бейбіт өмірге Конституцияның негізінде қол жеткіздік. Осыны түсіне білуіміз қажет себебі, Ата Заңмен өмір сүру – демократияның жарқын көрінісі.

Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихы да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституция мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі!

Конституцияны басшылыққа ала отырып, біз тәуелсіздігіміз бен мемлекетімізді нығайту жолында ғасырлық мәні бар ауқымды атқардық. Біз аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасқан әлеуметті елге айналдық. Ортақ шаңырағымыздың шекарасын шегелеп, іргемізді мызғымастай етіп бекіттік. Тағдыр тоғыстырған, тарих табыстырған түрлі ұлт өкілдері Конституция қағидаттары төңірегіне топтасты. Еуразияның жүрегіне орналасқан Елордамыз әлемге руханияттың ірі орталығы, саясаттың іргелі ордасы ретінде танылды. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан Қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіл-адамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығы қамтылғанын айғақтайды.

Конституция күнінің елдік пен егемендіктің, іргесі берік мемлекеттіліктің темір қазығына айналған әсем Астанамыздың төрінде, «Қазақ елі» монументі орналасқан орталық алаңда өтуінің де өзіндік мәні зор.

Міне, биыл осы Конституциямызға 20 жыл толып отыр.

Жаңа Конституцияның қабылдануы Президенттік басқару нысанының ауқымында мемлекет басшысына мемлекеттік билік органдарының үйлесімді қызмет етуін қамтамасыз етуге, қоғамды тупкілікті реформалауға мүмкіндік береді. Көп ұлтты, әрі көп дінді қоғамда азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің кепілі-Президенттің болуы өмірлік мәнге ие болды. Биліктің тұрақтылығы реформаларды жүргізудің жоспарлылығын, нақтылығын және саяси сабақтастығын сақтады.

Қазақстан қысқа мерзім ішінде экономикалық жетістіктермен бірге демократияның негізгі тетіктерін жасақтады. Мысалы, азаматтық қоғам құру процесі соның бір айғағы. Осылай жаңашылдыққа бағыт бағдар алған негіздер тәжірибеміздің толыса бастағанын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ұлтаралық, дінаралық татулықты орнықтырады. Конституция бойынша дін бостандығы бекітіліп, оның «19-бабында» әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» делінген. Біздің қоғамымыздың діннің алатын орны ерекше. Ол арқылы рухани тәлім-тәрбиенің салауатты қоғам қалыптастыруда маңызы

зор. Алайда, соңғы уақыттарда елімізге шет мемлекеттерден келіп еніп жатқан көптеген діни ағымдар, қоғамдағы ұлтаралық рухани келісімге дақ тусіріп, қақтығыстар тудыруды көздейтін діни ұйымдардың республикамызда кездесетіні жасырын емес. Әділет департаменттерінен ашылған діни ұйымдарды тіркеу мен олардың қызметіне мониторинг жүргізумен айналысатын бөлімдердің құрылуы бұл саладағы соңғы жылдарда орын алған бейберекеттіктерді тыюға оң жағдай жасауға бағытталып отыр.

Осыншама қысқа мерзімде өз Конституциямызды қабылдағанда, бізге таң қалған ел аз болған жоқ. Біз олардың ешбіреуіне мән бермей, өлшеулі уақыт, табанды талап, шығармашылық іс- әрекеттің арқасында алға қойған мақсатымызға жеттік. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет екенін Конституциясымен бүкіл әлемге мойындатты.

Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін талқылау және шешу кезінде әрбір құқықтық санасы жоғары азамат Конституцияда бейнеленген жауапкершілікті сезінуі қажет. Қоғамның бүгінгі мен болашағы үшін, жалпы алғанда өз Конституциямызды құрметтеп қорғап және маңыздылығын жоғалтпай сақтауымыз біздің, яғни әрбір Қазақстан Республикасындағы азаматтың міндеті мен парызы. Себебі, бұл Конституция Қазақстан Республикасының Ата Заңы.

Жоғарыда айтылған ойымды түйіндейтін болсам, Конституция тек мемлекеттің ғана емес, қоғамның да Ата Заңы болып табылады, яғни, Конституцияда саяси-әлеуметтік және құқықтық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттар тәуелсіздіктің арқасында еңсесін тіктеген Қазақ елінде қай салада болсын жемісті жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда саясаты салмақты, экономикасы еңселі, әлеуметтік жағдайы әлді, халқы тату, қорғанысы бекем, болашағы жарқын еліміз Ата Заңның өркениетті елдермен терезесі тең, кең тұғырлы, еркін өмір сүруде. «Конституция – арайлы азаттығымыздың айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары. Ол елдігіміздің алтын арқауы, толағай табыстарымыздың бастау қайнары». Осы идеяның меншікке, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қоғамдық бірлестіктерге, отбасына және тағы басқаларға қатысы бар екендігін ұмытпауымыз керек.

Әдебиет:

1. Баққұлов С. Құқық негіздері. Оқу құралы. - Алматы 2001.
2. Төлеуғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. – Алматы, 1997.
3. Оңалбек, Ж. К. Педагогика: дәріс курсы / Алматы: "Нұрлы Әлем", 2003. - 368 б.

УДК:711.4.01 (045)

ОСНОВНЫЕ СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГОРОДСКИХ ПОСЕЛЕНИЙ

Оралбаева Ж.Е.

(КАТУ им. С.Сейфуллина)

Город – это живой, постоянно развивающийся организм, непрерывно потерпевающий изменения в структурном, архитектурно-планировочном и объемно-пространственном отношениях. Размеры и границы города – понятие условные, рост и развитие города – непрерывны [1]. Город всегда был генератором наиболее

значительных общественных, научных и технических достижений человечества. Концентрация многоотраслевых производств, сосредоточение научных и технических кадров, наличие культурных ценностей благопретствуют созданию интеллектуальной и творческой атмосферы [2].

Ситуации, возникающие в процессе формирования городской среды, в основном обуславливаются консервативностью материально-пространственных форм по отношению к динамическим процессам общественной жизни или нерациональностью ранее принятых градостроительных решений. Наиболее актуальными следует считать те проблемы, которые вызваны самым значительным расхождением между реальным состоянием материально-пространственной среды и ее требуемым состоянием.

Следует рассмотреть проблемы, относящиеся почти ко всем городам независимо от их величины:

1. Нерациональное использование городской территории. Малая этажность жилых, общественных и производственных зданий, неоправданно заниженная плотность застройки, неэффективные приемы планировочной организации территории, недостаточное использование подземных пространств для размещения хозяйственно-бытовых построек, нерациональная система обслуживания и т.п. Все это ведет к «расползанию» городов, вынужденному использованию под застройку ценных сельскохозяйственных угодий, удлинению сети коммуникации и в целом - к удорожанию строительства.

2. Потеря индивидуальности и самобытности образа городской застройки, выступающая как негативная сторона ускоренных темпов строительства, индустриализации и типизации застройки.

3. Консервативность методов проектирования генеральных планов городов. Известно, что формирование города – это длительный и непрерывающийся во времени процесс. Город постоянно изменяет свои количественные параметры, в нем меняется состав материально-пространственных элементов, постоянно преобразовываются структурные отношения между элементами [2].

А также рассматриваются наиболее важные и общие проблемы крупных городов:

1. Непредвиденно ускоренные темпы численного роста больших и крупных городов, что вызывает отставания развития их социальной инфраструктуры: учреждений социально-культурного обслуживания, транспортной сети, жилья и др.

2. Различие темпов роста отдельных городов, опережающей рост небольшого их числа, неравномерность расположения этих городов в пространстве. Это позволяет увеличить притягательность ограниченного числа центров для жителей окружающих городов и сел и интенсивную, чаще всего нерациональную, маятниковую миграцию населения.

3. Ухудшение экологической ситуации является одной из наиболее актуальных городских проблем современности. При этом сокращается площадь зеленых насаждений, приходящаяся на одного городского жителя, увеличиваются расстояния до пригородных зеленых массивов, ухудшается состояние воздушной среды. Причина заключается в ускоренных темпах роста городов, повышении уровня автомобилизации, роста подвижности населения, несовершенство уличной сети сложившихся городов.

4. В связи с увеличением застроенной территории, ростом мобильности населения, стремительным увеличением количества автомобилей в городах, повышением скоростей движения транспорта все более острой становится проблема «человек-автомобиль».

5. При общей интенсивности жизненных процессов наблюдается особенно значительная перегрузка транспортом и людьми главных центров городов. Это вызывается нарастанием центростремительной силы в городах при невыполнении

своих функций периферийными городскими центрами. Несмотря на то что в проектах закладывается развитая сеть городских общественных центров, практическое осуществление этих замыслов идет крайне медленно. Самые крупные предприятия обслуживания и другие городские учреждения, как и прежде, стремятся «осесть» в главном центре, и поэтому его престижность все возрастает. При этом следует учитывать, что в главных общественных центрах и прилегающих к ним районах сосредоточивается значительное количество мест приложения труда. Это также увеличивает приток в центральную зону транспортных средств и населения.

6. Интенсивный рост городов и расширение территориальных границ нарушают их пространственную целостность, исключают возможность конструирования в сознании человека обобщенной модели городской среды, снижают эффект положительного эмоционального воздействия городской среды на человека. Так называемая жилых, промышленных, коммунально-складских территорий, вклинивание в структуру города железных дорог, грузовых станций и портов, депо подвижного состава общественного транспорта – все это нарушает композиционный строй города, затрудняет связи между его отдельными частями [2].

Помимо перечисленных выше проблем, следует обратить внимание на еще важную и пока еще недостаточно изученную проблему крупных городов. Она состоит в том, что устоявшиеся и привычные принципы плоскостного функционального зонирования территории города, которые заключаются в четкой дифференциации городского плана на жилые и производственные, общественные и озелененные зоны, а также в рациональной связи этих зон между собой, не совпадают с реальным прохождением жизненных процессов. Для современного крупного города характерна нарастающая интеграция различного рода деятельности людей, сложное переплетение в горизонтальных и вертикальных уровнях пространства дробных специализированных зон, и их взаимозаменяемость.

Малые города являются самой распространенной формой городских поселений. В силу их преобладающего количественного преимущества и относительно равномерного размещения по территории они «держат» сельские поселения, выполняя функции административно-хозяйственных и обслуживающих центров сельского расселения.

Малые города – наиболее масштабная для жизни человека единица расселения, позволяющая в пешеходной доступности пользоваться объектами общественного обслуживания и окружающей природной средой. Во многих малых городах сохранились памятники истории и культуры, что делает их особенно привлекательными.

Архитектурно-пространственные проблемы малых городов обусловлены на первую очередь проблемами социально-экономического плана. Это наличие маломощной экономической базы, узость сферы приложения труда. Результат – большой отток населения в большие и крупные города, а следовательно, и неблагоприятная демографическая ситуация.

Отметим наиболее важные архитектурно-пространственные проблемы малых городов.

1. Низкое качество городской материально-пространственной среды: недостаточное развитие социально-культурного обслуживания, невысокий уровень благоустройства всей территории и резкое различие в благоустройстве главных и второстепенных улиц, невыразительность объемно-пространственной композиции города.

2. Нарушение четкой планировочной организации всей территории города и особенно отсутствие выразительной планировочной и композиционной организации городского общественного центра. Это обуславливает неэффективное использование территории, потерю целостности композиционного строя городской среды.

3. Совмещение главных улиц малых городов с транзитными транспортными магистралями внешнего значения, что нарушает функциональное единство городских поселений, создает неудобства для транспорта и пешеходов.

4. Недостаточная социально-экономическая обоснованность проектных разработок, касающаяся развития градообразующей базы, прогноза перспективной численности населения, объектов жилищного и культурно-бытового строительства и др. Это ведет к разработке проектных решений, мало отвечающих реальным условиям, затрудняет управление процессами формирования материально-пространственной среды малых городских поселений [2].

Таким образом, город, являясь развивающимся и изменяющимся организмом, имеет довольно подвижную, постоянно меняющуюся архитектурно-планировочную структуру. Соответственно именно ее развитие способствует социально-экономическому подъему города, росту его населения и строительству территорий различного назначения.

Несомненно, что создание оптимальной пространственной структуры играет немаловажную роль в улучшении условий жизни в малых городах. Вместе с тем объективность проектных решений зависит от правильного учета всего комплекса экономических и социальных предпосылок развития этих городов.

Литература:

1. Карро В.М, Свешников В.К., Ситникова Е.С, Тимофеев Л.Ф, Шутов А.ф. Новые индустриальные города. Опыт проектирования. Л., Стройиздат, Ленингр. отделение, 1975, 96 с.
2. Иодо И.А. Основы градостроительства (теория, методология): Учеб.пособие для архит. спец. вузов. – Мн.: Выш. Школа, 1983-199с., ил.
3. Малоян Г.А. Основы градостроительства / Учебное пособие. - М.: Ассоциации строительных вузов, 2004 - 120 с.

УДК 37.013.43

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ГЕНЕЗИСІ ТУРАЛЫ

Өмірзақова Ж.А., Албытова Н.П.
(Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ҰУ)

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сәйкес жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып отыр. Осы орайда қазіргі мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер оқу – тәрбие процесінде патриоттық тәрбиені жетілдіру талаптарын қояды.

Педагогика тарихында түрлі кезеңдерде ұлтжандылық, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, советтік патриотизм, қазақстандық патриотизм оны жүзеге асырудың жолдары туралы педагогикалық тұжырымды ойлар мен зерттеулердің өріс алуы бұл мәселенің тамыры тереңде екендігін, оның ұлт мәдениетімен тікелей байланыстылығын көрсетеді. 1898 жылғы ескі Энциклопедиялық сөздіктегі:

«Патриотизмъ – любовь къ отечеству. ...привязанность къ своей культурной средѣ или къ родной *гражданственности*», - деп берілген анықтама біздің пікіріміздің айғағы болмақ [1, 36-б]. Ал, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында: «Патриотизм (грек. *patris – Отан*) - адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», - деп анықтама берген [2, 218-б]. Педагогикалық сөздікте: «патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік пролетарлық интернационализммен берік байланысқан» - деген анықтаманы көрсеткен [3,380-б]. Ежелгі грек және рим ойшылдары (Платон, Аристотель, т.б.) еңбектерінде де патриотизм идеяларының орын алғандығын байқауға болады. Платон: «Государство любить с самого детства и быть приспособленным к их обязанностям, чтобы, то есть, сделать их мужественными, рассудительными, свободными и тому подобное», - деген пікір айтып, Отанды сүюді, мемлекет алдындағы міндеттерді жас ұрпаққа бала кезінен бойына сіңіріп, патриоттық рухқа баулудың маңызын атап өткен [4, 82-б]. Аристотель «Саясат» еңбегінде: «Законодатель должен отнестись с исключительным вниманием к воспитанию молодежи любить отечество, так как в тех государствах, где это нет, и самый государственный строй терпит ущерб», - деп, патриоттық тәрбиенің қоғамдағы маңыздылығына есертеді [5, 274-б]. Қазақ елінің қалыптасуында ғасырлар бойы жинақтаған патриоттық тәрбие дәстүрлері, әдістері мен құралдары бар. Ежелгі руна «құпия» жазуымен тасқа жазылған шығармалар: «Күлтегін», «Білге қаған», «Ежелгі Руно», «Тоныкөк» жырлары соның айғағы [6,264-б]. Мысалы, Түркі ғалымы Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» атты кітабында жастарды батырлыққа, патриоттылыққа, ерлікке күрес жырлары негізінде әділеттікке, адамгершілікке шақырады. Түркі тілдес халықтардың XI ғасырдағы аса көрнекті ақыны, шежіреші ғалым Жүсіп Баласағұнидың «Құдатғу біліг» («Құтты білік» аударылағанда «Құт әкелетін білім») атты дастанының мазмұны патриоттық тәрбиеге арналған өнегелі еңбек. Автордың көсемдік ойлары мақал-мәтелге айналған: «Жау көргенде алып ер арыстан болар», «Ерлер бектің қанаты мен құйрығы, Құс қанатсыз ұшпайды: сол Алланың бұйрығы», Ер игісі ел жүгін көтереді» және т.б. [7,19-20-б] Сондай-ақ, XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында өмір сүріп, өз заманының білімпазы, данышпаны атанған Ахмет Иүгінекидің «Хитабул - хақайық» («Ақиқат сыйы») [8]атты еңбегінде жас ұрпақты ақылдылыққа, елін, жерін сүйеуге тәрбиелейтін мазмұн жеткілікті. Дәстүрлі тәрбиеміздің қалыптасуында қазақ хандығы тұсындағы уақиғалар, оларға деген жыраулар поэзиясындағы арнаулардың өзіндік орны бар. Олар елге өнегелі сөздерімен, өлең-жырларымен, толғауларымен зор ықпал етіп, халықты ел қорғауға, береке бірлікке шақырды. Ел бастаған көсемнің, қол бастаған батырдың жанашырлық, ізгі жүректілік, қайырымдылық, әділдікті жоғары ұстауы қажеттігін айта келіп, Асан Қайғы:

Арғымаққа міндім деп,
 Артқы топтан адаспа.
 Күнінде өзім болдым деп,
 Кең пейілге таласпа.
 Ғылымым жұрттан асты деп,
 Кессіз сөз бастама.
 Жеңемін деп біреуді
 Өтірік сөзбен қостама,-

деп ақыл-кеңес береді. Доспамбет жырау ер намысын ел намысы деңгейіне көтерерлік тәрбиелік ой-толғамдар қалдырған:

Екі арыстан жау шапса, оқ қылқандай шаншылса,
 Қан жусандай егілсе, аққан судай төгілсе,
 Бетегелі Сарыарқаның бойында соғысып өлген өкінбес[9].

Халқымыз даналықпен айтқан шешендік сөздерді, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді жастардың бойына сіңдіру арқылы ел қорғау, жерін сүю, қастерлей білуді рухани байлық деп біліп, өз ұрпақтарының байына сіңіруді борыш деп есептеген.

Жалпы, патриоттық тәрбиесінің негізі еліміздің тарихи-әлеуеттік дамуына, экономикалық жағдайына, өмір сүру салты мен түрлі тарихи оқиғаларға байланысты қалыптасады. Қазақтың тұғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов қазақтардың өркениеттен, мәдениеттен оқшаулануын, бейтараптануын қолдаушыларға қарсы шыққан еді. Ол өзінің патриоттық сезімін былайша бейнелеп берген еді: «Менің патриоттық сезімім ірбіт қуыршағы сияқты, бір қуыршақ ішінде бірнеше қуыршақ. Ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін», - [10]. Қазақ халқының ұлы педагогы Ы.Алтынсаринның «Қазақ хрестоматиясындағы» балаларға арналған әңгіме-новеллаларында оларды Отанын, елін сүйетін, патриоттық сезімге, адамгершілікке ұмтылу мен еңбексүйгіштік пен оқу-өнердің мағыздылығын жазды.

Ал, Абай Құнанбаев шығармаларында «отаншылдық» немесе «патриот» сөздері нақты көрініс таппаса да, оның патриоттық идеяны насихаттайтын ой-тұжырымдары жеткілікті. Ғалым М.Мырзахметов: «Абайдың халық арасындағы орасан зор ықпалы бар әдеби мұрасын езілген халықтың ой-санасын, азаматтық сезімін ұштап жетілдіру бағытында, қазақ елін топқа, тапқа жіктемей ағартушылар ұстанған таным тұрғысынан танытуға ұмтылады. Абай – бүкіл қазақ атаулының ұлтжанды қамқоршысы», - дейді [11, 192-б]. Патриоттық тәрбие мәселелеріне орыс халқының таңдаулы өкілдері мен қоғам қайраткерлері (Н.Г.Чернышевский, А.И.Герцен, Н.А.Добролюбов, т.б.) де аса назар аударды. Н.Г.Чернышевский: «Өз туғаныңды сүймеу мүмкін емес. Халықтың фольклорында осыған сәйкес сол дәуірдің аңыздары сақталып қалған», - дей келе, халықтың ауыз әдебиетінің туындыларының патриотизмге тәрбиелеудегі ықпалына тоқталады [12,298-б]. А.Байтұрсыновтың ғылыми мұрасының басым бөлігі патриоттық тақырыптағы шығармалардан құралған. Оның «Маса», «Қырық мысал», «Ер Сайын», т.б. жырлары өз елінің жастарын ерлікке, туған жерін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталған болатын. Қазақ елінің бостандығын армандап, Кеңес үкіметінің әділеттілігі арқылы теңдік алуды мақсат тұтқан нағыз патриот Сәкен Сейфуллин өз шығармаларында негізінен патриоттық бағытты ұстанған. Оның «Көкшетау», «Жұмыскерлер», «Тар жол, тайғақ кешу», т.б. еңбектері елдің тәуелсіздігін аңсауды, еліне деген сүйіспеншілік пен жанашырлықты паш етеді [13, 92-б]. Ресей империясының озбыр саясатын, оның қазақ халқына жасап отырған әділетсіздігіне сын айтып, қарсы шыға отырып өз пікірлерін айтқан қоғам қайраткерлердің бірі ағартушы Міржақып Дулатов болған еді. Ол «Оян, қазақ!» атты ұрандаған өлеңі арқылы барша алаш жұртына кеңінен танымал болады [14, 384-б]. Мағжан Жұмабаевтың шығармалары патриоттық бағыттағы мәселені негізге алды. Оның «Тіршілік көркі ерік», «Қазағым», «Туған жер», «Батыр Баян», т.б. туындылары шынайы патриотизмнің мәнін түсіндірген мағынасы зор еңбектер деп айта аламыз [15, 256-б]. Кеңес заманындағы ғалымдар өз еңбектерінде К.Маркстың, Ф.Энгельстің, В.И.Лениннің шығармаларына сүйенген. Бұл кезеңде белгілі педагогтар А.В.Луначарский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, С.Т.Щацкий, М.И.Калинин т.б. әскери-патриоттық тәрбиенің мәселесіне, жас ұрпақты өз Отанын қорғау ісіне дайындауға аса көңіл бөлді [16;28]. Ұлы Отан соғысы патриотизмнің дамуына айтарлықтай үлгі-өнеге бола алды. Оған Т.Тоқтаров, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Р.Қошқарбаев, Б.Момышұлының және т.б.ерліктері дәлел. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары «кеңестік патриотизм» идеологиялық күшке айналды. Ол негізінен жеңілмейтін «Кеңес армиясына» сүйеніп, Коммунистік партияның сенімді құралына айналды. Саясаттанушы ғалым

Ж.О.Кенжалин: «Кеңестік патриотизм – идеологиялық тұрғыдан алып қарағанда коммунизм мұраттарына, адалдыққа, адамдардың коммунистік партияның дана да дара басшылығына деген сеніміне, экономикалық тұрғыда өндіріс құрал-жабдықтарына және қоғамдық құрылысқа, т.б. негізделеді. Жергілікті халықтың патриотизмін екінші қатардағы құбылыс ретінде қарастырады, кейде оны ұлтшылдық деп те бағалайды», - дейді [17]. 1986 жылы желтоқсан айының 17-18 күндері Алматыда және Қазақстанның басқа да қалаларында тоталитарлық жүйенің әділетсіздігіне қарсы бағытталған Желтоқсан оқиғасының қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков (1966-1988) сынды жігіттер мен қыздар зұлым күштің құрбаны болды. Алайда, батырлар мәңгі өлмес ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстан егемендік алғаннан бергі кезеңде ел тұтастығы, жастарды патриоттыққа тәрбиелеу көптеген ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне арқау болды: С.Иманбаева, Е.Жұматаева, Д.Құсайынова, Л.Сайдахметова, Ғ.Базарғалиев, К.Әбілғазиева, М.Құрманбаева, К.Қалиева, Т.Ахметов, А.Бисембаева, Р.Кенжебаева, Б.Сүлейменова, Ж.Қалиева және т.б.

М.Қозыбаевтың «Өркениет және ұлт» атты монографиясында: «Отанжандылық – ұлтшылдық емес, ұлтын сүю, оған табыну ғана емес, ұлтына еңбек ету», профессор А.Айталы «Ұлттану» атты монографиясындағы «Ұлтжандылық - ұлттық патриотизм» ұғымына берген анықтамасында: «Ұлтжандылық деген еңбекқор, іскерлік, ізденгіш сияқты ұлттық мұралар жолындағы абзал ой, парасат. Ұлтжандылық адамзаттық мұраттармен жалғасып жатыр... – деген анықтамаларда патриотизмді ең алдымен ұлтына адал еңбек ету деп ұғындырады.

Сонымен, біз өзіміздің шағын зерттеу жұмысымызда патриоттық тәрбие кез-келген қоғамда басты проблема. Сондықтан да тәрбиенің бұл бағыты актуальды мәселе бола бермек. Ең бастысы – егемен Қазақстан жастары елін, жерін сүйіп, қастерлеуді өз басынан, еңбекке деген құлшынысынан іздестірулері керек.

Әдебиет:

1. Энциклопедический словарь /Издатели Ф.А.Брокгауз, И.А.Ефронъ. – С.-Петербург: Типо-ЛитографияИ.А.Ефрона, 1898. - Т. 23
2. Қазақстан.Ұлттық энциклопедия. Т.7. /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2005. – 218 б.
3. Педагогическая энциклопедия. Т.3. «Н-СМ» /Гл. ред. И.А.Каиров, Ф.Н.Петров и др. – М.: «Советская энциклопедия», 1986. – 380 с.
4. Платон, Аристотель. Политика. Наука об управлении государством. -М.: «Эксмо»; Санкт-Петербург: «TerraFantastica», 2003. – 82 с.
5. Аристотель. Политика /Пер. С.А.Жебелева, М.Л.Гаспарова. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2002. – 274 с.
6. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті /Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Анагілі, 1991. – 264 б.
7. Ж.Баласағұни Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1987.-301б
8. А.Иүгінеки Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1975. 252б.
9. Бес ғасыр жырлайды. (кұраст. М.Мағауин, М.Байділдаев.-А., Жазушы-1989.
10. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 560 б.
11. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Анагілі, 1994. –192 б.
12. Чернышевский Н.Г. Полное собрание сочинений. – М.: Просвещение, 1949. – Т. 2. – 298 с.
13. Жангелдин Т. С.Сейфуллин (Ақынның революциялық және қоғамдық мемлекеттік қызметі). – Алматы: Қазақстан, 1966. – 92 б.
14. Дулатов М. Шығармалары: өлеңдер, қарасөздер, көсемсөз. / ҚұрастырғанМ.Әбсеметов, Г.Дулатова. Алғысөзінжазған Ж.Ысмағұлов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
15. Жұмабаев М. Шығармалар: Үштомдық. – Алматы: Білім, 1995. – Т. 1. – 256 б.
16. КалининМ.И.Изранные педагогические сочинения. В 2-х т. –М.:1984.-С.-252.
17. Кенжалин Ж.О.Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық патриотизмді қарастырудағы ролі. Фил.ғыл.кад.дисс.:09.00.02. –Алматы, 2000,237б.

ОСОБЕННОСТИ ВОСПРИЯТИЯ ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ СКАЗКИ

Панферова Т.П.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

Система дошкольного образования Казахстана на современном этапе терпит серьезные изменения. Разработан и вступил в силу Государственный общеобязательный стандарт дошкольного образования. В соответствии с ГОСО РК разработаны программы воспитания и обучения детей для каждого дошкольного возраста. Условия реализации этих программ должны обеспечивать полноценное развитие детей во всех образовательных областях, а именно в сферах социально-коммуникативного, познавательного, речевого, художественно-эстетического и физического развития. Анализ образовательных областей ГОСО РК показывает, что речевое и коммуникативное развитие по-прежнему признаются наиболее актуальными в дошкольном возрасте. [1]

Одним из средств развития речи, являются произведения художественной литературы. Воспитательная функция литературы осуществляется особым, присущим лишь искусству способом – силой воздействия художественного образа. Ценность произведений художественного слова заключается в их влиянии на всестороннее развитие ребенка. Прежде всего, рассказы, сказки, стихи являются для маленького ребенка одной из форм познания окружающей действительности, учат мыслить, чувствовать, понимать. С каждым днем расширяется его личный опыт через непосредственное наблюдение и восприятие. Художественное слово помогает ребенку уточнить и закрепить знания, постепенно обогащает новыми понятиями и представлениями. Таким художественным словом является и *экологическая сказка*.

Трудно отрицать роль экологических сказок в развитии правильной устной речи. Если говорить традиционно, то тексты расширяют словарный запас, помогают правильно строить диалоги, влияют на развитие связной речи. Но помимо всех этих задач, не менее важно сделать устную и письменную речь эмоциональной, образной, красивой, и природа как нельзя лучше способствует этому.

Эффективность воспитания в условиях социального обновления общества определяется не столько тем, как оно обеспечивает усвоение и воспроизводство человеком культурных ценностей и социального опыта, сколько готовностью и подготовленностью членов общества к сознательной активности и самостоятельной творческой деятельности, позволяющей им ставить и решать задачи. Важнейший результат воспитания – готовность и способность человека к самоизменению.

Являясь основным источником высококвалифицированных слоев общества, сегодняшняя студенческая молодежь призвана в дальнейшем решать основные проблемы казахстанского общества во всех сферах его жизнедеятельности. Студенчество призвано впитывать в себя все достижения науки и культуры прошлого и настоящего, сохранять и развивать их.

В студенческие годы активность как природная способность преобразуется в социальную систему потребностей и интересов. Этот процесс включает: осознание общественных явлений, составляющих предметную сторону отношений социальных и нравственных ценностей общества; развитие социальных чувств и потребностей, имеющих гражданскую направленность (прежде всего потребности во взаимодействии, сотрудничестве и соответствующих мотивах, побуждающих к реализации отношений); включение в практическую деятельность, имеющую социально ценную направленность.

Как указывают Л.И. Родина и О.В. Мичина, социальная активность как актуальная потребность реализуется в системе целевых установок, ценностных ориентаций, определяющих мотивационную сферу личности, направленность ее интересов, выбор способов деятельности по удовлетворению возникшей потребности [3]. Критерием социальной активности личности выступает позиция личности, характеризующая многообразные отношения ее носителя с окружающей средой, деятельный характер этих отношений. Показателем сформированности социальной активности на том или ином этапе ее развития является изменение мотивации, направленность этой мотивации на удовлетворение потребности в общественно значимой деятельности и социально ценном общении.

Анализ социологического исследования, проведенного нами в Кокшетауском государственном университете им.Ш.Уалиханова показал, что студенты в целом имеют представления о структуре социальной активности. Так, они отметили, что следующие смысловые категории как, «общественная деятельность», «личностная особенность человека», «коммуникация», «защита людей, помощь и польза людям», «мое будущее и карьера», «достижение целей», «реализация личностных потенциалов», «лидерство» Наиболее распространенными сферами жизнедеятельности для проявления социальной активности студентов выступают культурно-досуговая, образовательная и спортивная. Предпочитаемыми формами социальной активности для них являются: делать что-то полезное, активно участвовать в жизни своей группы, коллектива, организации, общества и участвовать в предлагаемых социально значимых программ.

Молодежь, оценивая себя социально активной в средней степени, свое отношение к социальной активности демонстрирует через позицию «мне нравится время от времени участвовать в различных мероприятиях». Молодежь с высокой степенью социальной активности в большей степени характеризуют направленность на сферу своих личных интересов, на сохранение гармонии в отношениях с самим собой и другими людьми, на жизненную стабильность и уверенность в своем будущем. Кроме

того, она стремится к обретению культуры и творчества, расширению сферы своих знаний и возможностей их правильного приложения к жизни, к жизненному самоопределению и реализации своих потенциалов.

Таким образом, молодежь проявляет социальную активность для того, чтобы чему-то полезному научиться, получить новые навыки и знания, совершенствовать свои умения в различных сферах деятельности, через разные формы социальной активности молодежь стремится раскрыть свои способности и реализовать свои потенциалы. Причем подобная мотивация в группе молодежи с высокой степенью социальной активности больше свойственна учащимся юношам и девушкам в возрасте до 20 лет. Также исследуемая социально активная молодежь проявляет социальную активность и ради общения со сверстниками, другими интересными людьми, для того, чтобы иметь широкие социальные связи и круг знакомых.

Огромным потенциалом в развитии социально активной личности молодого специалиста обладают студенческие инициативы, вовлекающие молодёжь в разнообразные социальные практики и формирующие у них чувство солидарности, сопричастности, ответственности за себя и свою страну. Бескорыстные инициативы во благо других являются показателем уровня гражданской активности общества. Приоритетной задачей воспитательной работы в Кокшетауского государственного университета имени Ш.Уалиханова является развитие позитивных студенческих инициатив, отвечающих идеологии и основным направлениям развития казахстанского общества. Инициативность, вовлеченность, сознательность, ответственность, добрая воля - вот основные характеристики университетского сообщества студентов.

Особой формой самостоятельной, ответственной общественной деятельности студентов, направленной на решение важных вопросов жизни студенческой молодежи, развитие ее социальной активности, поддержку социальных инициатив, выступает Студенческое самоуправление. Студенческое самоуправление представляет собой целостный механизм, в состав которого входят коллегиальные органы первичной профсоюзной организации студентов, магистрантов, студенческих общественных объединений, студенческое научное общество, студенческий клуб и клубы по интересам.

Активно работает Студенческая ассамблея народа Казахстана «Атамекен», цель которой – патриотическое и духовно-нравственное воспитание молодёжи, сохранение преемственности поколений и укрепление духовных основ государства. Данный проект предполагает разнообразные формы и направления деятельности: научно-исследовательскую, шефскую, поисковую, методическую, художественное творчество. Студенты готовят праздничные вечера встреч ветеранов в преддверии Нового года, Дня защитников Отечества и Вооруженных Сил Республики Казахстан, Дня Победы. Не менее важным является и внимание к ветеранам в дни их рождения и юбилеев.

Служение обществу выражается в готовности к волонтерской работе. Волонтерское движение является одной из наиболее значимых инициатив студенчества университета. Благотворительные фонды «Шапағат», «Қамқор» ежегодно проводят такие благотворительные акции как: «Сердце», «Неделя милосердия», «Елка желаний», «Вместе соберем детей в школу». Волонтеры осуществляют совместные проекты с детскими домами Акмолинской области, Домом малютки, шефствуют над пожилыми людьми города Кокшетау.

Приобрести организаторские и управленческие навыки, навыки проектирования и реализации социально значимых проектов студенты могут, участвуя в работе школы студенческого актива, студенческого пресс-центра, в конкурсе «Студент года». Реализовать свои творческие способности, интересно и содержательно провести досуг студенты могут, участвуя в работе разнообразных клубов по интересам, кружков

художественной самодеятельности, студенческих театров, в организации и проведении концертов, фестивалей, творческих вечеров.

Ежегодный конкурс художественной самодеятельности среди студентов «Шокан Жулдыздары» демонстрирует творческую фантазию молодежи, неиссякаемый юмор и высокий исполнительский уровень.

На всех праздничных концертах принимают самое активное участие студенческий драматический кружок «Жауказын». Яркие и зрелищные представления танцевального ансамбля «Тумар», фольклорного ансамбля «Друженька», ансамбля народных инструментов «Шанырак – все это результат активной творческой работы студентов университета.

Стало доброй традицией проведение в университете ежегодных конкурсов «Мисс Университет» и «Мистер Университет», где девушки и юноши демонстрируют свою внутреннюю и внешнюю красоту, ум, юмор и обаяние.

Интеллектуалы могут проявить себя, принимая участие в работе интеллектуального клуба, конкурсе ораторского мастерства проводимого дебатными клубами «Зияткер», «Алғыр», «Кокше».

Одно из основных достижений университетского сообщества – утверждение здорового образа жизни. Студенты университета не только активно занимаются физкультурой и спортом, но и принимают непосредственное участие в пропаганде здорового образа жизни.

Вовлечение студентов в реализацию студенческих инициатив оказывает положительное влияние на их внутренний мир, учит важности и ценности служения обществу, гражданской ответственности. Совместная деятельность даёт каждому студенту возможность проявлять личную гражданскую ответственность через сотрудничество с другими и развивать такие ценности как честность, гражданское самосознание, сострадание, понимание важности поликультурного и поликонфессионального многообразия мира.

В настоящее время в Кокшетауском государственном университете имени Ш.Ш.Уалиханова социальные инициативы рассматриваются как важнейший инструмент формирования социально активной, культурно развитой и нравственной личности, способной к созидательной деятельности на благо общества и государства.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства»- Астана. -2012.
2. Бычкова В.С., Зубкова Т.И. Социальный опыт как основа социального воспитания.- Екатеринбург.- 2013.
3. Родина Л.М., Мичина О.В. Развитие социальной активности обучающихся.- Самара.- 2013.

БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ташболатова З.С., Серікова Б.Т.
(*М.Х.Дулати атындағы Тараз МУ*)

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруші ұстаздар қауымымен алда тұрған басты міндеттерді айқындайтын, негізгі мәселелер жөнінде ой түйіндеуге, пікір алысуға мүмкіндік беретін, білім сапасын жаңа серпіліспен бастауға бағыт береді. Сапалы білім мен тәрбие беруді қамтамасыз ету үшін, қазіргі таңда мемлекет білім саласына қолдан келген мүмкіндіктің барлығын жасап келеді. Бұл солай болуы да тиіс. Себебі ұрпақ білімі үшін жұмсалар қаржы мен қайрат - ең қайтарымы мол, қайырымы кең игі шара екені белгілі.

Білім беру саласын қаржыландыру елімізде жылдан жылға артып келеді. Біздің облысымызда да білім беру саласына бөлінетін қаражат жыл сайын өсуде. 2013 жылғы білім саласының бюджеті өткен 2012 жылмен жылмен салыстырғанда 4,8 млрд. теңгеге ұлғайып, 40 млрд теңгені құрады. Осының арқасында біз өскелең ұрпақтың қазіргі заман талабына сай сапалы білім алуына қажетті жағдай жасауға мүмкіндік алдық.

Бүгінәлемдік деңгейдегі білім беру - қазіргі білім берудегі басты бағыт. Яғни, оқытудағы білім алушыны жеке тұлға болып қалыптастыру, оқытудың заманауи әдістерін қолдану арқылы бәсекеге қабілетті тұлғаны жетілдіру, тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып табылады. Елбасы өз сөзінде, "Бүгін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен инновациялық әдістерді дұрыс қолдануына тікелей байланысты". Яки, ел болашағы үшін еліміздің әрбір азаматы мемлекеттің дамуына өз үлесін қосу керек. Міне, осындай мақсатта білім беру жүйесіне де айырықша мән беріліп отыр. Яғни, ХХІ ғасыр деңгейіне сай білім беру. Ол дегеніміз ұстаздар қауымынан инновациялық білім беру, өз тәжірибесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді және технологияларды қолдану болып табылады. Бұл заңды процесс, себебі елде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да өзгерістер білім жүйесін сол өзгерістер тұрғысында дамытуды талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына кезекті жолдауында "Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады".

Бүгінгі білім мен тәрбие технологиясында «жеке тұлға» тәрбиелейтін мұғалімнің де өзіндік жеке тұлға ретінде шығармашылығының орны ерекше. Инновациялық технологияларды пайдалану бүгінде сапалы білім беру негізгі шарттың бірі. Ал осы басты міндеті атқаруда әрбір ұстаздың бойында мынадай проблема бірден қалыптасады: оқушылардың танымдық қабілеттерін, оқу процесінде жүретін (есту, көру және т.б.) негізгі әрекеттерін дамыту бүгінде заман сұранысына сай қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің аздығы. Осы проблеманы шешу үшін тиімді жолдарды қарастыру қажет. Оны шешу үшін білім берудің мазмұнын жаңартып, озық әдіс-тәсілдерді өндеп шығару қажет. Сол себептен, өткен жылдан бастап, республика бойынша заманауи талапқа сай қазақстандық педогог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсы бойынша көп деңгейлік курстар ұйымдастырылды. Бұл курстар Кембридж тәсілінің теориялық негіздеріне орай өтті. Бағдарлама мазмұнына сәйкес тұлғаны жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы үшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор,

қоғам талаптарын қанағаттандыратындай етіп қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Бағдарламаның мазмұның орындауда инновациялық технологиялардың ішінен «Білім беру барысындағы интерактивті әдісті» өз тәжірибемде қолдануды жөн деп санадым.

«Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті әдістерде басты назарды “процеске”, яғни үйрену процесінің өзіне, шәкірттердің “қалай” және “қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне” аударады. Яғни, интерактивті сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Осы жерде оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интерактивті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушыларға пайдасы зор. Ал мұғалімнің міндеті – оқушының неғұрлым белсенділік танытуына жағдай жасау, қажет кезде жол көрсету болып табылады. Мұнда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі үлкен рөл атқарады. Өз сабақтарым интерактивті әдісті сабақ барысында диалог тәсілі көмегімен және топқа бөлу жұмысына негізделген. Нәтижесі жинақталған білімін сырта пайдалана алады. Интерактивті әдістің ерекшелігі - оқушыға жаттанды білім беру емес, керсінше әр оқушының танымдылық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни қойылған сұраққа бірнеше нұсқалы жауап беру, ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін, сөздің қорын белсенді түрде дамыту болып табылады.

Қолданып жатқан әдістің нәтижесінде оқу процесінің барысында оқушылар мыналармен қарым – қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
2. Оқушылармен (жұптасып жұмыс істеу барысында)
4. Шағын топтармен (3-4 оқушымен);
5. Оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас/дебат сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
6. Техника түрлерімен (мысалға, компьютермен, интербелсенді тақтада жұмыс істеуде).

Сабақ жоспарларым интерактивті әдіс бойынша мына кезеңдерден құралады:

Мысалы: 7-сынып. Қазақ тілі.

Сабақтың тақырыбы: Жазғы жайлау

Сабақты бастамас бұрын оқушы сапалы білім игеру мақсатында, сабақта ынтымақтастық ахуалды орнату қажет. Сондықтан әр сабақта тренинг жұмыстарынан жүргізуді бастаймын. Кейін сабақты топқа бөлуді ұйымдастырамын. Топқа бөлудің мақсаты: топта отырып пікір бөлісу, өз ойын анық жеткізу, өз білім деңгейін тексеру және ұйымшылдыққа тәрбиелеу болып табылады. “Миға шабуыл” әдіс арқылы оқушыларға жаз мезгілі бойынша бұрын не білетінің, өзіне таныс мәліметтерді ұсынуға кезең беру болып табылады. Яни, жаз мезгілі не білетіні, жайлау жайлы не білмейтіні анықталады. Сын тұрғысынан оқыту технологиясының INSERT стратегиясы көмегімен кесте толтыру бойынша білімді жинақтаймыз.

Іздеңіз кезеңі. Келесі кезекте оқушылар жаңа білімді кеңейтіп түсіну үшін топтық жұмыс жүргізеді. Осында ДЖИКСО немесе ұжымдық оқыту әдісі қолдануға болады. Негізгі мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. Берілген мәтін төрт топқа бөлініп, бірдей алған мәтінді оқушылар бірігеді. Оларды эксперт тобы деп те атауға болады. Алынған білімді қайта өз алғашқыда отырағыны бойынша кері

қайтып, үйреніп келген бөліктерінің ортаға салып, мазмұн ашады. Мұндай тәсіл оқушыны есте сақтау мен түсіну қабілеттерін жетілдіруге тиімді.

Жаңа сабақты толық игерту мақсатында АКТ-ны қолдануы тиімді Себебі, оқушы тек құлақпен естімей, көзбен көруді де пайдалы. Сабаққа деген қызығушылығы қалыптасады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу деңгейлерін жетілдіру мақсатында таныстырым ретінде постер құрастырады немесе Power Point көмегімен. Ал сабақты толық түсінгеннен кейін, рөлдік ойындар немесе казус шешу сияқты интерактивті әдістерді қоладану арқылы сабақты жүйелі де сапалы өткізудің бір жолы.

Осыдан түйіндейтін, интерактивті оқыту білім беруде ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығын жетілдіреді, ізденушілік, ойлау мүмкіндіктерін қалыптастырады, когнитивті ойлау деңгейлерін сонымен қатар, сыни тұрғыдан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу, өзінің оқуына қатысты бағалауды анықтауға үйретеді.

Оқу тәрбие үрдісінде оқытудың иновациялық әдісті пайдаланғанда оқушыны субъект тұрғысынан қарастыру оқытудың нәтижелі, білімнің сапалы болатындығы және ең бастысы, оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі қызығуы күшейеді. Оқушының өз бетінше жұмыс істеуге ынтасы оянып, оның ізденушілік – шығармашылық қабілеттері арттады. зейінін төмендетпеуге, есте сақтау қабілетін күшейтуге және пәнді терең білуге қалыптастырады.

Ұлы ғалым Д.И.Менделеев: «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген.

Қорытындылай келе интерактивті әдіс арқылы бүгінгі күні білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға, олардың оқу еңбегіне деген жағымды мотивациясын қалыптастыру үшін, тиімді инновациялық шешімнің бірі. Біз әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістікке жете аламыз. Болашақ ұрпақты бәсекеге қабілеті жеке тұлға қалыптастыру - қазіргі заман талабы.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2013 жыл.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.–Алматы, 2010.-52-54б.
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. –//Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Қазақ тілі. 7-сынып. Т.Артықова, Г.Ермекбаева. «Атамұра» 2012 ж.

ӘОЖ 37.017.92

ҰМЫТЫЛМАС ТАРИХЫМЫЗ, ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ- БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ ЖАРҚЫН КЕПІЛІ!

Тилеубекова Э.С.

(М.Х.Дулати атындағы ТарМУ)

Қазақ тілінің мәселесі шексіз. Халық барда – тіл бар, қоғам барда – оның қызметі бар. Әр заман тіл ғылымының алдына өз талаптарын қояды, соған қарай ғалымдар тілді зерттеп отырады. Олай болса, қазақ тілінің мәселесімен айналысам деушілерге

ешқандай бөгет жоқ. Алайда зерттеудің мақсаты қандай болу керек, қандай мақсатқа жүгіну керек, мәселе сонда дер едік. «Қалай зерттеу керек, қандай міндеттерді шешу қажет?» деп мәселені дұрыс қоя білу маңызды. Біз қазақ тіліне кінә артуға тиісті емеспіз, сол себепті тіл ұлттың жаны, ал оны шынайы маманның қолына тапсырған жөн болар еді. Қазақ тілі – әулеті зор, мүмкіншілігі мол, дәстүрлі жолмен тарихи даму кезеңдерден өтіп келе жатқан жүйелі де, бай құрылым. Байқап отырсақ, өткен ғасырда қазақ тіл білімінің үш түрлі ұрпағының өкілдері қызмет жасады. Бірінші ұрпақтың құрамына А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов бастаған қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар кіреді. Екінші ұрпақтың қатарында І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев бастаған қазақтың академиялық тіл білімін қалыптастырушы ғалымдарды атауға болады. Академик Ә.Қайдар академиялық тіл білімін жаңа деңгейге көтеріп, дамытушы ғалымдар легін құрайтын үшінші ұрпаққа жатады деп ойлаймыз. Академик Ә.Қайдар – ғұлама ғалым. Ол қазақ тіл білімінің, түркітану мен алтаистиканың алуан түрлі салалары бойынша әлемдік деңгейдегі құнды зерттеулер жазды. Түркі тілдеріндегі түбір теориясы, қазақ тілінің лексикасы мен лексикологиясы, лексикографиясы, қазақ тіліндегі еліктеуіштер табиғаты, қазақ қос сөздерінің семантикалық құрылымы, қазақ терминологиясының өзекті мәселелері, қазақ тілінің грамматикалық құрылымы мен лексика-фразеологиялық жүйесі, қазақ ономастикасының жай-күйі мен болашағы, этимологиялық зерттеулердің әдіс-тәсілдері мен басты ұстанымдары, қазақ этнолингвистикасының ғылыми-теориялық және танымдық негіздері ғалым еңбектерінде егжей-тегжейлі сөз болады. Ғалым 1962 жылы жарыққа шыққан “Қазіргі қазақ тілі” оқулығы авторларының бірі, 1966 жылы басылған “Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі” еңбегінің негізгі авторларының бірі болды. Бұлардан соң “Структура односложных корней и основ в казахском языке” (1986), “Сырға толы түр мен түс” (1986) еңбектері жарияланды. Егемендік жылдары, терминология саласындағы басты ұстанымдарды қайта айқындаудың қажеттілігі туындаған кезде Ә.Қайдар “Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас” атты еңбек жазды. Терминжасам ісінде қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдаланудың қажеттілігін дәлелдеді. Бұл қазақ тіліндегі терминжасам ұстанымдарын жүйелі түрде ашып көрсеткен, дер кезінде жазылған бағдарламалық мазмұнды еңбек болды. Сонымен қатар, қазақ тіл білімінде Б. Қалиев, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Білғалов сияқты ғалымдардың еңбектерінде термин жасам принциптері белгіленіп, сапалық термин жасаудың маңыздылығын айқындады. Бұл орайда қазақ тілінде еркіндеп ене алмай келген салалардың бірі-әскери саладағы терминдер ана тілінде жүйеленіп келеді. Әскер саласындағы терминдердің қазақ тіліне толық енуіне үлкен үлес қосқан, Б.Ғ.Ысқақов-генерал майор, ҚР Ішкі істер министрі, С.Б.Топпақбаев-генерал полковник, М.Алтынбаев-армия генералы, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, А.Тасболатов-генерал лейтенант, тарих ғылымының докторы, профессор, Қ.Р.Аманжолов-Ресей әскери академиясының академигі, Т.Жарболатов - полковник, техника ғылымының кандидаты, Н.Гусманов- майор, ҚР ҚМ Лингвистикалық орталығының бөлім бастығы сияқты ғалымдарымыз.Әскери ғылым саласының сан алуан терминдерді, әскердің күнделікті оқу жаттығу дайындығында көп қолданылатын атау сөздер, соғыс теориясының ұғымдары түсіндірме сөздіктер арқылы берілген. Яғни бұл салада қазақ тілін кеңінен қолданыла бастағаны қазіргі уақытта еліміздің қорғаныс саласындағы қатардағы сарбаздан бастап жоғарғы шенді командирге дейінгі, әскери оқу орындарының курсант тыңдаушыларына арнап қазақ тілінде еніп келеді.Әскери аударма нақты мағынасын беруді талап етеді, себебі сол арқылы шешім қабылдануы үшін немесе әскери операциялардың орындалуы үшін өте маңызды болуы мүмкін.Жоғарыда айтылған бағытты ұстана отырып, әскери сала терминдерінің ағылшын тілінен қазақ тіліне берілу жолдары, соның ішінде саптық әмірлер, рапортта,

әскерлердің қарым-қатынас сөздері, сапқа тұру әмірлерінің орындалу сұлбалары, әскери шендер, әскери бөлімдер атауларын қарастыра келе, әскер мәліметтерінің түп нұсқаға барабар аудармасы тек жалпы мағынасын ғана жетекізу үшін емес, оның құрылымдық формасының, бөліктерінің ретін орналастыру үшін қажет. Әскери мәліметтер өзінің арнайы әскери лексикалық қорымен, әскери және ғылыми-техникалық терминдерімен, тұрақты сөз тіркестерімен, әскери номенклатураларының көптігімен, қысқартылған сөздер және тек әскери мәліметтерде ғана қолданылатын нақты мағыналарымен ерекшеленеді. Әскери қызмет, өз әскери қызметшілеріне ең жоғарғы арнайы міндеттемелерді жүктейді, біз мұны әскери борыш деп атаймыз. Әскери борыштың негізі- әскери рух, әскерлердің өнеге-өсиеті, жоғарғы ой талғамы және патриоттық сезімі.

Патриотизмді - Отанға деген сүйіспеншілікті білдіретін қағида, өз атамекенінің мүддесіне қызмет етуге дайындық деп түсінеміз. Әрбір адамның туған жерін, тілін, ұлттық салт-дәстүрлерін жақсы көрушілігі ежелгіден мемлекеттің құрылуы кезінде қалыптасып, терең тарихи мұрағаттарда жатыр, соның ішінде әсіресе ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсіп, оның әрмен қарай дамуына үлес қосар, өз елінің нағыз патриоты осы деп түсінеміз. Патриотизм- Отанға деген сүйіспеншілік және адамның аман- саулығы, мемлекетке тәуелді екенін, қысқасын айтқанда патриотизм – мемлекеттің бүгінгі күнімен және келешегімен қарым-қатынасын біріктіреді. Патриотизм елдің ұлттық қауіпсіздігінің, мемлекеттің қалыптасу үрдісі факторларының бірі, қоғамдағы рухани нығаяудың басты белгісі болып табылады.

Халқымыздың ұлы батыры Б.Момышұлы ағамыздың ”Соғыс психологиясы” кітабында күш, ақыл, сезім, жігер туралы айта отырып:

”Әскери патриоттық тәрбиелеу – бұл жөргекте жатқаннан бастап, найзаласқан қоян-қолтық айқасқа дейінгі аралықта жүргізіле беретін тәрбие мәселесі болып табылады.” деген еді. Жоғарыда айтылған тіл мәселесін тереңірек қарастыратын болсақ, әсіресе әскер саласында, қазіргі кезде өз ана тіліміз қазақ тілінде даярлау іс жүзінде еніп келеді. Егерде оған ерекше көңіл бөлсек, қазіргі заман жастарына түсіну өте қиын және сөздердің шет тілінен тікелей аудармасы жоқтық қасы деп айтсақта болады, себебі олардың көбі орыс тілі арқылы аударылған. Ал енді шет тілінен қазақ тіліне соның ішінде ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасы қазақ елінің тарихымен тереңірек таныс болса ғана , тікелей аударма жасай алады. Өз халқының тарихын білу барлық адамдарға қажет. Бірақ ол кәсіби мамандандырылған әскерилерге ерекше қажет екенін Бауыржан Момышұлы өте жақсы білген. Батыр ағамыз өз сөзінде:”Ерліктің естен шығуы халық қайғысы. Тарих оны...кешірмейді. ... Мыңдаған батыр жауынгерлер, оның үміт етер жастары, тіпті өспірім ұлдары халықтың сенімді тірегі болады. Олардың қанмен күйген ерліктері мен батырлығы туралы бірде- бір сөз айтып, бірде-бір жол жазбағанды тарих кешірмейді. Сіздің көбісіңізді тарихтың өзі ұятқа қалдырады ” –деп айтқан. Сол себепті батыр ағамыздың ұлы мұрағат сөздеріне қосыла отыра, әскер саласындағы шет тілінен, соның ішінде барабар аудармасын берсе, аудармашының дәл өзін тарих кешірмейді деп айтсақ қателеспес едік. Осы тұста жоғарыда көрсетілген және көптеген басқа ұғымдардың Қазақ халқының ежелгі тарихы болып қалыптасқан әскерді ұйымдастыру және оның соғыс жүргізу тәсілдерінен алынғаны белгілі. Қазір тәуелсіз ел болып, ұлттық қасиеттерімізді орнына келтіре бастағанда, халқымыздың күш қуаты болатын өзіміздің бүгінгі сарбаздарымыз, ұландарымыз осы қазақтың дәстүрлі әскери терминдерін білсе және бойына сіңірсе, ”Отан” қорғау- патриоттық сезімдері шындала түседі деген мақсатта болған деп түсінеміз. Мысалы, қазіргі әскери әдіспен салыстырсақ ата- бабаларымыздың барлық әдістері, қазақша ұрыс- қимылдардың ішіндегі жекпе- жектен басқасы сақталыпты. Қазақтың бес қаруы сияқты қазіргі сарбаздардың да бес қару түрі дәл ұқсас болып келеді. Дәлірек айтқанда, ағылшын

тілінен "Warrior" сөзін алсақ, оған "пахлеван", "ерат", "атты жауынгер", "бас батыр балуан", "мерген ноян", "сап" деген аудармаларын берген. Ал әскери құрама атауларын "қосын", "жасақ", "аламан", "жүздік", "отыздық", лауазымдық атауларды "қосын басы", "жасақ басы", "жүз басы", әскери атақтарды "ноян", "сардар", "барыс". Мәселен ағылшын тілінен "Comman-der" сөзін "батыр", "генерал", "Soldier" сөзін "сыпай", "қатардағы жауынгер", "Servant" сөзін "ертөле", "бұйрық орындаушы", "Dagger" сөзін "наркескен", "кылыш" деген ұғымдар қолданылсын деген ұсыныстар болған болатын. Осындай өткен мен бүгінгінің жақсысын салыстыра отыра, айырмашылықтарын ескере отыра, тарихымызды біле отыра, өз ана тілімізде лексикалық қорымызды байытсақ деген ұсыныс айтар едік. Кейбір аударылымды оқып отырғанда халықаралық терминдердің көптеген тілде жазылғанын бірден білу қиынға соғады. Әрбір мемлекетте тарихына, салт- дәстүріне, және мәдениетіне сәйкес өзіне тән ерекше тіл байлығы болуы тиіс. Сондықтан өз тілімізде халықаралық терминдерді көп алмай келген салалардың бірі- әскери саладағы терминдердің ана тілінде жүйеленіп және бұл жұмыстың одан әрі жалғасуы. Әрине бұл "Қазақстан әскери тарихы" кітабы қазақ тілінде жарық көрді, 4000 жуық әскери терминдерді қамтитын орысша- қазақша түсіндірме сөздіктері шығарылды. Алғашқы құжаттар қатарында «Қазақстан» аударылған болатын. Атап айтатын жағдай көптеген әскери терминдердің аудару сапасын көтермейді. Әскери ғылым саласында, әскердің күнделікті оқу- жаттығу дайындығындағы көп қолданылатын терминдердің түрлі сөздер мен атауларын әскери қызметте бөтенше мағынада болуы мүмкін. Соңғы кезде шығып жатырған сөздіктердің көбі шет тілінен орыс тілі арқылы берілген қазақша түсіндірме термин сөздіктеріне аудармасы қайтадан ғылыми тұрғыдан қаралып, бір жүйеге келтірілуі тиіс. Өйткені аталған жарғылар қатардағы сарбаздан бастап жоғарғы шенді командирлерге дейін күнделікті әскери қызметте кеңінен қолданылатын бірден-бір қажетті құжат және әскери терминдерді қалыптастыру осыдан басталады. Сонымен қатар келесі мәселе – ана тілімізде халықаралық терминдерді пайдалану. Халықаралық атаулардың көп кездесетін саласының бірі- әскери терминдер. Кейбір жағдайларда өз тіліміздегі қолданылатын балама сөздерден гөрі халықаралық терминдерге көбірек әуестенетін кездер байқалып қалады. Бұл туралы кезінде ғалымдар арасында екі түрлі пікір болған. Бірі- термин атауларының бәрін өз тілімізге аударып алу, екіншісі- халықаралық терминдерді аудармай, сол қалпында қабылдау. Әрбір әскери халықаралық терминге өз тілімізден тең балама табу жөнінде ұсыныстар болған.

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған ағаларымыздың сөздерін жалғастыра келе, сөз мағынасы дегенді дұрыс түсіну, халықаралық терминдердің өз тілімізде балама жолдарын тапсақ, ол үлкен мәртебе. Және оны іс- жүзінде пайдалану, халыққа жеткізе білу- тілдік символдар табиғатын танумен терминдерінің ана тілінде ұлттық менталитетке негізделсе деген ұсыныс.

Резюме

Баяндама қазақ тілінде, яғни бір жағынан қазақ тілінің мәселесі қозғалса, екінші жағынан әскери терминологияның ағылшын тілінен қазақ тіліне берілу жолдары жайында айтылады және ана тілі арқылы патриоттық рухқа тәрбиелеу жарқын болашағымыздың кепілі болмақ.

Әдебиет:

1. Х.С.Муханбетқалиев "Военно- теоретический журнал" обл. Акмола г.Щучинск 2004 г.
2. "Тіл ғылымы елімізге тірек болсын" атты мақала, А.Байтұрсынұлы атындағы институт, 2009.
3. Саиымов Т.М "Особенности передачи казахских военных реалий на русский и английский языки" Алматы, 2006 г.

4. Р.К. Миньяр, Беларучев, “Теория и методы перевода” Москва, 1986 г.
5. Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі, 2003 ж.
6. Latyshev L.K “Technology of translation”. - М, 2005.

ӘОЖ 175.10

КҮРДЕЛІ КЕМІСТІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Толыс А., Бахрамова Г.А.
(*М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент*)

Қазіргі таңда есітпейтін-көрмейтін-сөйлемейтін адамдар жайында зерттеулер әліде жүргізіліп келеді. Көптеген ғалымдар бұл күрделі кемістік жайында өз зерттеулерін негізге ала отырып топтастырған. Соның ішінде (Б.В. Конигсмарк, Р.Д. Горлин, 1980; и др.) ғалымдардың зерттеулері ерекше орын алады. Олар клинико-генекологиялық, психо-педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып Ушер, Маршалл, Альпорт синдромдарына ерекше тоқталған.

XX ғ соқыркеренмылқаулардың арасында жоғары білім алғандардың бірі Елена Келлер (АҚШ) философ доктор атағын алды, кеңес психологы және әдебиетшісі О.И. Скороходова, педагог-психолог А.В. Суворов болды.

Соқыркеренмылқаулардың - термині қазіргі кезде ескерілмейді, оның орнына соқырсаңырау термині қолданылады.

Г.П. Бертынь соқырсаңыраулардың келесі жіктемесін бөліп көрсетті.

1. Есту және көру бұзылыстарын қамтитын тұқымқуалаушылықпен байланысты.
2. Көрудің экзогендік бұзылыстарымен байланысты естімеушіліктің тұқымқуалаушылық бұзылыстары.
3. Естудің экзогендік бұзылыстарымен байланысты көрмеушіліктің тұқымқуалаушылық бұзылыстары.
4. Тұқымқуалаушылыққа тәуелсіз соқыр және керендік кемістіктен болатын соқырсаңыраулық.
5. Экзогендік бұзылыстарға ұшыраған есту мен көру. б. Этиологиялық себептері анықталмаған бұзылыстар.

Соқырсаңырау балалардың топтастырылу белгілері бойынша төмендегідей болады.

1. сенсорлық
2. тілдік
3. әлеуметтік психологиялық даму деңгейі бойынша.

Сенсорлық белгілері бойынша

Есту және көру деңгейі және оның белгілерін ескеру.

- Тотальды соқырсаңырау, мүлдем естімеушілік пен көрмеушіліктің байқалуы.
- Практикалық соқырсаңыраулар, аздаған есту ме көру функциясының болуы.
- Нашар көретін керендік.
- Нашар еститін соқырлық.
- Нашаркөретін нашареститіндер.

Тілдік

Соқыркерендердің арасында тез бейімделетін және қарым-қатынасқа түсетін жоқ, сондықтан қосымша белгі - тілге келіп туады.

Мылқаулық. Соқыркеремылқауларда ешқандай да сөйлеу тілі болмайды. Ақыл есі кем соқырсаңырау болған балалар оқытылмайтын және үлкендерге көнбейді.

Ауызекі сөйлеу. Еркін және сауатты ауызша тілді меңгерген, ауызша сөйлеу міндетті емес. Дыбыс шығарудың бұзылуы саналмайды.

- Дұрыс анық сөйлеу.
- Анық емес, бірақ түсінікті сөйлеу.
- Міңгірлеп сөйлеу, тек жақын адамдары ғана түсінетіндей.
- Мүлдем міңгірлеп сөйлеу, ешкім түсінбейтіндей.

Жесттік. Сөйлеуде өзара бір-бірімен жесттік тілде сөйлеседі, ауызекі сөйлеуді білседе. Көретін-естітіндермен қарым-қатынасқа түскенде грамматика, сөйлеудің басқа түрлеріменде қиындықтар туады. Жесттік тіл мен ауызекі сөйлеу арақатынасына тәуелді болады:

• Жесттік тілді жақсы біле отырып, соқырсаңыраулар дыбыс шығару тілін қолданбай, ешжерде оқытылмайды және сауаттылық бастамасын білмейді.

• Жест-ауызша сөйлеуді біле түр, бірақ оны еститін-көретіндерде ауқын-ауқын қолдану.

• Ауызша-жесттік. Еркін және сауатты ауызша сөйлей алады, бірақ жесттік сөйлейтіндермен жесттік тілде сөйлейді. Ауызша сөйлейтін топқа өткенде болуы мүмкін.

Соқырсаңырауларды қоршаған ортамен қарым-қатынасының үйлесуіндегі сезімталдық түрі.

1. түйсіну (сезіну және қимыл сезімі).
2. түйсіну-көзбен жолу (сезіну, жарықты сезіну, жақсы көру).
3. көзбен шолу-түйсіну (қалған затты көру және қолмен сезу).
4. көзбен шолу (адаммен және әлеммен байланыс кезінде қалдықтық көзбен шолудың басымдылығы).
5. көзбен шолу-естіп қабылдау (қалдық пен көру және естудің нашарлауы).
6. түйсіну- естіп қабылдау (сезіну және қалдықтық есту).

Психологиялық және әлеуметтік тұлғалық даму деңгейі бойынша

Бұл классификация соқырсаңырауларды бейімдеу және дұрыс оқыту мен әлеуметтік оңалту үшін осы жіктелу құрылған.

1. Туылғаннан немесе сәби кезінен соқырсаңыраулық. Бастапқыда соқырсаңыраулар ретінде арнайы мекемеде немесе отбасында оқытылды.

2. Алдымен керендер көру қабілетін ерте жоғалтқандар. Бастапқыда саңырау ретінде оқытылып, кейін бірінші пункттегідей.

3. Алдымен саңырау көру қабілетін кейін жоғалтқандар (кеш естімей қалғандар). Сурдомектептегі жестті меңгерушілер. Көру қабілетінен айрылғаннан кейін түйсінуге бейімделіп сезімдік байланысқа қайта өзгертуді қажет етеді.

4. Алдымен соқыр, ауызша сөйлегенге дейін айырылғандар.

5. Алдымен соқыр, сөйлегеннен кейін есту қабілетінен айрылғандар. Біріншіден тифломектепте оқытылады, одан кейін қайта бейімделеді.

6. Алғашқыда естіп-көргендер кейін көру және есту қабілетінен айрылғандар.

Соқырсаңыраулар ретінде алдыңғы есту-көру тәжірибесін қолданып оқытылады.

7. Нашар еститіндер.

8. Нашар көретіндер.

Соқырсаңыраулардың ел бойынша жіктелуі

Соқырсаңыраулардың АҚШ-та жіктелуі.

1. Туылғаннан және ерте балалық шақта соқырсаңыраулық.

2. Алғашқыда көріп-естігендер, кейіннен естімей және көрмей қалғандар.

3. Кеш көрмей қалған саңыраулар.

4. Кеш естімей қалған соқырлық.

Ресейлік ғалымдардың соқырсаңырауымылқауларды типпен жіктеуі. Туылғаннан немесе ерте соқырсаңырау болған балалар. Басты мәселе - әлеуметтік тәрбие және оқыту. Туылғаннан немесе ерте балалық шақта жалпы немесе практикалық соқырсаңыраулық. Психиканың дамуы арнайы мекемелерде жағдайын жасаумен болуы мүмкін. Ең негізгі байланыс - сезім. Баладан заттарды сезінуді талап ету керек. Соколянский және Мещеряковтың айтуы бойынша соқырсаңырау балаларда шамамен іздеу рефлексі жоқ. Қоршаған ортамен ешқандайда байланыс жоқ. Баланың тамаққа, ұйқыға табиғи қажеттілігі адами қабілеттіліктің методикасы. Балаға қажетті заттарды, құралдарды өз ісіне пайдалануда қанағаттандыруды үйрету.

1 этап - баланың өз-өзіне қызмет етуді талап ету.

2 этап - баланың тәуелсіз адамдық қабілеттілікпен қамтамасыз ету (байланыс құралдары арқылы). Соколянский мен Мещеряков соқырсаңырау балаларды тәрбиелеудің басты шартын заттарды қолдану кезіндегі белсенділікті дамыту, сондай-ақ байланыс құралдарын дамыту деп есептейді. Бұл сатыда заттық функция байланыс функциясынан бөлінеді. Ең қарапайым жест қимылды меңгеру әрекеті, осындай жестер арқылы соқырсаңырау байланыс құралдарын және заттардың функцияларын түсінеді.

3 этап - жестің дактильмен алмасып отырады. Сөздің мағынасын бекіту үшін жақсы білетін жест беріліп, дактильдік сөзбен бекітіледі. Осыдан кейін жест алынып тасталынады. Соқырсаңырау дактильді сөздің құрамын түсінген кезде басқа шрифтармен танысу жүзеге асырылады (Брайл, алақан). Қарапайым сауаттылық. Дыбыс қойыла бастайды және дыбыс брайлдік әріпке сәйкес келетін дактильдік белгіге теңестіріледі. Соқырсаңырау қарапайым қимылдарды, шартты білдіретін дактильдік белгілерге брайлдік белгілерге айналдырады. Затты бейнелеуге байланысты ойлау қабілетін дамытатын сөздік тілді меңгеру қажет. Біріншіден сезіну арқылы екіншіден көріп еститін адамдармен байланыс орнату.

Балалық және жасөспірімдік соқырсаңыраулық.

Басты мәселе - көру және есту қабілетінен айрылғандарға дейінгі меңгергенін әрі қарай дамытуды жалғастыру. Толық оқшаулануда психикалық бұзылуы және деградация болады. Психиканың орасан зор өзгерісі - сенсорлы қабілетінің және өмірінің толық қайта құрылуы. Соқырсаңыраулық неғұрлым кеш басталса соғұрлым оған дейінгі меңгергені мықтылау болады.

Балалық және жасөспірімдік соқырсаңыраулықтың айырмашылығы. Балалық.

1. Ағзадағы сенсорлық өзгерістер жеңіл өтеді.

2. Сөздік байланысты қалпына келтіру азда болса мүмкін. Жасөспірімдік.

1. Сезінудегі сенсорлық жүйенің қайта құрылуы күрделі.

2. Эмоциялық - ерік сферасында айтарлықтай өзгерістердің болуы.

3. Сөздік байланыс айтарлықтай төмен, кейде мүлде жойылады.

Соқырсаңырау жасөспірім ұзақ уақытқа дейін өзін ойдың болмыстан алшақтылығынан өзін көріп-еститіндей етіп есептейді, осыдан күйзеліске ұшырайды. Жасөспірімдерге сезіну жағдайына өту қиын. Бұл жағдайда сезімдік бейнелерді оятып күйзеліс жағдайынан шығару керек. Мектеп жасына дейінгілерге жеңілдеу. Екі жағдайда да сөздік тілдік байланысты қалпына келтіруге болады.

Туғаннан саңырау және содан кейін көру қабілетінен айрылған балалар.

Коррекциялық жұмыс жүргізу қиын, себебі саңыраулар оқшауланған өздерді сияқты жест арқылы байланысатындармен ғана тілдеседі. Көру қабілетінен айрылу бұларды екі жақты оқшауландырады. Тілдесу және байланыс орнату мәселесі пайда болады. Адам үлкейген сайын қиындай түседі. Соқырлардың белсенділігін қалпына келтіруге болады.

Қиындықтар.

• Еститін және көретіндермен байланыстың мүмкін еместігі;

- Әлеммен тез байланыс орнату мүмкіндігінің болмауы;
- Соқырсаңыраулардың көріп-естітіндерге қарағанда алатын міліметтері шектеулі;
- Дағдарыстық жағдай психикалық дамудың бұзылуына алып келеді.

Әдебиет:

1. Нурманбетова У.Е. Мүмкіндіктері шектеулі балалар. Интеллектуалды даму кемістіктері //Оқулық құрал. - Қарағанды, 2003.
2. Тебенова К.С. Дамуындағы ауытқулары бар балалар/Оқулық құрал. – Қарағанды, 2003.
3. Құдиярова Г. Психиатрия. – Алматы, 1994.
4. Нурмухамбетова Т.Р. Психологиялық дамуында ауытқуы бар балалардың ақыл-ойының даму деңгейін диагностикалау. //Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент, 2009.

ӘОЖ 347.6

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУЫНДА
ОТБАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Уалиева А.Б., Ибраева К.И.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Егемен еліміздің ертенгі болашағы – бүгінгі жас ұрпақ. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіріп тәрбиелеу ең маңызды да негізгі мәселе.

Жанұя – адамзат өміріндегі өз жалғасын табатын, болашақ ұрпақ өсіп-өрбіп шығатын ұя десек, сол ыстық ұяда баланың сөйлеу тілі, қиялы мен ақыл-ойы, талабы мен көзқарасы қалыптасады. Бала дамуының кезекті баспалдағы сөйлеуге үйреніп, қоршаған ортаға деген көзқарасын білдіруі болып табылады. Баланың жеке басының, сөйлеу тілінің дамуына сөйлесу, қарым-қатынас жасау үлкен орын алады. Сөйлеу тілі қарым-қатынас жасау барысында дамиды. Қарым-қатынас адам психикасының және оның мінез-кұлқының мәдени, саналы түрде қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарады. Қарым-қатынас арқылы адам жоғары қабілеттері мен қасиеттерін аша алады. Дамыған адамдармен белсенді қарым-қатынасқа түсе отырып, ол өзі тұлға болып қалыптаса алады. Егер туғаннан бастап, адам басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігінен айрылса, ол ешқашан мәдениетті, адамгершілігі бар адам болмас еді. Әсіресе баланың психикалық дамуына үлкен әсер ететін, оның онтогенездің алғашқы этабындағы үлкендермен қарым-қатынасы. Ол осы уақытта өзінің барлық адамгершілік, психикалық мінез-кұлқы қасиеттерін қарым-қатынас арқылы қалыптастырады. Баланың дамуы қарым-қатынастан басталады. Бұл әлеуметтік белсенділіктің бірінші түрі және бұл онтогенезде пайда болады. Бала бұл кезде, өзінің жеке даралық дамуына керекті ақпарат алады. Қарым-қатынас - адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесуі және біріккен іс-әрекетте қатынастың дамуы ретінде көрініс береді. Қарым-қатынас – адамзат қатынасының күрделі түрі. Кез – келген қарым-қатынас адамдар арасындағы жай байланыс қана емес, біріккен іс-әрекет үрдісінде адамдардың бірін-бірі қабылдауы және ақпарат алмасуы болып табылады. Қарым-қатынас орнату және жалпы материалдық немесе рухани нәтижеге қол жеткізу

мақсатында адамдардың келісімге келуіне және күштерін біріктіруге бағытталған өзара қарым-қатынасы [1]. Сондықтан қарым-қатынас үрдісінде тұлғааралық өзара байланыстар анықталады.

Қарым-қатынас мәселесін талқылауда ғалымдар «қарым-қатынас» ұғымының мәнін ашуға көп көңіл бөлген. Көп жағыдайда қарым-қатынасты адам әрекетінің бір түрі ретінде, яғни «қарым-қатынас әрекеті», коммуникативтік әрекет деп қарастырып жүр. Сонымен қатар қарым-қатынасты үрдіс ретінде қарастыратын да жағдайлар ғылымда көптеп кездеседі. Мысалы, А.С.Золотнякова «Қарым-қатынас – әлеуметтік және тұлғаға бағытталған үрдіс, мұнда жеке тұлғалық қатынастармен қатар, құқықтық құндылық шарттары жүзеге асады» деп анықтама береді [2]. Оның ойынша, қарым-қатынас әлеуметтік үрдіс болып табылады және сол арқылы қоғам индивидке әсер ете алады. Яғни, қарым-қатынас коммуникативтік-реттеуші үрдіс ретінде түсіндіріліп, үрдісте тек әлеуметтік құндылық мөлшері беріліп қана қоймай, индивид пен әлеуметтік жүйенің сол құндылықтарды игеруін реттеп отыруы сипатталады.

Ғалым А.А.Бодалев өз кезегінде қарым-қатынасты адамдардың өзара әрекеттесуі ретінде қарастырады, оның мазмұнын түрлі коммуникациялық құралдардың көмегімен ақпарат алмасу құрайды деп көрсетеді. Бұл пікірге Н.И.Конюховтың берген анықтамасы жақын келеді. Ол: «Қарым-қатынас – белгі беру құралдары арқылы субъектілердің өзара әрекеттесуі, қарым-қатынас әрекет мұқтаждарына байланысты туындайды және нақты өзгерістерге, мінез-құлыққа, серіктестің тұлғалық-мағыналы біліміне бағытталады», - дейді [2].

Қазақстандық ғалым А.Құдиярова өз еңбегінде қарым-қатынас түсінігін - ортақтасу ұғымымен алмастырады және адамның тұлға болып қалыптасуының алғышарты ретінде қарым-қатынас үрдісін басты орынға қояды [2].

Қарым-қатынас арқылы ғана адам дамиды. Ең алғаш қарым-қатынастың даму баспалдағы – мектеп жасына дейінгі шақта дұрыс қалануы керек. Балаға жақсы тәрбие беруші ең алдымен ата-ана болып табылатыны даусыз. Отбасы – адам баласының дүниеге келгенінде есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ер жететін, тәрбие алатын, аса қажетті әрі қасиетті алтын бесігі. Қазақстан Республикасының Ата Заңының 27 бап 2-тармағында: Балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу, ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы деп, отбасы тәрбиесінің аса жауапты екендігі айқын атап көрсетілген.

Барлық өнеге отбасынан тарайды. Бала ата-ананың игі істерін жалғастырушы болашағы. Бала тәрбиесі - ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адамда сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршамызға мәлім. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балаларының көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы, жаман әрекетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Бала тәрбиесінің алғашқыда алтын қазығы – туған ұясы, өз отанының басындағы ата-ана тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы - ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»- дегеніндей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн. Бұл ретте тәрбиенің ешқашан үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейтіндігін ескерген абзал.

Отбасы және отбасы тәрбиесінің теориялық мәселелерін педагогикалық және психологиялық, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және физиологиялық аспектіде зерттеген ғалымдар (М.Жұмабаев, С.Қалиев, С.Әбенбаев, А.Қапенова, Ұ.Ауталипова т.б.) өздерінің зерттеулерінде қоғам өмірінде отбасы рөлінің маңызына тоқталып, бала тәрбиесінде халықтың этникалық ерекшелітерін есептеудің қажеттілігін дәлелдейді.

Қоғамдық отбасының тәрбиелік мүмкіндіктері дене және адамгершілік жағынан даму дәрежесімен белгілі дәрежеде тәрбие үшін қоғамдық болмыстың прогресін

жинақтайтын отбасылық қатынастар психологиясының ерекшеліктерімен анықталады. Қоғамда отбасы тәрбиесі қоғамдық іс деп қаралып, білім беру мекемелерімен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Бала үшін отбасы- әлеуметтендіруден басталатын алғашқы ұғым. Отбасылық қарым-қатынастар дегеніміз - бала мінез-құлқына тұңғыш әсер ететін нәрселер. Әлеуметтендірудің мақсаты - қоғамдық өмір үшін қажет белгілі бір қасиеттерге ие, және жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру. Алайда, отбасының бос уақытты елеулі әлеуметтік проблема болып қалуда, оны шешу бүгінде ата-аналардың материалдық жағыдайымен, көбінесе мәдени дәрежесімен, педагогикалық білімділігімен, өзара татулықпен, қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерімен шешіледі.

Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Бұл – ақиқат. Бесік жыры бала жанын нұрға бөлейді, тазалыққа үйретеді. Отбасы – тәрбие ұясы. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің, - дейтін сөз де соған байланысты айтылған. Ұлы орыс педагогы А.С.Макаренко: «Біздің балалар – біздің қарттығымыз. Жаман тәрбие – болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз»- деген.

Бала тәрбиесінде ата-ана өздері тарапынан кеткен кінәні ескермей айыптыны іздейді. Жас баланың алғашқыда алға қойған арман, мақсаты болмайды. Оны есіне салатын, ой туғызып арманға жетелейтін біздер – үлкендер. Ең дұрысы, бақылау, баламен әрқашанда қарым-қатынаста болып тұру. Уақыты жоқ ата-ана біраз уақыт өткеннен кейін баласының өздерінің тыңдамайтынын, т.б. жат мінездерін байқайды. Одан кейін амалы таусылып, кейін баланы ұрып-соғуға дейін баратын ата-аналар да аз емес. Балаға деген ондай көзқарас баланың жан дүниесін жаралайды, өмірден түңілдіреді. Бара-бара бала тұйықталып, сұраққа қысқаша жауап беретін болады, көңіліне өшпес өкпе пайда болады. Өзін-өзі төмен бағалайды. Одан кейін баламен не болатыны түсінікті. Рақымсыздық көңіліне қаяу түсірумен бірге, өсе келе ата-анасына, өз ортасына мейірімсіздігін көре бастайды. Ұяда не көрсе – ұшқанда соны іледі, үлкенді сыйлау, дөрекі сөз айтпау, біреуді сырттай жамандамау сияқты әдеттерді де бала жанұяда өз ата-анасынан үйренеді. Тәрбиелеу тек бір сөзбен немесе айтқанын істеу арқылы емес, жанұя мүшелерінің өзара сыйластығы, тума-туысқан, көрші-қолаңмен түсінікті болу, сөйлеу мәнері арқылы қалыптасады.

Мәселен, мектеп жасына дейінгі мезгіл – баланың адамдар арасындағы қарым-қатынасты танып білетін кезі. Бала 5-6 жаста өте сезімтал келеді. Үйдегі жайсыздықтар: әке мен шешенің нашар қарым-қатынасы баланың бойында теріс мінездерді қалыптастырады. 5-7 жаста бала басқа адамдардың, көркем шығармадағы кейіпкерлердің, құрдастарының қимыл-әрекеттеріне баға беруге даярлана бастайды. Бұл – жақсылық пен жамандықты, достықты, жәрдем беруді, т.б. мәселелерді байқаған кезі. Жанындағылармен қарым-қатынаста әдеп ережелерін сақтап, өзіне ұнаған балаға ойыншығын беріп, онымен ойнап, жәрдемдеседі. Ал кітап оқып бергенді әбден жақсы көреді. «Бұл не?», «Ол не?» деген сұрақтарын беруден жалықпайды. Ата-ана осының бәріне шыдап, бәріне толық жауап беруге тырысуы тиіс.

«Кітап – асыл қазына» деп бекер айтылмаса керек. Ауыз әдебиеті шығармаларын балаға күнделікті оқып беру (ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, т.б.) сөйлеу тілінің қалыпты мөлшерде дамуына үлкен әсер етеді. Ары қарай ол әдебиет пен өнерге деген сүйіспеншілікті туғызады. Ол адамды өмір бойы жетелеп жүретін жақсы қасиет болып табылады. Бала ертегіні қызығып тыңдап, ал үлкейген кезде оны өзі оқып, кейіпкерлердің әрекетіне баға беріп отыру үшін ата-ана баланың кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту керек. Теледидарға қарағанда кітап баланың тілін дамытуда, ойлау, қиялдау сезімдерін арттыруда үлкен қазына болып табылады. Өкінішке орай, көп ата-аналар осыны ұмытып кеткен, ал

ертегіні тыңдап ұққан бала сол ертегідегі кейіпкерлер өмірі бойынша өмір сүре бастайды, сол кейіпкерлермен бақталасуға тырысады. Олардың бойындағы батырлық, мейірімділік сезімдерін бойына қабылдайды. Ертегіні оқып қана қоймай, мазмұнын баяндау кезіндегі сұрақ-жауап әдісі баламен тікелей қарым-қатынас жасауға көмегін тигізеді және сөйлеу тілін арттырады. Ертегілерді, аңыз әңгімелерді, өлеңді оқу, айту отбасылық дәстүрге айналу керек. Өйткені бала ондай жағыдайларды ұнатады, үлкендер тарапынан арнайы көңіл бөлгенін қалайды. Баланы міндетті түрде оқыған шығарманы талдауға, жаман мен жақсыны айыра білуге, кейіпкерлердің әрекетін әңгімелесуге, ертегідегі оқиға мен шын өмірдегі әрекеттерді салыстыруға тарту керек. Ертегі өзі-ақ баланы қызықтырушы үлгі болып табылады. Ертегіні білген бала қиялдау, армандау сезімдеріне бөлене алады. Барлық отбасы мүшелері бірге дауыстап оқып, концерт ұйымдастыру, ертегі құрастыру, хормен ән айту сияқты тәсілдерді әдетке айналдырған ата-аналардың балаларына қарым-қатынас жасау ешқандай қиындық тудырмайды. Бұндай балаларға болашақта басқа балалармен араласу оңайға түседі. Яғни бала тәрбиесімен ата-ана ғана емес, сондай-ақ бүкіл отбасы ұжымы болып атсалысуы керек.

